

*Мақсатым – тіл ұстартым,
өнер шайпақ...*
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

4/2020

СӘУІР

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

МАЗМҰНЫ

Тарих тағылымы

А. САЛҚЫНБАЙ. Телжан Шонанұлы шапағаты: үндестік заңының анықтығы мен ұлттық танымға жақынддығы.....	3
<u>Өнермен өзектес өмір</u>	
Қ. ҚИЫСХАНҰЛЫ. Ғалымдығы мен ұстаздағы ұштасқан ақын (Серікбай Шонанұлы 75 жаста!).....	14
<u>Абай әлемі</u>	
М. ӘБЛУҰЛЫ. Абай – ауыз әдебиетін жинаушы.....	24
Ұ. С. СЫЗДЫҚОВА. Абай өлеңдеріндегі ұлттық құндылық.....	31
Н.ЖАНҒОЗИНА, А.ТӨЛЕГЕНОВА, Г.ҚЫРАУБАЕВА. Абайдың «Бойы бұлған» сатирасы.....	37
С. Қ. НУСУШПАЕВА. Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған әдеби кеш.....	46
<u>Ұлттық тәлім-тәрбие: рухани ұыз</u>	
Н.А.ФАТИХОВА, Г.Е. КАРИБАЕВА, Р.Б. ОРДАБАЕВА. Халық педагогикасы арқылы қыздарды отбасылық өмірге дайындау мәселесі.....	52
<u>Сауаттылық сыры</u>	
Б.Т. МУРЫНБАЕВА. “Айман-Шолпан” жырының көркемдік ерекшелігі.....	58
<u>Білікті маман тәжірибесі</u>	
Г. С. НҰРМАНОВА. Қалыптастырушы бағалау – оқу үдерісін дамыту құралы.....	69
<u>Авторлық бағдарлама</u>	
Б. Ғ. ҒАЛЫМЖАНОВ, Мәшһүртану (7-9 сыныптарына арналған <i>элективті курс бағдарламасы</i>) жалғасы келесі санда	75
З.Т. МУХАМЕДЬЯРОВА. Жетінші сыныптарда риторика элементтерін оқыту.....	84
<u>Мұрағаттар дүниесінде</u>	
Ж.А. САҒЫНОВА. Балалар фольклорының жиналуы мен зерттелуі.....	90
<u>Ізденген жетер мұратқа</u>	
А. ҮСЕЙІҰЛЫ. Әдебиет – әлем тәрбиешісі.....	97
А. АЛПЫСБАЙҚЫЗЫ, С.АЙБЕРГЕНОВА. Т.Айбергеновтің шағын проза жанрындағы қаламгерлік шеберлігі.....	104
<u>Атаулы мектеп тынысы</u>	
Ж.А ҚАРАТАЕВА. Мұғалім мәртебесі – мемлекеттің мәртебесі.....	113
<u>Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс</u>	
Б. ЧИНБЕКОВА. Сәбит Мұқановтың “Сұлушаш” поэмасындағы Алтай мен Сұлушаш бейнесі.....	115
А. Ж. КАЙРЛИЕВА. С.Торайғыров “Шәкірт ойы”, “Білім – жарық нұр”.....	122
М. К. ЖҮЗТАЕВА. Алатау баурайында.....	128
<u>Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс</u>	
А.С. ШАРПЕКОВА. Негізгі және туынды еліктеу сөздер.....	132
С.Т. ДҮЙСЕНБЕКОВА. Мен інімді жақсы көремін.....	138

Тарих тағылымы

А. САЛҚЫНБАЙ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
филология ғылымдарының
докторы, профессор.
Алматы қаласы

ТЕЛЖАН ШОНАНҰЛЫ ШАПАҒАТЫ: ҮНДЕСТІК ЗАҢЫНЫҢ АНЫҚТЫҒЫ МЕН ҰЛТТЫҚ ТАНЫМҒА ЖАҚЫНДЫҒЫ

Аңдатпа:

Мақалада алаш қайраткерлерінің бірі Телжан Шонанұлының еңбектеріндегі жазу үлгілері талданады. Күнделікті жазып, айтып, естіп жүрген сөздеріміздің әуезділігі азайып, қатайып, тіліміздің өн бойына сіңген дыбыстық, сөздік, лебіздік гармония естілмей бара жатқаны анық. Ал алаш зерттеушісі Т. Шонанұлы жазған оқулықтар мен оқу құралдарындағы жазу үлгілері лебізге негізделіп, тілдегі гармония жақсы сақталып жазылған. XX ғасыр басындағы қазақ лебізіндегі үлгінің қандай болғанын, лебіздегі гармонияның көрінісін, қазіргі дау туғызып жүрген и мен у-дың қалай жазылу керектігін, кірме сөздерді өз тілімізге бейімдей, сингармонизм заңына бағындырып, икемдеп жазудың үлгісін осы ғалым шығармаларынан табамыз.

Мақалада қазіргі тіл ғылымының басты бағыт-бағдарын айқындайтын ілім де осы лебізге сүйенуді қолдайтындығы зерделенеді. Сөздің лебізде айтылу үлгісі, оның жұмсалудағы қызметі – бүгінде басты зерттеу нысаны ретінде ғана танылмайды, сонымен бірге, сөйлеу заңдылығы барлық деңгейлерде ескерілу керектігі нақтыланады. Сондықтан латын әліпбилі қазақ жазуының

емлесін жазып, әліпбиін түзгенде Т. Шонанұлы жазған оқу құралдарының да нақты тәжірибелік тұрғыдан маңызы ерекше болмақ.

Түйін сөздер: латын әліпбиі, емле мәселелері, үндестік заңы.

Summary:

The article analyzes the writing samples of works of the Alash figure Telzhan Shonanuly. It is clear that the words we often hear are not used as how they are supposed to and there is a lack of harmony in the sound and speech of those words. Notwithstanding, the language's harmony is saved the textbooks and study materials written by the Alash writer T. Shonanuly. Thus, we can find how the Kazakh speech was back in the 20th century, the scene of harmony in speech, how the letters “u” and “y” should be written (which is a problem nowadays) and finally, adapting the input words via the synharmonism law from the works of this scientist.

In the article, the teachings that define the main trends of modern linguistics are also studied to support this idea. An example of how the word is spoken is its recognition of the fact that its spending activity is now regarded not only as a major research object, but also that the legality of the speech should be taken into account at all levels. That is why the Latin alphabet was written by the Kazakh spelling and the alphabet. The textbooks written by Shonanuly will be of particular practical significance.

Key words: latin alphabet, spelling problems, the law of harmony.

Алаш қайраткерлерінің қалың қазаққа арнап жазылған ғылыми зерттеулері мен мақалаларын оқып отырғанда, кез келген қазақ баласының өзгеше күй кешері анық. Неге? Бәлкім бұл елім деп ет жүрегі елжіреген алаштықтардың тарихи тағдырының трагедиялы болғанынан ба, немесе, еңбектерінің қолымызға кешеуілдеп тиіп, сағына көріскенімізден бе, кім білсін...

Профессор О.Жұбаева құрастырып шығарған Телжан Шонанұлы еңбектері қолымызға тиіп, таныса бастағанымызда, біздің таңданысымыз бен ризашылығымыз, ең алдымен, атаулар мен тілдік құрылымдардың жазылу үлгісіндегі ерекшеліктерде болды [1].

Кеңестік кезеңдегі тілдік саясаттың салқыны (бәлкі, сұрқиялылығы) әбден сіңіп, тілдің жұтандап бара жатқанынан бейхабар ұрпақ қалыптасып қалған біздің мына қоғам үшін, соның ішінде еуропалық грамматология ілімін бойына әбден сіңіріп алған ғалымдарымыз үшін де Телжан Шонанұлының жазу үлгісі – орфографиядан жұрдай, қазіргі грамматологиялық ілімді меңгермеген, ескі, тіпті жат болып көрінуі де ықтимал.

Алайда, Телжан жазған ғылыми және көпшілікке арналған деректерді оқи бастағанда, одан жылы да жақын леп сезесіз. Мұндағы кәнігі де табиғи тілдік болмыс бойыңыздағы ұлттық кодты оятып, таным тереңіне сүйрей жөнеледі. Жатық тіл мен жатық сөздер ән әуеніндей елітеді. Бұл сірә, сол Радлов сынды ғалымдарды таң қалдырған сөздегі ГАРМОНИЯ болса керек. Ал бұл гармония сыры неде?

Шонанов Телжан өмірбаяны жөнінде аз-кем сөз

Телжан Шонанұлы – ең алдымен, тіл білімі ғалымы, доцент. Ғалымның 1894 жылы Торғай облысы Ырғыз уезі Аманкөл болысы (қазіргі Ақтөбе обл. Ырғыз ауд.) №4 ауылда туғандығы, 1908-1912 жылдары Ырғыздағы орыс-қырғыз училищесінде оқып, 1912 жылы Орынбордағы Мұғалімдер институтына түскені, мұнда 4 жыл оқып, 1916 жылы мұғалім болып шығатыны, 1920 жылға дейін Тоқырауын болысындағы №3 ауылда ұстаздық еткені туралы ақпараттар зерттеушілер еңбегінде толық келтірілген [2]. Телжан Шонанұлы 1917 жылы I жалпықазақ съезіне де, II жалпықазақ съезіне де шақырылады, кейін алашорда қайраткерлерімен идеялық бірлікте болып, алашорданың

Білім комиссиясының мүшесі болып сайланады. 1920 жылы Қазақ Автономиялық Республикасы құрылғанда, Халық ағарту комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың маманы қызметін атқарады. 1924 жылы 12-17 маусымда Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының I съезіне қатысады, ғылыми ойларымен бөліседі. 1926 жылы тамызда Бакуде өткен Түркологтардың бүкілодақтық съезіне А.Байтұрсынов, Н.Төрехұлов, Е.Омаров, Б.Сүлеев, Ә.Байсейітов сынды қайраткерлермен бірге қатысқан. Съезден кейін латын әліпбиін насихаттайтын республикалық комитет құрамында болған.

1935 жылдан бастап 1937 жылы саяси тұтқын ретінде ұсталғанға дейін Қазақ мемлекеттік университетінде (қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) қазақ тілінің доценті болып еңбек еткен. ҚазҰУ жаңадан университет болып ашылғаннан кейін, тіл және әдебиет факультетінің бастапқы іргетасын қалаушылардың бірі Телжан ағамыз болған екен. Доценттік ғылыми атағы бар болған. Бұл біздер үшін, әсіресе, ҚазҰУ-ліктер үшін, әлі де зерттеуді қажет етіп тұрған қымбат тарих.

Зерттеушілердің көрсетуінше, 1923-1937 жылдары аралығында 32 кітап (оның ішінде оқу құралы мен оқулық та бар), 72 мақала жазған. XX ғасыр басындағы тарихи оқиғалар мен саяси жағдайларды еске алсақ, бұл орасан табандылықпен жазылған қыруар еңбек екенінде дау жоқ.

Т. Шонанұлы қаламына тән белгі – лебіздегі гармония.

Дүние болмысы мен руханият мазмұны өзгеріссіз тегінде, алайда сол мазмұн түсініктері мен танымдық мәнінің адами формалары заманға сай өзгеріп отыратыны рас. XXI ғасырдың желкенімен алға қарай білдірмей жылжып бара жатқан уақыт тіл мен лебіздің кеңістігіндегі көкжиектерге де өз ізін жасырмай салып, танымдағы ағылған ойдың өзіндік жаңаша бір таңбаларын үсті-үстіне жазуда. Бұл тарихи даму үдерісінде ғаламдық ашықтық пен динамизм анық аңғарылады. Мұның бір көрінісі, әрі белгісі – қазақ

ұлтының латын әліпбиіне өтуге бет алуы. Латын әліпбиіне өтудің негізінде, менің түсінігімде, рухани жаңғыру жатыр. Яғни алаш көсемдерінің іргелі жолын бүркемелеп, сталиндік идеямен саналы түрде тұншықтыра, көзімізді тұмшалай отырып енгізілген кирилл таңбаларынан бойды алыстату – бұл сол таңбалардан алыстау ғана емес, тілдегі жат әріптерден, жат сөздерден (туған тілімізге икемдеу арқылы), сол арқылы еніп кеткен кеңестік таным-түсініктерден арылу да. Күнделікті жазып, айтып, естіп жүрген сөздеріміздің әуезділігі азайып, қатайып, тіліміздің өн бойына сіңген дыбыстық, сөздік, лебіздік гармония естілмей бара жатқанын бәріміз біліп, естіп жүрміз. Өзіміз гармониясыз айтуға әбден дағдыланып та алдық. Неге дағдыланбайық, мектепте солай үйретсе, көшеде солай сөйлесек, жоғары оқу орындарында соны дұрыс деп бағыт беріп жатса...

Ал рухани жаңғыруды бастау үшін, ең алдымен сөзімізді дұрыс айтып, дұрыс жазуды оңдау қажет. Мұның бағыт-бағдарын іздеудің де қажеті аз, ол бізде БАР. Тек өзімізді тұмшалап тұрған (мүмкін саяси) сауатсыздықтан арылып, рухани жаңғырсақ болғаны. Елбасының сілтегені де, елдің күткені де осы рухани жаңғыру ғой.

Рухани жаңғырудың басты тетігі қазақ тілінде дұрыс сөйлеу, дұрыс жазу десек, мұның нақты үлгісі, әрі жолы, жөні - алаш қайраткерлерінің мұрасында тұнып тұр. Ақымет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхаметұлы көрсеткен жол бар.

Телжан Шонанұлының бестомдық еңбегінің беташар алғашқы томы – ***«Шала сауатты ересектер үшін» оқу құралы.*** «Хрестоматия для малограмотных взрослых» атты еңбекпен басталыпты. Оқу құралының алғысөзінде ғалым өз мақсатын былай белгілейді: *«Бұл кітап сауатсыздықты жойатұн алты айлық мектепті бітірген, шала сауаттылар мектепте оқитын ересектерге арналып жазылған. Кітап, қолдан келгенше, комплекс жолымен жазылған. Комплекске келерлік ірі теме жеті: мал бағу, егіншілік, кәперетсіе,*

саяси сауат, Ленин өмірі мен ісі, төңкеріс мыйрамдары, есеп білдіргіш. Бұл ірі темелерді ұсақтап бөлуге де келеді. Әр теменің ішінде керекті жерлерінде есеп, табиғат тану жайынан мағлұматтар қыйыстырылып отырады» [1].

Хрестоматиялық жинақ болғандықтан, негізінен, шағын мәтіндер алынған екен, олардың таңдалуы да таңдай қақтырады. Ғалым шала сауатты адамға сауатын тереңдету үшін не керек екенін нақты біледі, сондықтан қызығушылығының деңгейін тап басып, дәл анықтаған. Келтірілген мәтіндер ауыл қазағына қажетті деректер, көкірек көзін ашуға бағытталған саяси мәнді ақпараттар.

Ал жазу үлгісі айтылымға негізделіп, үндестік заңын бұзбай, табиғи тілдің икеміне көндірілген.

Мысалы,

Қазақстанда мал бағу

Шаруашылығының қай түрі басымдығына қарай, Қазақстанды үш ауданға бөліуге болады: 1). Әр қалық егінші аудан. Мұнда 387,400 шаршы шақырым жер бар. Бұл бүтін Қазақстан жерінің 20% болады. 2). Орталық – мал бағып-егіншілік қатар жүргізетін аудан. Мұнда 360,200 шаршы шақырым жер бар. Бұл бүтін Қазақстан жерінің 19% болады. 3). Оңтүстік – көшіп жүріп мал бағатын аудан. Мұнда 1,192,400 шаршы шақырым жер бар. Қазақстан жерінің 61% болады. Қазақстан елінің дені (56,6%) егінші ауданда тұрады. Онан соң халықтың көп тұратын жері (23,6%) оңтүстік мал бағатын аудан. Мал мен егінді қатар жүргізетін орталық ауданда ел аз (19,6%) тұрады. Арқалық егін салатын аудандағы үйлердің 87,2% орыс, 12,8% қазақ. Орталық аудандағы үйлердің 89,7% қазақ, оңтүстіктегі үйлердің 98,3% қазақ. Егіндік аудан халқының көбі орыс болып шығады. Егін салатын ауданда кесіптің бір мықтысы – мал бағу. Орталық ауданда егіннен мал бағу күшті. Оңтүстікте ел тек мал бағып ғана күн көреді. 1920-жылы бүкіл Қазақстандағы 13,192,370 бас малдың 7,856,220 басы (59,6%) көшпелі

қазақтікі болған. Мал баққызатын Қазақстанның ауасы, топырағы, шөбі, жолы мен базары іреті [1].

Немесе:

Лене оқиғасы

Сібірдің «Тайға» деген қалың орманы арасында Ленеалтын ауданы жатыр. Бұл аудан Ленинградтан 7 мың шақырым. Лене өзені бетіндегі жолдан 500 шақырым. Бұл жер капитал қожалығына қақы жоқ болған. Пальйтсіеде, сотта, әскерде, мектепте – қысқасы барлық сайасат қожалық лене серіктігіндегі алтыншы байлар қолында болған. Мұндағы алтыншылар қандығы жалғыз Петіргірад қандығы түгіл, шет мемлекеттер жыйангерлігі мен тұтасып жатқан. Бұл жерде басы байлы тұрмыс күштілігі қалмаған. Үлкен түрлері жұмысшылардың қатын-қыздарын қалай болса солай бйлеп жүрген. Забастөпкі алдында лене серіктігі жұмысшылардың көбін ауырлата берген; ақысын кеміткен, айып салыуды күшейткен, тамақты қымбаттатқан, жұмысшылардың пәтер жағын қыйындатқан. Тағы сондай таршылықтар істеген.

Жұмысшылар шыдай алмаған. 1912 жылы пыйбырал жыйырмасында жұмысшылар мынадай тілек көрсеткен: **1).** он сағат орнына күніне сегіз сағат жұмыс болсын, **2).** ақы артылсын, **3).** жұмысшылар тек жұмысшылар кемесііесі ырзальғымен жұмыстан шығарылсын, **4).** айып салыу қойылсын. **5).** зауыт жамандығынан ауырып, жарақаттанса, жұмыс қылмаған күніне де жұмысшылар ақша алсын, **6).** үйлі баранды жұмысшылар пәтері бойдақтарінікінен бөлек болсын тағысын, тағылар.[1].

Бұл үзінділерден нені аңғарамыз?

- 1.** *XX ғасыр басындағы қазақ лебізі – осы.*
- 2.** *Сөйлеудегі гармония сақталып жазылған.*
- 3.** *Қазіргі дау туғызып жүрген и мен у-дың қалай жазылу үлгісі көрсетілген. Әрі осы үлгіні алаш ғалымдары түгелдей қолдаған да қорғаған.*
- 4.** *Кірме сөздерді өз тілімізге бейімдей, сингармонизм*

заңына бағындырып, икемдеп жазудың үлгісі бар.

Ал, ең бастысы, тіл ғылымының бүгінгі басты бағыт-бағдарын айқындайтын ілім де осы лебізге сүйенуді қолдайды. Сөздің лебізде айтылу үлгісі, оның жұмсалудағы қызметі – бүгінде басты зерттеу нысаны ретінде ғана танылмайды, сонымен бірге, сөйлеу заңдылығы барлық деңгейлерде ескерілу керектігі нақтыланады. Қазақ тіл білімінде де сөйлеу прагматикасы, қызметтік грамматика белең алып зерттеле бастағаны белгілі.

Бүгінгі тіл ғылымының басты бағыты сөйлеу тілін зерделеу. Яғни, Тіл – “халықтың жинаған рухани қазынасының жиынтығы, соның бәрін сақтайтын қоймасы” болса, сол “қоймадағы” таңбалардың әртүрлі мақсатта жұмсалуды, сөйлеуші мен тыңдаушының арасында болатын әңгіме-дүкеннен бастап, ғылыми, көркем шығармаларда, ресми құжаттардағы қолданысы – лебізді құрайды. Лебіз – тілдегі бірліктердің сөйлеу барысында қолданысы, жұмсалуды; белгілі бір уақыт аралығында жазбаша немесе ауызша түрде әр алуан, әр типті ақпарат беру құралына айналуы. Тіл мен лебіз адамзаттық ортақ феномендік құбылыс бола тұра, бір-біріне қарама-қарсы қойылады. Тіл – қарым-қатынас жасаудың құралы, лебіз осы құрал арқылы сөйлеуді жүзеге асырады. Суретшінің құралы – қалам, қағаз, салынған көркем сурет сол құрал арқылы орындалады; тілдік бірліктер де – осы сияқты құрал, ал оның қолданыстағы көрінісі, мәтін арқылы жеткізілген пікір – лебіз болады.

Лебізде сөзді әркім өзінің ыңғайына сай, танымдық, біліктілік, білімдік деңгейіне қарай субъективті көзқарасын айту үшін қолданса, тілдегі бірліктердің мағынасы оны жұмсаушы үшін объективті, сөздіктегі мағынасы халықтық таным деңгейінде жасалғандықтан, ортақ ұғымды таңбалайды.

Лебіз адамдар арасында коммуникативтік қарым-қатынас орнатады, сондықтан ауызша лебізде сөйлеу

барысында дауыс ырғағы, темп, тембр ерекшелігі, дауысталуы, артикуляциялық анықтығы, акцент, интонация т.б. қатынасады. Лебізде адамның сезімі, ой-өрісі, талап-талғамы, талант-толғамы, дүниетанымы, көзқарасы көрінеді. Лебізге тек ауызекі сөйлеу үлгісі ғана еніп қоймайды, қазіргі ғылыми әдебиеттерде көрсетіліп, дәлелденіп жүргеніндей, сонымен бірге жазбаша жазылған кез келген ақпараттық мәтін (ғылыми, мәдени, ресми, көркем т.б.) лебіз ретінде танылады.

Атақты Мәшһүр Жүсіп: “Адамның қара бойында үш асыл бар: бірінен бірі өтеді. Сол үш асыл болған нәрсесіне ие болған жанға екі дүниеде еш пәле жоқ. Бірі – көз, бірі – тіл, бірі – көңіл. Көз – көңілдің, қол – ауыздың басшысы. Көз қалай бастаса, көңіл солай кетеді. Тіл – көңілдің тілмашы, көңіл не бұйрық түсірсе, тілмен түсіреді”, – деп жазған екен [3]. Ғалымның мұндағы “тіл” деп отырғаны қазіргі ғылыми түсінікпен “сөйлеу”, “лебіз” болса керек. Тіл мен көңіл арасындағы байланысты қазақы түсінікпен терең топшылаған Мәшһүр Жүсіп тұжырымы лебіз бен ойлау арасындағы байланысты анықтайтын қазіргі батыстық ғылымда айтылатын ойлармен тең.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін алғаш негіздеген Ахмет Байтұрсынұлы “Тіл құрал” еңбегінде сөйлеуді ерекшелеп бөліп алуының үлкен теориялық мәні бар. Автор тіл дыбыстарын тілдің негізінде емес, сөйлеудің негізінде түсіндіреді. Сөйлеудің сөйлемнен, сөйлемнің сөзден, сөздің буыннан, буынның дыбыстардан тұратынына ерекше мән беріп, лебіздегі ішкі құрылымдық жүйені нақты, ғылыми дәлдікпен айқындайды.

Әр дыбыстың сөз басында, сөз ішінде, сөз аяғында келу тәртібі мен естілу жолына ерекше назар аударады. Дыбыс табиғатының бұлайша зерттелуі қазіргі қазақ дыбыстарының қолданыстық мәнін анықтауда аса маңызды да, функционалдық (қолданыстық) фонологияның

зерттелуінің басы саналуға тиіс.

Осындай қисынды қағидаттардың практикалық қолданысын ұсынып отырған Телжан Шонанұлы еңбектерінің маңызы, әрине, ерекше.

Ғалым еңбектерінде танымдық, тағылымдық бағытта берілетін ақпараттар мол. Біріміз жадымызда сақтасақ, біріміз ұмытып қалған көптеген қазақы ұғымдарды қайта бір жаңғыртып алсақ мақұл болмақ.

Т. Шонанұлы жазған «Орыстар үшін қазақша әліппе» 1931 жылы Қазағыстан баспасынан (Одобрено УМС НКПроса КАССР для русских школ в качестве учебника для I года обучения казакскому языку.) және Қ. Төлебайұлымен бірге жазған «Үлкендер үшін қазақ тілінің оқулығы» Жиенбаев пен Талжановтың редакторлығымен 1934 жылы жарық көрген. «Білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз» демекші, біз өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытуды кеше ғана бастадық деп жүрсек, алаш қайраткерлері оны 100 жыл бұрын бастап, оқу құралдарын шығарған. Мұнда алдымен суреттерді берумен басталып, бірден жалаң сөйлемдер арқылы оқытылады:

Мысалы: Бала арбада, ара балада.

Ата аман. Ата далада. Ата, мал аман ба? Папа, мама, апа далада малда. Бала арбада. Ата далада. Папа малда. Ара апада. Ата, ара ал! Папа арба ал. Ата, папа, мама, апа, аман ба? – аман. Мал аман ба? – Мал аман. Бала аман ба? – Бала аман. Апа арбада ма? – Апа арбада. Ара балада ма? – Ара балада.

А-та. Па-па. Апа. Папа.[1].

Тақырыптың таңдалуы да, реті де (отбасы, таныстыру, мамандық, тағам, мектеп, табиғат т.б.), берілу тәртібі де, оқыту әдістемесі де қазіргі оқыту жүйесіне толық сәйкес келеді екен.

Мықты ма? Мықты! Дәл қазіргі жетілдірілген бағдарлама бойынша оқыту тәсілдері де осы екенін мұғалімдер жақсы

біледі. Демек, жетілдірілген бағдарламаларды сырттан әкелмей-ақ, Т. Шонанұлы еңбектерін тираждап шығарсақ, насихаттасақ жеткілікті.

Т. Шонанұлы дауысты дыбыстар ретінде а, е, о, ө, ұ, ү, ы, і, ә; дауыссыз дыбыстар ретінде Б, ш, ж, д, г, һ, й, к, л, м, н, ң, п, қ, р, с, т, у, з – көрсетеді. Барлығы: 9 дауысты, 19 дауыссыз [114-115-беттер]. Кенестік кезеңдегі қазақ ғалымдары зерттеулерінде дауысты мен дауыссызды бөлуде көп айырмашылық болғаны бұрын да жазылып жүр. Мұндай адасушылық сол көз алдымыздағыны көре алмаудан емес, көріп тұрғанымызды айта алмаудан шыққан кемістік болса керек. Қазіргі ұсынылып жүрген әліпбиді де осылай түзесек, қане!

Бастысы, жазу үлгісінде дыбыс үндестігі сақталады, у және и дыбыстарының таңбалануы қосарланып беріледі. Бұл түсінікті де, өйткені автор и және у дыбыстарын дауыссыз ретінде танығандықтан, буын құраушы Ұ және Ү дыбыстарын жазуға мүдделі. Тіл табиғаты да осыны талап етеді.

Т. Шонанұлының әдістемеге қатысты жазған еңбектері мол, арнайы зерттеуді қажет етеді.

Бұл мақалада ғалымның лебіздің табиғатын танудағы тәжірибеге негізделген маңызды ойларын тұжырымдап, жазу үлгісіндегі гармонияны көрсетуді мақсат еттік. Қазақ жазуы лебіз арқылы жүйеленсе, тілдің шұрайы сақталып, әуезділігі артпақ. Жазу арқылы негізделетін ұлттық кодты сақтаймыз десек, алаш қайраткерлері ұсынған жазу үлгісін қабылдау жөн.

Әдебиет:

1. Шонанұлы Т. 5 томдық шығармалар жинағы, – Алматы: – Мемлекеттік тілді дамыту институты. – 2015.
2. Қамзабекұлы Д. Руханият. – Алматы, 1997.
3. Көпейұлы М. Ж. Шығармалары. – Павлодар, 2007. – 87б.

Қ. ҚИЫСХАНҰЛЫ,
“Қостанай таңы” газетінің
меншікті тілшісі.
Қостанай қаласы

ҒАЛЫМДЫҒЫ МЕН ҰСТАЗДАҒЫ ҰШТАСҚАН АҚЫН

(Серікбай Оспанұлы 75 жаста!)

Заманында *«Сағындым Алматымды»* өлеңін жазып бір жарқ еткен ақын, Жамбыл және «Алаш» Халықаралық әдеби сыйлықтарының лауреаты, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ондаған жыр жинақтарының авторы Серікбай Оспанұлын қазір ел сөз зергері ғана деп емес, сан қырынан таниды. Ол – ғалым, профессор, ұстаз, палуан, ағаштан түйін түйген ұста, тіпті, әншілігімен қоса кейінгі жылдары сазгерлік қырымен талайды таңдай қақтырғанын қайтесіз! Бірнеше пьесасы театрда сахналанғанын қосып қойыңыз. *«Серікбай айтыпты» деген талай әзілдері жұрт аузында.*

Серікбай Оспанұлы Қостанай облысының Жангелдин ауданына қарасты небір дүлдүлдерді дүниеге әкелген Шилі кеңшарында туған. Әнші, күйші, ақын, шешен, шежіреші әкелі-балалы Әбіқай мен Ахметхан (Әбіқаев), көрнекті ақын Қайнекей Жармағанбетов, табиғи талант иесі, ақын Бидалбек Қарақұлов, саз маманы, домбырашы, әнші, ұлттық рухани байлықтың жанашыры Күләндә Бөкешқызының кіндік қаны тамған киелі жер.

Биыл мерейлі 75 жасқа толып отырған сегіз қырлы ағамыздың ғалымдығы мен ұстаздығы хақында сөз

қозғамақпыз.

ҒАЛЫМ

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры Серікбай Оспанұлының ғалымдығы туралы академиктер Серік Қирабаев, Рымғали Нұрғалиев, филология ғылымдарының докторлары Тұрсынбек Кәкішев, Темірбек Қожакеев, Әбілфайыз Ыдырысов, Өмірхан Әбдіманов, Бауыржан Жақып, Серік Мақпырұлы, Дандай Ысқақұлы қатарлы профессорлар жылы пікірлер білдірді. Мәселен Ақселеу Сейдімбек *«С.Оспановтың диссертациясы қазақ журналистикасына қосылған сүбелі үлес. С.Мәуленовтің журналистік қызметі толық зерттелмеген, ішінара мақалалар, ойлар айтылып келгені болмаса, оның шығармашылық зертханасын ашатын келелі зерттеу болмағаны анық.*

С.Оспановтың бұл еңбегі сол олқылықтың орнын толтыратын құнды шығарма екені сөзсіз», – десе, Д.Ысқақұлы «Журналистикадағы Сырбайдың шеберлік жолы – барша қазақ журналистикасының жолы болып шыққанын С.Оспанов нақтылы фактілермен дәлелдейді, оның заңдылығын теорияға қабыстырады» деген қорытынды айтады. А.Егеубаев «Сырбай Мәуленовтің журналистика жанрлары саласындағы мұрасы аса бай, құнарлы. Ақынның суреткерлік сымбаты жайында талай-талай зерттеулер, монографиялар жазылса да, журналистік шығармалары арнайы ғылыми-зерттеу сарабынан өтпеген еді.

Диссертацияда Сырбай Мәуленовтің қаламгерлік лабораториясы жайлы бай да маңызды әртүрлі сипаттағы материалдар түзілген. Сонымен бірге тұлғалы қаламгердің шығармашылық жолынан қазақ журналистикасының даму белестері бедерлі көрініс береді.

Зерттеушінің журналист қызметінің табиғатын терең танитындығы күмәнсіз. Оны ғылыми талдау барысында орынды қолданған да. Сырбай Мәуленов публицистикасындағы, очерктеріндегі кісілік, әлеуметтік проблемалар, тақырыптардың аралуандығы білгірлікпен сарпаталады. Сонымен бірге, халықтың сөз өнерін, мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер, мақалдарды қолданудағы жазушының хас шеберлігін де алдыңғы қатарға шығаруға дәйектеуі орынды шешім» – деген баға беріпті.

Зерттеуші Серікбай Оспанов Сырбай Мәуленовтің публицистикалық шығармалары мен журналистік қызметін тұтас алып қарастырды. **«С.Мәуленов – журналист, публицист» атты** диссертациялық жұмыстың **«С. Мәуленовтің журналистік қызметі», «С. Мәуленовтің публицистік ерекшелігі» тараулары мол материалмен қамтылған. Онда Сырбай ақынның журналистік қызметі 3 кезеңге бөліп қарастырылған: 1943-1951 жж., 1951-1985 жж., 1985-1996 жж. С.Мәуленовтің фельетоншы, тақырып қоюдағы шеберлігі, шығармаларында лиризмге баса көңіл бөлуі, суреттеу, бастау мен түйіндеу, психологиялық параллелизм, характер, поэтикалық сұлулық, аллитерация мен аноанс, теңеу мен метафора, гарадация мен анафора жан-жақты көрсетеледі. Ең бастысы, бұл еңбекте Сырбай ақынның газет-журнал беттерінде иашылып жатқан 282 публицистік шығармасының библиографиялық тізімі берілген. 200-ден астам сілтемелік көрсеткіш – зерттеушінің мол теориялық дайындығын байқатса керек»** (Н.О.Омашев, филология ғылымдарының докторы, профессор, Б.Ө.Жақып, филология ғылымдарының докторы, профессор. «Серікбай Оспановтың «С.Мәуленов – журналист, публицист» атты диссертациясы туралы». 16 маусым, 2000 ж.).

Секеңнің зерттеу жұмыстары жайында облыстық,

республикалық басылымдар мен телеарналар аз жазған жоқ. Журналист Сәлім Меңдібаймен болған сұқбатында «Ахмет өскен ақындық орта», «Ыбырайдың нағашылары», «Алтынсариннің айналасындағы адамдар», «Қазақ ақындарының публицистикасы» қатарлы зерттеу еңбектеріне кеңінен тоқталған (Сәлім Меңдібай. «Ақынның ақиқатпен жүрегі бір». «Қостанай таңы», 1 сәуір 2005 ж.).

Ғалым Торғай ақындық мектебі, соның ішінде Ахмет Байтұрсынұлы тақырыбына кең көлемде зерттеу жүргізіп келеді. Жоғарыда сөз болған Сырбай Мәуленовті үлкен диссертация етіп алуы да заңдылық. «Торғай ақындық мектебі, оның өкілдері туралы жазуды 1974 жылы қолға алып едім. Оған Қайнекей Жармағанбетовтің маған Әбіқай Нұртазаұлының (аталған мектеп өкілдерінің бірі) өлеңдерін беруі себеп болды. «Әбіқай ақын» деген мақалам сол 1974 жылы 1 ақпанда «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрді» дейді. Кейін Ахаң ақталған соң алдыңғы мақаланы толықтырып, «Ахмет пен Әбіқай» деп қайта жазды. «Ахмет өскен ақындық орта» Торғай ақындық мектебінің үлкен дәуірін қамтыды. (Серік Мақпырұлы, филология ғылымдарының кандидаты. «Ахмет өскен ақындық орта». Қостанай, «Шапақ» баспасы, 2004 ж.).

Серікбай Оспанұлы Ыбырай Алтынсарин мұраларын молынан зерттеп, бұрнағы жылы **«Ұлы ұстаз ұлағаты» атты кітабын** жарыққа шығарды. Бұл да ұлы ұстаздың Торғайдағы алғаш ашқан мектебінің 150 жылдығына арналған қомақты үлес қана емес, өскелең ұрпаққа мол рухани азық болатын тың дүние. «Ыбырай мен Ахмет», «Шен қумаған Шеген би», «Ыбырай сатирасының ерекшелігі» тақырыптарымен қоса, ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсариннің шетелдерде зерттелуі ғалымның тынбай ізденісіне алып келді. Оған **«Шетелдіктер Ыбырай Алтынсарин туралы», «Ыбырай Алтынсарин және тәжік-парсы**

әдебиеті», «Ыбырай және Қазақ төңкерісіне дейін Торғай облысынан оқыған қазақ қыздары» атты тың зерттеулер дәлел. Бұл жайында Серікбай Оспанұлының 2005 жылы Қостанайда жарық көрген «Дүбірлі дүлдүл дүние-ай...» жинағында жазушы, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызмекері Нұрдәулет Ақыш «Ыбырайтануға қосылған үлес» мақаласында кеңінен баяндайды.

Ал сәл кейін Ыбырай Алтынсарин шығармаларына жаңаша көзқарас тұрғысында жарық көрген «Сөнбес шырақ» (Астана. «Сарыарқа» баспасы, 2016 ж.) еңбегінде ұлы ұстаздың тұлғасы, дүниетанымы, шығармашылық қырлары, ақындық ортасы, ақын шәкірттері, зерттеушілері, жанашырлары, үш жұрты – өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты, жұмбақ қазасы жайында тың дерекер бар. Секеңнің Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің Ыбырай мұраларын зерттеу ғылыми орталығындағы атқарып жатқан жұмыстары шаш етектен.

Ғалым сонымен қатар, Тобыл-Торғайдың тумалары, қазақ даласынан шыққан тұңғыш журналист әйел Нәзипа Құлжанова, көрнекті айтыс және жазба ақындары Нұржан Наушабайұлы, Омар Шипин, Нұрхан Ахметбеков, Ахметхан Әбіқаев, Сәт Есенбаев, Уақ Жұмабай, Мариям Хакімжанова, атақты би-шешендер, зиялы қауым өкілдерінің шығармашылығының жаңа қырларын тың деректер арқылы көпшілікке паш етіп келеді. Бұл деректердің көбін ғалым тарихи тұлғалардың көзін көргендер мен олардан естігендерден, архивтерден, әсіресе, Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қорынан тапты.

ҰСТАЗ

Сәл ертеректе А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде талай шәкіртке тәлім берген, қазіргі таңда Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық білім ордасында еңбек етіп келе жатқан Серікбай ақынның филолог, журналист шәкірттерінің алды қазір мемлекеттік қызметте, облыстық, республикалық газет-журналдар мен телеарналарда жемісті еңбек етіп келеді. Өзімен әріптес болып, бір салада еңбек етіп жүргендері қаншама. Бұған қоса, І.Омаров атындағы Қостанай облыстық театрының әдебиет бөлімі меңгерушісі бола жүріп, актерлердің әдеби-рухани танымының кең өрістеуіне зор үлес қосып келеді.

«Мен Серікбай ағаймен алғашқы рет 1997 жылы журналистика факультетінің (А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университеті – Қ.Қ.) екінші курсына оқып жүргенде жүздестім. Бұл кісінің Алматыдан бізге келетінін естігенімізде, қуанышымызда шек жоқ еді. Өйткені, біріншіден, ол кезде журналистика кафедрасының ашылғанына бір-ақ жыл болғандықтан, қазақ тілінде дәріс оқитын оқытушылар жетіспейтін. Ал екіншіден, тек теледидар экраны мен газет-журнал беттерінен көріп-біліп, ақын, журналистен білім алу біз үшін ерекше мақтаныш еді» депті шәкірті Амангелді Шөрентаев Серікбай ақынның 60 жылдық мерейтойына орай «Білім жарысы» журналында жарық көрген «Ұлағатты ұстаз» мақаласында.

Шәкірті ұстазының жас ұрпақ үшін үлкен мектеп, сегіз қырлы, бір сырлы тұлға екенін атай келе, ақын өмірін, шығармашылығын кеңінен жазған.

«Қазіргі таңда біз Серікбай ағаймен әріптес болсақ та, ол кісі мен үшін ақыл-кеңес беретін, тәжірибе алатын ұлы ұстазым болып қала бермек. Күнделікті сабақтан үзіліс кезеңдерінде кездескенімізде, ағай тапқан

жаңалықтарымен қатар, пайдалы кеңесін айтып жүреді» деген ол:

*«Өмірде бар өзің салған өрнегің,
Ғылым тауып даналыққа өрледің.
Ақыл сұрап бара қалса шәкірттер,
Қамқор болдың, балаңнан кем көрмедің.*

*Қуаныш та, қайғы болсын, біргеміз,
Ұстаз-шәкірт үзілмесін іргеміз.
Өзіңізге шәкірттердің атынан
Өмірдегі жақсылықты тілейміз!» -*

деуі шәкірттің ұстазына деген зор құрметі болса керек.

«...Біз көзiлдiрiк кiген, кең иықты, даладай дархан мiнездi Серiкбай ұстазымызды асыға күтетiнбiз. Өйткенi, ол кiсiнiң әр дәрiсi беймәлiм әлемге жасалған саяхатпен бiрдей. Аудиториядан шықпай-ақ, кiтапханаға бармай-ақ, көңiлдiң көк дөненин ерттеп мiнесiң де, журналистика жайлауында желе-жортып, әдебиет пен мәдениет, өнер өлкесiне қадам басасың. Ғылым көкжиегiнен көтерiлген күннiң сәулесiне шомыласың. Өмiр иiрiмдерiне бойлап, арман мен қиял жетегiнде отырғаның... Кенет әдемі әлемiңдi құлаққа танадай ұрған қоңырау дауысы бұзып жiбередi. Сол кезде студенттер арасынан самай шашын сол қолымен қайырып тастап, сөмкесiн қолына алып «сусып» бара жатқан Серiкбай ағайды көресiң. Дәрiс пен дәрiс арасы «сартап» сағынышқа ұласады» деген екен ұстазына деген iңкәр сағынышын сұлу сөздерiмен өрген шәкiртi Гауһар Төлекбаева «Көзқарас» газетiне жазған «Тұлға» мақаласында (27 қыркүйек, 2004 ж.).

Серiкбай Оспанұлының шәкiрттерiне «Мейлi асқақтап кетсең де, тұғырыңнан тайып кетсең де, Өзiң болып қалуың керексiң. Таққа қызыққан адам бұл – өмiрден жақсылықпен қайтпайды. Адам қай кезде де қарапайым болып қалуы

керек. Жақсы өмiр сүргiң келсе – бiлiм ал!» деген жiгер берер сөздерiмен ең әуелi Адам деген атқа лайық болуға тәрбиеледi. Оған ақынның от жағып отырып шығарған:

*«Артында өшпес iз қалып,
Өткендер аз ба Алашита?!
Кетедi екен тез жанып
Қызуы мықты ағаш та» –*

өлең шумағын соңындағы iзбасарларына берген ақыл-тәлiм, философияға толы терендiк деуге болады.

Серiкбай ұстазды нағыз тiрi энциклопедия дерсiң. Аудиториядағы дәрiсi аяқталса да, кездесе қалып қандай да тақырып, тұлғалар жайында сұраған оқушыларына ерiнбей-жалықпай небiр естi сөздердi, ескi әңгiмелердi айтып отыратынына талай куә болдық. Тiптi, «жаңадан табылған есiмдер, тың жаңалық-деректер бар» деп әдеби орталарда сүйiншiлеп жүретiнi тағы бар.

Ұстаз шәкiртiн қанаттандыру үшiн үлкен философиялық ойларды айтады. Бiрде Гауһар Төлекбаева өзi жазған өлеңдерiн Секеңе оқып берген кезде көңiлi толмаған ұстазы:

«Өмiрде «тәуба», «қанағат» деген сөздер тек тамаққа, киiмге қаратып айтылады. Адам бiлiмге, өнерге тоймау керек. Жаз, шын жүрегiңмен жаз! Ақындық деген – күдiреттi әлем! Мысалы, мен өлең жазғанда, жер-жаһанның бәрiн ұмытып кетем» деген екен.

Осы бiз мақала иесiн үлкен болсын, кiшi болсын, «Серiкбай Оспанұлы» деп атайтынын сирек естiмiз. Алдыңғы-кейiнгi буынның бәрiне «Секе» болып кеткен. Қостанайда «Серiкбай ақын» десеңiз жеткiлiктi – Оспанұлы осы кiсi. Ал қазiргi QOSTANAI телеарнасының редакторы Гүлнұр Нұрмағанбетова ұстазының қарапайымдылығын осы тақылеттес сөздерiмен жылы естелiк мақаласында әдемі суреттеген екен. *«Серiкбай ағайдың ақындығы – өз алдына бiр әңгiме. Бiздiң арамыздағы өлең жазып,*

талпынып жүретін курстастарымыз үшін ол кісінің ақыл-нақылы – таптырмас үлкен мектеп. Оның сыртында ағай биязы мінезімен, қазақтың дәстүр-салтын, әдебиетін терең білетіндігімен, зияткерліктің не екенін ортасына ұғындырып, мойындатып қойғандай болатын. Сонымен қатар, достық деген ұлы ұғымның да ешқандай теориямен, кітаппен тең келмейтінін біз Серікбай ағамен араласқалы білеміз» депті Гүлнұр («Ұстаздар достығы». Көзқарас-Взгляд, 23 шілде 2004 ж.).

Бүгінгі тақырып иесінің ұтсаздығына зор сенім артып, ақ батасын, ақжарма тілегін білдірген жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты Орысбай Әбділдаұлы 2005 жылы «Әдебиет айдыны» газетінде жарияланған **«Сегіз қырлы Серікбай»** деген мақаласында :

*«Сезімнің жайып жапырағын жаппай
қаулатып,
Еркебұлан бала үміттің балапанын
аунатып,
Рауандаған таң алдындай ықыласымды
дұрыс ұқ,
Іңгалаған бесігіңнен жатсын жайсаң жыр
ұшып...»*

– деп басталатын 28 жол өлеңі бар. Бір қызығы, сол өлең жолдарының алғашқы әріптерін жоғарыдан төмен оқысаңыз **«СЕРІКБАЙ, ТУҒАН КҮНІҢМЕН ОРЫСБАЙ!»** деген құттықтау сөйлем шығады.

Ұстазға деген риясыз көңіл қаншалықты биік болса, ол адамға деген құрметі де соншалықты пәк болатыны анық дүние ғой.

«Өмірді алып мұхитқа теңесек, сол мұхитта өзінің асқақ болмысымен алыстан мұнартып тұратын мұзтау секілді адамдар болады. Былайғы жұрт олардың субетіндегі

биіктігін ғана көре алады. Ал мұзтаудың үштен бірі су түбінде шөгіп жатады емес пе? Ендеше, мұзтау сынды адамдардың да барлық асыл қасиеттері жүрек түкпірінде, тым тереңде. Біз өмірімізде осындай адамдарды жиі кездестірдік. Сондай жандардың бірегейі – ұстазымыз, бүгінде халықтың сүйіспеншілігіне бөленген ақын, ғалым әрі журналист Серікбай Оспан» деп жүрекжарды жылы естелігімен бөліскен белгілі тележүргізушілер Дархан Әбдурахит пен Гауһар Төлекбаева тәлімгерінің пәлсапалық ойын, ешкімді қайталамайтын даралығын суреттеп өтіпті. Әр студентке мейіріммен, тіпті, әкелік ұлы сезіммен қарайтын ұстазының сан қырын тауыса баяндапты. Өмірлік үлгі болатын өлеңдерін де өз жүректерінің түбіне түйіп алғандарын жеткізіпті.

Әсілінде ақын ағамыздың:

*«Жан сырым-ау, неткен ауыр жүк едің,
Салтым, халқым, ән мен жырым, жүр елім.
Сан ойладым, қалай бәрін сыйдырып,
Қалай бәрін көтереді жүрегім?» –*

өлең шумақтарының ішінде ел-жұртымен бірге әр шәкіртіне деген қимастық сезім, үлкен сағыныш жатыр.



М. ӘБІЛҰЛЫ,
Тараз инновациялық-
гуманитарлық
университетінің
доценті, профессор.

АБАЙ – АУЫЗ ӘДЕБИЕТІН ЖИНАУШЫ

Андатпа:

Ғылыми мақалада қазақтың көрнекті ақыны А.Құнанбайұлының ауыз әдебиетіне қосқан үлесі, “Қозы Көрпеш Баян сұлу” дастанының Жанақ нұсқасын қалай өңдегені туралы деректер келтіріледі. Диастанның кейбір тұстарына өзі өлең жолдарын қосқаны ғылыми тұжырымдар жасалады.

Түйін сөздер:

Қосқаны туралы ғылыми.

Енді біз Абайды "ауыз әдебиетін жинаушы" деп те айта аламыз. Себебі Абай 1884-жылы Семей арқылы Омбы қаласына қазақ халқының ғашықтық жырларының бірі "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жырын жіберген. Әдебиетші-ғалымдардың "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жырының Потанин-Коншин көшірмесін "Абай нұсқасы" деп атайтынын білеміз. Бұл жөнінде белгілі ғалым, түркітанушы С. Қосан "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жырының Абай нұсқасы" деп аталатын ғылыми мақаласында былай деп атап көрсетеді: Абайдың "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жырының қолжазбасын Семей, Омбы қалаларына өз қолымен жіберуіне айғақ боларлықтай деректі құжаттар да кездеседі. Мәселен, Семей статистикалық комитеті хатшысының 1882 жылы жазылған мына бір дерегі осының айқын дәлелі. Онда қазақтың аңыз,

ертегілерін жинастыру үшін орысша, мұсылманша сауатты, аймақтың өткен тарихы мен халық әдебиетін тәуір білетін бірден-бір кісі ретінде Абайдың есімін атай келе былай дейді: *"К крайнему моему сожалению, я не могу оказать содействие отделу в сборе местных киргизских сказок по незнанию киргизского языка, так и по недостатку времени. Полагаю, что в этом отношении для отдела мог бы полезен Ибрагим Кунанбаевич Ускенбаев (управитель Мукурской волости Семипалатинского уезда), весьма развитый киргиз, умеющий притом писать по русский достаточно связно"*. Бұдан шығатын қорытынды – 1882-жылдың бедерінде аталған қоғам Абайға ауыз әдебиетін жинастыру жөнінде ұсыныс жасаған болса, онда ақынның сол бірер жыл көлемінде "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жырының тәуір нұсқасын тауып, мәтінді жаңғыртып, эпос сюжетін өзге ұлтқа көркемдік тұрғыдан жоғары деңгейде таныстыру мақсатына бар ынтасын салып кіріскені күмәнсіз. Яғни, 1884-жылы Семей арқылы Омбы қаласына жеткен "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жырының нұсқасын тың теңеулермен, тосын көріністермен толықтыра түрлендіріп, эпостың стилін жазба әдебиет үлгілеріне бір табан жақындатқан Абай Құнанбайұлы десек, еш қателеспейміз.

Тағы бір орнықты дәлел, Томскіден табылған "Қозы Көрпеш-Баян қыз" нұсқасының қолжазбасы мен Абайдың өз қолымен жазылған *"Қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы бірер сөз" атты жалғыз зерттеу мақаласының* жазу өрнегі, каллиграфиялық сын-сипаттары, қолтанбалардың біртектілігі жағынан толықтай сәйкес келуі" [1].

Ал, Ұ. Абытова *"Абай жазып алған "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жыры туралы"* деп аталатын ғылыми мақаласында былай деп жазады: *"Ұлы ақын Абай халық ауыз әдебиеті үлгілерін дер кезінде хатқа түсіру керектігін, бұл-оны сақтап қалудың бірден бір жолы екендігін жақсы түсінген де, сол іске өзі белсене кіріскен. Осы ретте Абай хатқа түсірген фольклор туындылары көп болған шығар. Біз үшін*

анығы – Абайдың "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жырының ең көркем нұсқаларының бірін жазып алғандығы..." [2].

Ұ. Абытованың бұл пікірі Абайдың ауыз әдебиетіне құштарлығын, ұлы Абайдың өзінің де ауыз әдебиетінің құнарынан нәр алғанын дәлелдеп тұр. Өз дәуірінің заңғар тұлғалары Шоқан да, С. Сейфуллин де, С. Мұқанов та, М. Әуезов те, тіпті қазақ әскери әдебиетінің негізін салған Б. Момышұлы да ауыз әдебиетінен нәр алып, ауыз әдебиетінің ғажайып халықтық эстетикасына терең үңілген жоқ па?! Абай осындай құштарлықтың нәтижесінде "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жырын өзінше сөйлетті. Өзі көшіріп алған ғашықтық жырын өз бетінше өндеп, әдемілеп, жонып, айналасын "теп-тегіс жұмырлап" Семейге, Омбыға жіберді.

Ауыз әдебиетін зерттеуші С. Қасқабасов Абай Құнанбайұлының ауыз әдебиетіне жанашырлық танытып, ақын-жыршылармен етене байланысып жүргені туралы, оның тек ауыз әдебиетіне ғана емес қолөнер бұйымдарына да көңіл аударғаны туралы былай деп жазатыны бар: "Абай өз бетінше білім алып, ғылымның пайдалы екенін түсінгендігінің арқасында ел ішінен қолөнер бұйымдарын жинастырып, Семей музейіне тапсырып отырды, маңайындағы ақын-жыршыларға халық арасына кең тараған жырларды қайта жырлауды, оларды хатқа түсіруді жүктеп, міндеттеп жүрді. Міне осының бәрі ұлы ақынның фольклорға деген көзқарасын қалыптастырғаны күмәнсіз және оның фольклористік еңбегін мінездейтіні да даусыз" [3].

Түркітанушы С. Қосан "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жырындағы өлең шумақтарынан Абайдың қолтанбасын іздейді: "Төмендегі жыр тармақтарынан да Абай поэзиясына тән сөз қолданыстары, көркемдік стиль, ұлы ақын сомдаған кесек образдардың өзіне белгілері айрықша танылады.

*Қас асыл бой жетіпті, алтын кірпік,
Шақырып Қодар келсе үйтіп-бүйтіп.
Қара көзін қан басып қарағанда,*

Маңына жоламайды Қодар үркіп.

*...Ақ күмістей жарқылдап оның мойны,
Бұл дүниенің бейісі һәр ойыны.
Тал шыбықтай бұралған сұлу Баян,
Іздеусіз иен қайтіп жатар қойны.*

"Потанин нұсқасы" туралы алғаш пікір айтушы – Ө. Марғұлан бұл қолжазбаның Абайдікі екендігіне шүбә келтірмейді. Ғалымның деректі пікіріне сүйенсек, "Абай бұл жырды 1884-жылы жазып алып, оны өзінше "Қозы Көрпеш-Баян қыз" деп атып, қадірлі ғалым Г.Н. Потанинге тартуға жібереді. Онымен бірге ерте кезде жазған қысқа поэма "Жаңа закон" деген жырын қоса жібереді. Мекенжайын орысша жазып, "Семипалатинского уезда, Чингизской волости, А.К" деген. Жырдың көлемі екі мың алты жүз жол, сөзі сондай ашық, көркем, халықтың жан күйін жүйрік білген Абайдың жарқын, саңлақ ойынан шыққаны айқын көрініп тұр".

Абайдың:

*Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласы аз, қара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.*

*Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,
Ақша жүз, ал қызыл бет тіл байлайды.
Аузын ашса көрінер кірсіз тісі,*

Сықылды қолмен тізген, іш қайнайды...–
деген өлең жолдары да Абай жазып алған "Қозы Көрпеш-Баян қыз" жырындағы:

*Қас асыл бой жетіпті, алтын кірпік,
Шақырып Қодар келсе үйтіп-бүйтіп.
Қара көзін қан басып қарағанда,
Маңына жоламайды Қодар үркіп.*

*...Ақ күмістей жарқылдап оның мойны,
Бұл дүниенің бейісі һәр ойыны.*

*Тал шыбықтай бұралған сұлу Баян,
Іздеусіз иен қайтіп жатар қойны,* – деген өлең жолдарындағы шымырлап бойға жайылған көркемдік стиль үндесіп тұр.

Абайдың ауыз әдебиеті үлгілерін жас кезінен бастап көп оқығаны белгілі. Ол жырдың бірнеше нұсқасын оқып шыққан, соның ішінде оған Жанақ нұсқасы ұнаған. Бұл жөнінде Ә. Марғұлан: *"Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жырын жазу үшін Абай көп ақынның нұсқаларын оқыған, олардың ішінде Сыбанбай, Жанақ, Бекбау, Шөже нұсқалары бар. Бірақ оларға сын көзімен қарап, сенбейтін жері келсе "өтірік айтса обалың ақындарға" деп ескертіп отырады.*

Абайдың ерекше қадірлегені Жанақ ақын айтқан нұсқасы, түпкі нұсқасын осыдан алады – деп жазады [4].

Абайдың ауыз әдебиетіне ерекше көңіл бөлгені жөнінде М. Әуезов өзінің мақалаларында атап көрсетеді. Мұндай пікірлерді Ә. Марғұлан, С. Қасқабасов, Ұ. Абытова да өз еңбектерінде жазғаны белгілі. *"...Абай "Қозы Көрпеш-Баян сұлуды" жырлап жүрген өз айналасындағы ақындарға жырдың эстетикалық әсерін күшейте түсудің жолдарын көрсетіп берген..."* – деп жазады Ұ. Абытова (Ұ. Абытова, "Абай жазып алған "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жыры туралы", Қазақстан республикасы білім және ғылым министрлігі мен ұлттық ғылым академиясының Хабарлары-Известия журналы, №5-6, 2002-жыл, 28-бет). Ал, М. Әуезов өз еңбегінде Абайдың осы жырды Бейсенбай ақынға Жанақ нұсқасын жырлауға кеңес берген көрінеді (М. Әуезов, Абай Құнанбаев, Алматы, "Ғылым" баспасы, 1967-жыл). Мұнан біз Абайдың "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жырына ерекше ықыласпен қарағанын сеземіз. Ұ. Абытова: *"...жоғарыда айтып өткеніміздей, ол бірнеше нұсқаларды салыстырып, екішеп, ортақ бір сюжетті, қызықты нұсқаны дүниеге келтірген"* – деп жазады [5].

Ал, Ә. Марғұлан "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жырындағы:
*Кемелі ақын келтірер сөздің нұрын,
Оған да заман өткен бір ықылым.*

*Қарабай хан, Сарыбай өткен екен,
Олар да о бір қатар бізден бұрын...* – деп айтылатын шумақ пен бірге басқа да өлең шумақтарын Абайдың өндегені туралы деректер береді [6].

Ұ. Абытова былай деп жазады: *"... Абайдың бұл әрекеттерінің барлығы да оның "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жырына ерекше ден қойғандығын танытады. Бұл тұста Абайдың бір нәрсені ескергендігі анық сияқты. Ол – қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінің ауызша айтылу себебінен үнемі көркемдік дамуда болатындығы және оның жыршылар тарапынан өңделіп, өзгертіліп отыратындығы. Бұл жерде Абай да өзін жырды айтушылардың қатарына қойып, олармен жарыса отырып өңдеулер жасағандығы сезіледі. Абайдың екінші бір ескерген мәселесі – хатқа түскен мұраның өзгертілмей сақталып, кейінгіге сол қалпында жететіндігі. Сондықтан да сюжеті тартымды жырдың поэзиялық құрылымы болашақ ұрпаққа аса көркем күйінде жетсін деген тілекпен осындай редакция жасаған деп сенуге болады"* [7].

Міне, мұның өзі Ұлы Абайдың ауыз әдебиетінен нәр алғандығын, ауыз әдебиетіне ерекше көзқараспен қарағандығын дәлелдеп тұр. Хатқа түскен әдеби мұраның ауызша тарайтын әдеби мұраға қарағанда өзгешелегін түсініп, оның келер ұрпаққа тигізетін пайдасының орасан зор екендігіне көз жеткізгендігі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С. Қосан, "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жырының Абай нұсқасы", "Егемен Қазақстан", 4-қараша, 2019.
2. Ұ. Абытова, "Абай жазып алған "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жыры туралы", Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, ұлттық ғылым академиясының "Хабарлары-Известия" журналы, тіл, әдебиет сериясы, 5-6, 2002. 26б.
3. С. Қасқабасов, "Абай және қазақ фольклоры", Абай, 1993. №6. 37б.

4. Ә. Марғұлан "Ежелгі жыр, аңыздар", Алматы-"Ғылым". 1985, 324б.

5. Ұ. Абытова, "Абай жазып алған "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жыры туралы", Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі мен ұлттық ғылым академиясының Хабарлары-Известия журналы, №5-6, 2002. 28б.

6. Ә. Марғұлан, "Ежелгі жыр, аңыздар", Алматы-"Ғылым". 1985. 324-327бб.

7. Ұ. Абытова, "Абай жазып алған "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жыры туралы", Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен ұлттық ғылым академиясының Хабарлары-Известия журналы, №5-6, 2002.-28б.



Ұ. С. СЫЗДЫҚОВА,
М. Шоқай атындағы
№187 ІТ-мектеп-лицейі.
Қызылорда қаласы

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ



С а б а қ қ а негізделген оқу мақсаттары	<p>Т/Ж 8.1.2.1. Ақын шығармаларының идеясын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу;</p> <p>Б/С 8.3.3.1. Шығармаларындағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру;</p>
С а б а қ мақсаттары:	<p>Оқушылардың барлығы орындай алады: Ақын шығармаларының идеясын ұлттық мүдде тұрғысынан ашады. Шығарманың рухани құндылығын ашады.</p> <p>Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырады. Ұлттық мүдде тұрғысынан өзіндік талдау жасайды.</p> <p>Оқушылардың кейбірі орындай алады: Шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды</p>

	заманауи тұрғыда салыстырады. Жаңашылдығына баға береді.
Бағалау критерийлері	Шығармалардың идеясын ұлттық мүдде тұрғысынан ашады. Рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырады. Ақын шығармашылығының бүгінгі қоғамдағы маңызын бағалайды.
Ойлау деңгейі	Қолдану, талдау, жинақтау.
Тілдік мақсаттар	Оқушылар: оқушылар мәтінмен танысады, оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері арқылы топта жұмыс жасайды. Абайдың өмірі мен шығармашылығын оқып танысады.
	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: <i>Әсемпаз, ғылым, интернет, бес.</i>
	Диалог құруға/шығарма жазуға/ арналған пайдалы тіркестер: <i>«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек», «Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей», «Тамағы тоқтық, Жұмысы жоқтық, Аздырар адам баласын», т.б.</i>
	Талқылауға арналған сұрақтар: <i>-Ұлтымызды жаңғырту жолында Абай шығармаларының маңызы неде?</i>
Құндылықтарды дарыту	Ұлттық тәрбие құндылықтарын жас ұрпақ бойына сіңіру мәтін мазмұнын ашуда; өзіне және өзгелердің

	мәдениетіне құрметпен қарау тапсырмаларын орындауын, бір-біріне қолдау көрсетуінде; өмір бойы оқу қағидасы ақпаратты өздігінен табуында, кері байланыс беруде, рефлексия жасауда, алған білімінің практикалық мәнін түсінуінде көрініс табады.	
Пәнаралық байланыс	Тарих. Өзін-өзі тану.	
Тақырып бойынша алдыңғы білім	Ұлы Абай шығармаларын біледі.	
Сабақтың жоспары		
Жоспарланған уақыт	Сабақ барысы:	Ресурстар
Сабақтың басталуы	Ұйымдастыру кезеңі. Жағымды ахуал қалыптастыру. Топқа бөлу. Түрлі-түсті географиялық фигуралар арқылы топқа бөлінеді. 1-топ: қызыл түс; 2-топ: сары түс; 3-топ: жасыл түс. Жаңа сабақтың оқу мақсаты мен бағалау критерийі таныстырылады.	Интербелсенді тақта
Жаңа білім	Мұғалім сөзі «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан»	

	<p>Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толады. Халқымыздың ұлы перзентінің мерейтойын лайықты атап өту үшін арнайы құрылған комиссия дайындық жұмыстарын бастап кетті. Мемлекет көлемінде және халықаралық деңгейде ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бірақ мұның бәрі той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін өткізілмек.</p> <p>Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды.</p> <p>Өткен жылы Абайдың шығармаларынан үзінді оқу эстафетасы өтті. Ләйлім атты оқушы қыз ұсынған бұл шараға мен де қатысып,</p>	
--	--	--

	<p>қолдау көрсеттім. Мектеп оқушыларынан ел азаматтарына, тіпті, әлемдік деңгейдегі танымал тұлғаларға дейін зор қызығушылық танытып, лезде іліп әкеткен бұл бастама бірнеше айға ұласты.</p> <p>Соның арқасында бүкіл Қазақстан Абай мұрасын тағы бір зерделеп шықты. Бұл – Абайға деген құрмет әрі ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі. Абай жырларын оқу челленджі биыл, ақын мерейтойы тұсында жаңаша жанданады деп сенемін.</p> <p>Видеоролик көрсетіледі. 8 «в», «а» сынып оқушыларының жатқа мәнерлеп оқу эстафетасы көрсетіледі.</p> <p>ҚБ. Мадақтау. Кері байланыс – Қазақтың бітім-болмысын, мәдениетін Абай арқылы қалай танытамыз?</p>	
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Абай Құнанбайұлы туралы видеоролик көрсетіледі. Топтық жұмыс. «Түйінді екі сөз» әдісі. 1-топ: «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі.</p>	<p>Плакат, маркер</p>

« Ғ ы л ы м т а п п а й м а қ т а н б а » өлеңі	Идеясы	Рухани құндылықтар		
2-топ: «Сегізаяқ» өлеңі				
«Сегізаяқ» өлеңі	Идеясы	Рухани құндылықтар		
3-топ: «Отыз үшінші қарасөзі»				
Отыз үшінші қарасөзі	Идеясы	Рухани құндылықтар		
Дескриптор	Білім алушы 1.Ақын шығармаларының идеясын ұлттық мүдде тұрғысынан ашады. 2.Шығармадағы құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырады.			
«Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласымен салыстыру.				
Кері байланыс				
– Ұлтымызды жаңғырту жолында Абай шығармаларының маңызы неде?				
Рефлексия				
Сабақта алған әсерің «ҚҚҚ» әдісі.				
1. Мен үшін құнды.....				
2. Мен үшін қызық.....				
3. Мен үшін қиынырақ.....				
Аяқталуы Сабақты бекіту	Үйге тапсырма: Абайдың ақындық ортасы. Ақын шәкірттері туралы мәліметтер жинақтау.			

Н.ЖАНҒОЗИНА,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
А.ТӨЛЕГЕНОВА,
орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Г.ҚЫРАУБАЕВА,
ағылшын тілі пәні мұғалімі.
«№6 ЖОББМ» КММ.
Ақтөбе облысы,
Шалқар ауданы

АБАЙДЫҢ «БОЙЫ БҰЛҒАҢ» САТИРАСЫ САТИРА АБАЯ «БОЙЫ БҰЛҒАҢ» THE SATIRE OF ABAI “BOYU BULGAN”

(«Абайтану»

таңдау курсында,

11-сыныпта «Кіріктірілген сабақтар» тақырыбындағы
онкүндікте

(қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) өткізілген сабақ
жоспарының үлгісі)

<p>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары</p> <p>Ц е л и о б у ч е н и я , к о т о р ы е н е о б х о д и м о д о с т и ч ь н а д а н н о м у р о к е</p> <p>L e a r n i n g o b j e c t i v e s i s a c h i e v e d i n t h i s l e s s o n</p>	<p>Өлең мазмұнын өмірлік мәселелермен байланыстырады, мәтіннен тірек сөздерді тауып, өлеңді құрылысына талдайды.</p> <p>Связывает содержание стихотворения с жизненными проблемами, находит в тексте ключевые слова, анализирует структуру стихотворения.</p> <p>Links the content of the poem to life issues, from the text find the basics and analyze the structure of the die.</p>
---	--

<p>С а б а қ мақсаттары: Цель урока The aim of the lesson:</p>	<p>Барлық оқушылар орындай алады: оқушылар Абайдың «Бойы бұлғаң» өлеңінің мәнін түсінеді, сол кездегі дәуір тынысын, қазақ халқының мінез ерекшелігін ұғады, өлеңді құрылысына талдайды.</p> <p>Все учащиеся могут выполнить: учащиеся понимают смысл стихотворения Абая «Бойы бұлғаң», осознают эпоху того времени, характер казахского народа, анализируют стихотворение.</p> <p>All students can do: This is the meaning of the song, the breath of the era, Cossack, to understand the peculiarities of the behavior, analyzes the poem in the structure.</p> <p>Көбі: шығарма арқылы адам бойындағы қасиеттерді саралай біледі, мәнерлі сөйлейді.</p> <p>Многие: умеют анализировать качества человека через сочинение, передают мысль выразительно.</p> <p>Many: analyze the qualities of a person through a work know, speak expressively.</p> <p>Кейбірі: Бойы бұлғаң» өлеңінің шығу тарихын, автордың басқа да сатира өлеңдерін оқып талдайды.</p> <p>Некоторые из них читают историю написания стихотворения «Бойы бұлғаң», и другие сатирические стихотворения автора.</p> <p>Some of them are “Boyu bulgan”, another by the author and analyzes the satire songs.</p>
---	--

<p>П э н а р а л ы қ байланыс Межпредметная связь Inter subject communication</p>	<p>Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, әдебиет. Казахский язык, русский язык, английский язык, литература. Kazakh, Russian, English, literature.</p>	
<p>Құндылықтарға баулу Привитие ценностей Instilling of values</p>	<p>Ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Популяризация национальных ценностей. Popularization of national values.</p>	
<p>Жоспар План Plan</p>		
<p>Жоспарланған уақыт Запланированное время Planned time</p>	<p>Жоспарланған жаттығу түрлері Виды упражнений Types of exercise</p>	<p>Дереккөздері Ресурсы Recourses</p>
<p>Сабақтың басы Начало урока Beginning of the lesson 5 минут 5 minutes</p>	<p>Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу. Создание психологического настроения. Creating a psychological mood. «Үш тілде амандасу» тренингі: қазақша. орысша, ағылшын тілінде. Учитель приветствует</p>	

	<p>учащихся на трех языках: казахском, русском, английском. Teacher greets students in three languages: Kazakh, Russian, English.</p> <p>Топқа бөлу. Делить на группы Абай әндерінің тармақтары арқылы топқа бөліну. Разделение на группы через ветки песен Абая</p> <p>Split hingle Split grouping through Abai song strings.</p> <p>Ой шақыру I топ To think 1stgroup Сатира дегенімі не ? Сатира (лат. Satira) – өзі суреттеп отырған оқиганы, құбылысты немесе кейіпкерді өткір сынға алып, әжуаға айналдыратын көркемдік бейнелеу тәсілі. Сатираның мысал, эпиграмма, памфлет, фельетон, пародия, шарж, карикатура, анекдот сияқты жанрлары бар. Драматургияда сатира комедия жанрынан көрінсе, көркем прозада сатиралық әңгіме, повесть, романдар да көрініс табады.</p>	<p><i>Сілтеме:</i> <i>Ресурс :</i> www.youtube.com/watch?v=JjZqprdKZA</p>
--	--	---

	<p><i>Сатиралық шығармаларда әсірелеу (гротеск), тұспалдау (аллегория), юмор (достық рәуіштегі күлкі), ирония (жеңіл әжуа), сарказм (ащы мысқыл, кекесін), т.б. бейнелеу тәсілдері кеңінен қолданылады. Ежелгі Грекияда жанр ретінде пайда болғанымен, әдебиеттің дербес тегі ретінде Ежелгі Римде өріс алып дамыды. Петронийдің «Сатирикон», Апулейдің «Алтын баспақ» романдары осы тұста дүниеге келеді. Орыс әдебиетінде алғашқы сатиралық шығармалар 17 ғасырда дүниеге келді.</i></p> <p>Что такое сатира? Сатира (лат. Satira) - это способ художественного описания, в котором автор описывает событие, явление или персонаж, подвергая резкой критике. Сатира имеет такие жанры, как пример, эпиграмма, памфлет, фельетон, пародия, шарж, карикатура, анекдот. В драматургии сатира проявляется в жанре комедии, в художественной прозе рассказах, и в повестях, романах. В сатирических произведениях широко используются такие методы, гротеск,</p>	
--	--	--

	<p>аллегория, юмор, ирония, сарказм и др. Сатира как самостоятельный жанр появился в Древней Греции, а получила развитие в Древнем Риме. Здесь же родились романы Петрония «Сатирикон», Апулея «Золотой пресса». Первые сатирические произведения в русской литературе появились в 17 веке.</p> <p>What is Satire? Satire(<i>lat. Satira</i>) – self-portraying skip an event, character. An artistic picture that makes critical chnces. Examples of satire, epigram, pamphlet, ballad, cartoon, anecdote.</p>	
<p>С а б а қ т ы ң ортасы С е р е д н а урока The middle of the lesson 30 минут Realization of meaning 30 minutes</p>	<p>1 топ «Бойы бұлғаң» сатирасы (орысша, 2nd group The satire“ Boyu bulgan” «Бойы бұлғаң» – Абайдың 1893 жылы жазған өлеңі. Әрқайсысы 6 тармақты 8 шумақтан тұрады, барлығы 54 жол. Туынды – ақынның өз кезіндегі халқының жай-күйіне, замана ағымына жасаған барлау-шолуы, тозған елдің тоқыраған тағдырына</p>	

	<p>деген ауыр күрсінісі, азған адамдарына деген көз жасына толы шағымы, ел үшін қорланған ақынның «аһ» ұрған үні, кеудесін қақ айырған қайғысы.</p> <p>Ел қамын ойлауды азаматтық борышым деп білген Абай өз заманындағы бар пәле, кесір-кесапат, былық-шылықты ашына әшкерелемей отыра алмаған. Қандыауыз қанаушыларға, елді емген езушілерге, «әзір астың атасы» арамтамақтарға, бірді-бірге тасқаяқтай соғыстырған сойқанды содырларға, момын мысықтай қалғып-мүлгіп отырып, елді сорған сұрқия «сопыларға», ардан безіп, жамандыққа жанын жалдаған жалақорларға жаудай тиген. «Ас ішіп, аяқ босатудан» басқаны білмейтін надандықты, аллага қарап аузын ашып отыра беретін жалқаулықты, етпетінен түспей ештемені ескермейтін енжарлықты өлеңдерінде өткір тілмен түйреген. «Бойы бұлғаң» - ақынның уытты шығармаларының бірі, үскідей үшкір, өткір сатира, заман, тұрмыс күйіндегі зиянды дерттерді мұрнынан тізе әшкерелеген сатира. Оның жанры – сатиралық шолу. Мұнда ақын оқырман қауымды сөзінде пәтуа жоқ сұйық суайттармен де, «күнәсізбін», «кінәсізбін» деп безілдейтін «періштелермен» де, сыртта «үзеңгі бауы алты қабат болып» шіренетін, үйіне келсең,</p>	Слайд 1
		Слайд 2

<p>сусын тауып бере алмайтын бейшаралармен де, тілемсектік іспен, бермесең, безіп кететін безбұйректермен де, бірді-бірге айдап сап, ел арасына от тастап, антын, арын сатқан екіжүзділермен де таныстырады.</p> <p>“Boyu bulgan” – Abai’s poem, 1893. Each consists of 8 points of 6 items, all 54 lines. The work is based on the poet’s current population. Condition exploration of the current age, degradation mourning for the ruined fate of the country.</p> <p>№1 тапсырма №1-задание №1- task Ж «Бойы бұлған» өлеңімен танысып, құрылысына талдау</p> <p>Әдісі: «Еркін жазу»</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> * өлеңді оқиды; * идеясын анықтайды ; * құрылысына талдайды; <p>Кері байланыс: «Графиктік бағалау» (смайликтер арқылы)</p> <p>ҚБ: өзіндік бағалау.</p> <p>Метод: «свободное изложение»</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> * я читаю фразу; * определяет идею шаблона ; * анализирует строительство; <p>Обратная связь: «графическая оценка» (через смайлики)</p> <p>ОО: самооценка.</p> <p>Method: “ Free writing”</p>	
--	--

	<p>Descriptor:</p> <ul style="list-style-type: none"> * floor rust; * Defines an idea; * Analyzes the curvature; <p>Feedback: “ Graphic Assessment”(smiles) Self-assessment.</p>	Слайд 3
<p>Сабақтың соны К о н е ц урока The end of the lesson 5 минут 5 minutes</p>	<p>С. Бекіту «Абайдың «Бойы бұлған» сатира өлеңінен алған әсерім....» (орыс, ағылшын тілдерінде)</p> <p>Әдісі: «Бір минуттық әңгіме» әдісі</p> <p>Оқушылар бір-біріне әңгімелеу арқылы ой қорытады.</p> <p>Рефлексия: «Жетістік» сатысы (орыс, ағылшын тілдерінде)</p> <p><i>Мен білдім.</i> <i>Мен түсіндім.</i> <i>Мен жасай аламын.</i></p> <p>Метод: «минутный рассказ»</p> <p>Учащиеся друг другу рассказывают, обобщают мысли</p> <p>Рефлексия: стадия «достижение» (русский,</p> <p><i>Я..... узнал.</i> <i>Я..... понял.</i> <i>Я..... могу сделать.</i></p> <p>С. “ Approval from the satire song of Abai “ Boyu bulgan” impressions ...”</p> <p>Method: One Minute Talk</p> <p>Reflection: Success Stage</p> <p><i>I know...</i> <i>I was down ...</i> <i>I can do ...</i></p>	

С. Қ.НУСУПШАЕВА,
«І. Жансүгіров атындағы
№ 130 гимназия» КММ
қазақ тілі мен әдебиет
пәндерінің мұғалімі.
Алматы қаласы,
Әуезов ауданы

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ 175 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ӘДЕБИ КЕШ

Кештің мақсаты: Халқымыздың дана ақыны, ғұлама ойшылы, сазгер Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен әндерінің таралуын насихаттау, бүгінгі ұрпақтарының Абай мұрасына қызығушылығын арттыру, өлеңдерін, қара сөздерін, оқып-білуге, тереңірек танып түсінуге ынталандыру.

Сыныптан тыс іс-шараның көрнекілігі: Абайдың портреті, кітаптары, ақын туралы айтылған ұлы адамдардың сөздері, фотосуреттер, слайдтар, Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы туралы, Жидебайдағы Абай мұражайынан бейнежазбалар.

1-жүргізуші:

– Армысыздар, құрметті қонақтар, ұстаздар, оқушылар, әдебиет сүйер қауым!

Абай арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай мұрасы – қазақтың ең қасиетті, теңдесі жоқ, алтын қазынасы.

1-2-слайд – Абай Құнанбайұлының суреттері.

2-жүргізуші:

– Қазақтың біртуар ұлдарының бірі, данышпан ақыны,

ойшыл, дана ғұламаларының бірі, қазақ әдебиетінің шоқтығы биік ірі тұлғасы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылып отырған әдеби кешімізге қош келдіңіздер!

3-слайд – «Абай туардағы аңыз» бейнежазбадан үзінді көрсетіледі.

1-жүргізуші:

– Қалың елім, қазағым, қайран жұртым – деп өткен

Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы қалың елін, қазағын жаңа биіктерге, асқар асуларға шақыра береді.

4-слайд – «Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы» бейнежазбадан үзінді көрсетіледі.

2-жүргізуші:

– 2020 жылы қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын кеңінен ЮНЕСКО мен ТҮРКСОЙ аясында атап өту жоспарланып отыр.

1-жүргізуші:

– Ұлы ақынның 175 жылдығын тойлауға арналған үлкен шаралар жер-жерлерде басталып кетті. Абай өлеңін оқудан әлемнің түкпір-түкпірінде челлендже эстафеталар жүріп жатыр.

5-слайд – Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың, әнші Димаи Құдайбергеновтың, Қытай актері Джеки Чанның Абай өлеңдерінен оқыған челлендже эстафеталарынан үзінді бейнежазбадан көрсетіледі.

6-14-слайд – Абайдың отбасы, ата-анасы, әжесі туралы, өмірі мен шығармашылығының хронологиясы туралы слайдтар көрсетіледі.

2-жүргізуші:

– Өзгеге, көңілім, тоярсың,
Өлеңді қайтіп қоярсың?

Оны айтқанда толғанып,
Иштегі дертті жоярсың.

5-8 сынып оқушылары: Камал Аяжан, Жұмаділ Арайлым, Жанатұлы Бекзат, Дүйсен Айша ақын өлеңдерінен үзінді оқиды.

1-жүргізуші:

– Қазақтың туған бағына

Абайдай дана баласы, – деп жырлап, Абайды ерекше жаттап өскен, «Алпамыс», «Қобыланды батыр» байқауының жүлдегері, қалалық, республикалық «Абай оқулары» байқауының II орын, аудандық байқаудың Бас жүлдегері 7 «А» сынып оқушысы Ғизатұлы Санатты ортаға шақырамыз!

15-слайд – Ғизатұлы Санаттың XX Республикалық, қалалық «Абай оқулары» байқауында түскен суреттері бейнеленген.

«Масғұт» поэмасынан үзінді оқиды.

2-жүргізуші:

– **Абай** – сазгер. Оның көп өлеңдері өз әнімен тараған 30-дан астам әні, 3 күйі бар.

Құлақтан кіріп, бойды алар,

Әсем ән мен тәтті күй, – дей отырып, аудандық, қалалық «Абай оқулары» байқауының Бас жүлдегері 8 «А» сынып оқушысы Ұзақбаев Құрметті «Желсіз түнде жарық ай» әнімен ортаға шақырамыз!

17-слайд – Ұзақбаев Құрметтің XX Республикалық, қалалық «Абай оқулары» байқауында түскен суреттері бейнеленген.

1-жүргізуші:

– Абай – әдебиеттегі шебер аударма жасаудың үлгісін көрсетті. 70-80 шақты аудармалары өзге тілден дәл, нақты аударылған. Крыловтың мысалдарын, А. С. Пушкиннің «Евгений Онегинін» М.Ю. Лермонтовтың өлеңдерін

аударды.

18-20-слайдтар – «Шегіртке мен құмырсқа»

7«А» сынып оқушылары Қалыбекова Адина, Шукмет Тамила, Бердиярова Маржан «Құмырсқа мен шегіртке» мысалынан сахналық қойылым көрсетеді.

21-22-слайдтарда Абайдың кітаптары, қара сөздері көрсетіледі.

2-жүргізуші:

– Абайға дейін қазақ әдебиетінде болмаған үлгі – ол Абайдың қара сөздері.

Абайдың қара сөздері – ақынның өмір сабақтары туралы ойларын жинақтап жазған ақыл-өнеге, өсиет, гибрат сөздер.

6 «Ә» сынып оқушылары: Жұмаділ Арайлым 18-қара сөзін, Арғынбек Анель 31-қара сөзін оқуға шығады.

23-слайд – Абай туралы жазған ақын-жазушылардың сөздері.

1-жүргізуші:

– Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең, менше сүй, – деп, ортаға «Айттым сәлем, Қаламқас» әнімен музыка пәнінің мұғалімі Ахметова Тогжан Арыстанқызын шақырамыз.

24-слайд – Абайдың суреттері.

2-жүргізуші:

Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өскен кім?

Үнінен әділдіктің лебі ескен кім?

Арманын атандырып келешекке,

Біздермен осы күнгі тілдескен кім?

Тайсалмай, мыңмен жалғыз алысқан кім?

Жауына найза сөзін шанышқан кім?

Өзендей құйған барын көк теңізге,

Лермонтов, Пушкиндермен табысқан кім?

б-сынып оқушылары Расилбекова Алтынай «Онегиннің Татьянаға хаты», Арғынбек Анель «Қараңғы түнде тау қалқып» аудармаларын оқиды.

1-жүргізуші:

– Абайдың шығыстық оқиғалар сарынында жазылған «Масғұт», «Ескендір», «Әзім әңгімесі» поэмаларының идеясы ұстаздық, тәрбиелік ой - мақсаттарға бейімдеп, көпке үлгі көрсету.

Қалдыкөз Бақдәулет, Бақытбай Дәулет, Тоқбазар Әділ, Ғизатұлы Санат «Ескендір» поэмасынан сахналық қойылым көрсетеді.

25-30-слайдтар – «Ескендір» поэмасы туралы суреттер.

31-35-слайдтар – Абай аудармалары мен кітаптары.

2-жүргізуші:

– Парасатты болып туған,

Шыңғыстаудың Абайы.

Ән мен жырын мұра қылған,

Сарыарқаның Абайы.

Нақылымен сана құйған,

Қазағымның Абайы.

Ақылымен дана болған,

Бүкіл әлем Абайы! – деп, бүгінде Абай өлеңі өзге тілге аударылып, әлемнің түкпір-түкпірінде айтылып жүр.

Нурбек Риза қытай тілінде, Гюльбекен Дениз француз тілінде, Абдрахман Аяла ағылшын тілінде, Қасымбай Бибіжан ағылшын тілінде, Арғынбек Анель неміс, орыс тілінде Абай өлеңдерін жатқа оқиды.

36-37-слайдтар – Абайдың шәкірттері Шәкәрім, Көкбай, Ақылбай, Кәкітай және Мағауияның суреттері

1-жүргізуші:

– Ақын өзінің талантты шәкірттерін тәрбиелеп өсірді. Абайдың ізбасар шәкірттері Шәкәрім, Көкбай, Ақылбай, Кәкітай және Мағауия болды.

Рухымен бекем күрескен,

Санаға ғылым ұқтырған.

Сөзімен жарық, нұр құйған

Айналдық дана, текті ұлдан.

6 «Ә» - сынып оқушысы Қалдыкөз Бақдәулет Мағауия, Шәкәрімнің өлеңін оқиды.

2-жүргізуші:

– Өлмейтұғын артында сөз қалдырған Абай бүгін жарқын бейнесімен, жалынды жырымен бізбен бірге. Назарымызды Абайдың туған жері – Жидебайдағы мұражайға аударайық.

38-слайд – Жидебайдағы Абай мұражайы бейнежазбасынан үзінді көрсетіледі.

1-жүргізуші:

– «Көзімнің қарасы» әнін жұмыр жер бетіндегі әр қазақ баласы жатқа біледі десек асыра айтқандық емес. Абайдың сөзімен

Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,

Оның тәтті оралған мәні оятар.

Кейі зауық, кейі мұң дертін қозғап,

Жас балаша көңілді жақсы уатар, – деп, Абайдың тамаша әні «Көзімнің қарасын» 5-сынып оқушыларымен бірге бәріміз шырқайық.

39-слайд – «Көзімнің қарасы» әні.

40-42-слайдтар – Абай суреттері.

2-жүргізуші:

– Құрметті әдебиет сүйер қауым, Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған әдеби кешіміз соңына жетті.

Кешіміздің тыңдаушысы болғандарыңызға көптен-көп рақмет. Поэзия әлемінде келесі кездескенше қош сау болыңыздар!

Н.А.ФАТИХОВА,
Г.Е. КАРИБАЕВА,
Р.Б. ОРДАБАЕВА,
Тараз инновациялық-
гуманитарлық университеті.
Тараз қаласы

ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ АРҚЫЛЫ ҚЫЗДАРДЫ ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРГЕ ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕСІ

Андатпа

Халықтық педагогика ғылымында қазақ халқының дәстүрлі тәрбие түрлері арқылы қыздарды тәрбиелеуде жаңа ұлттық келбетін қалыптасыру көзделіп, қыз балаларымызды өз халқының рухани қазынасымен, оның ұлттық мәдениетімен, әдет-ғұрып дәстүрлерімен тереңірек танысу қажеттігін көрсетеді. Қазақ халқының алдында тұрған ең келелі мәселелердің бірі – халық педагогикасы арқылы қыз балаларды отбасылық өмірге дайындау мәселесі.

Аннотация

В народной педагогической науке предусматривается формирование нового национального облика в воспитании девушек через традиционные формы воспитания казахского народа, что указывает на необходимость более глубокого ознакомления девочек с духовными сокровищами своего народа, его национальной культурой, обычаями. Одной из самых актуальных проблем, стоящих перед казахским народом, является проблема подготовки девочек к семейной жизни через народную педагогику.

Annotation

The national pedagogical science provides for the formation of a new national image in the education of girls through traditional forms of education of the Kazakh people, which indicates the need for a deeper acquaintance of girls with the spiritual treasures of their people, their national culture and customs. One of the most urgent problems facing the Kazakh people is the problem of preparing girls for family life through folk pedagogy.

Қазақ халқы ғасырлар тоғысында тәуелсіз мемлекет болып, өзінің қоғамдағы саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени білім парадигмасы жүйесін әлемдік өркениет үлгісі бойынша дамыту үстінде. Қазақ елінің тәуелсіздік алып, әлеуметтік-экономикалық жағынан нығая бастауы, ұлттық санасының қайта жаңғыруы ұлтымыздың сан ғасырлар бойы жинаған тәлімдік тәжірибесін қазіргі жастарға білім беруде қолдану қажеттілігін туғызды. Еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «*Тарих толқынында*» атты кітабында «... ұлт мәселесіне қатысты жалпы үрдісті танып түсіну, сөз жоқ, қажет, мұнсыз мемлекеттік дамудың жалпы логикасын болжау мүмкін емес» – делінген[1]. Тәуелсіздіктің туын тігіп, еңселі ел болсақ деп ежелден армандап келген бүгінгі түркі жұртының тағдырына тікелей қатысты өзекті мәселенің ең бастысы – қазақ халқына тән ұлттық тәрбиенің озық, өнегелі дәстүрлерін қыздар тәрбиесінде пайдалану аса маңызды міндеттердің біріне айналып отырғаны даусыз. Бүгінгі таңда қазақ халқының алдында тұрған ең келелі мәселелердің бірі – халық педагогикасы арқылы қыз балаларды отбасылық өмірге дайындау мәселесі.

Қазақстан Республикасының Конституциясында «балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы» деп, отбасының міндеті нақты айтылса, «Қазақстан жолы -2050 жолдауында

халқымыздың игілігі жолында ұлы мақсаттарға жетуде ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақуатты Ел болу» деп, ұрпақ болашағы жайлы ондағы отбасының міндетін қандай сапада көруіміз керектігі белгіленген[2].

Отбасы тәрбиесінің қызметі және ондағы қыз тәрбиесі сонау қазақ халқының қалыптасуының бастау кезеңінен келе жатқандығын білеміз. Бұл жайлы Қорқыт, Ж.Баласағұн, «Қабуснама», М. Қашқари жырлары мен дастандарындағы әйел бейнесін отбасының ынтымағы мен ырысының ұйтқысы екендігін көрсетеді. Демек, әрбір отбасындағы тәлім-тәрбиенің болашағы ондағы болашақ ана-қыз бала тәрбиесіне байланысты екендігін, әйелі жақсы үйдің тәрбиесі жақсы, әйелі жаман үйдің тәрбиесі де жаман деген қорытындыға келдік [3].

Қазақ отбасындағы қыз бала тәрбиесінің әртүрлі бағыттары ертеден жан-жақты қарастырылып, тәрбие жүйесі анықталған. Қыз бала тәрбиесіне байланысты әр ата-ананың өзіндік ережесі қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жазылмаған заң тәрізді ауызша жалғасын тауып отырған. Бұл жөнінде қазақстандық ғалымдар С.Қалиев, Қ.Жарықбаев, С. Ұзақбаева, Ж.Т. Сарыбекова, К.Қожахметова, А.А. Бейсенбаев және т.б. этнопедагогикалық материалдар негізінде қазақ халқының қыз баланы отбасына тәрбиелеуге деген көзқарастарын және ондағы ерекшеліктерді кеңінен қарастырып, онда қыз баласының кескін келбетіне қарап, оның мінез-құлқы мен қабілетін, қыз балаға тән болатын қасиеттерін зерттеп келеді.

Осы орайда бүгінгі күннің тәжірибесіне көз жіберетін болсақ, отбасындағы тәлім-тәрбие мен қарым-қатынас мүлдем басқаша болып өзгерді. Қазақтың салт-санасындағы отбасы өмірінің дәстүрлері еуропалық үлгідегі дәстүрлермен

алмастырылып, ұлттық психология мен қарым-қатынас түбегейлі басқаша бағытқа бет алды. Халқымызда ғасырлар бойы отбасылық өмірдің тірегі мен дінгегі деп саналып келген ұлттық отбасы тәрбиесінің мазмұны мен формалары жыл санап өзгеріп келеді.

Отбасы – болашақ азаматтық әлеуметтену жолындағы алғашқы қадамдарын жасайтын бастапқы адым. Ол балаға алғашқы түсініктер береді, оны еңбекке баулып, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Ата-ананың іс-әрекеті мен мінез-құлқы, өмір сүру салты арқылы балаға дүниетанымдық, адамгершілік, әлеуметтік-саяси құндылықтар беріледі. Баланың бас ұстазы – ата-ана. Сондықтан мектепке дейінгі қоғамдық, ұлттық тәрбиені жаппай енгізу қыз балаға ана тілін, тарихи зердені, дәстүр мен ғұрыпты дарытатын дара әдіс-отбасылық тәрбие. Білім берудің қазіргі заманға тән тағы бір талабы – өзге мәдениетті тану, онымен өзін байыта түсу. Отбасында қыз тәрбиесін халықтық дәстүрлі тәрбие негізінде ұйымдастырудың бағыттары төмендегідей:

- *отбасының толық (толық емес) болуы;*
 - *отбасы қарым-қатынасының қыз балаға дұрыс болуы;*
 - *отбасында қыз баланың мінез-құлық ерекшеліктерін ескеруі;*
 - *отбасында қыз баланың жүріс-тұрысын ескерусіз қалдырмау;*
 - *отбасында қаталдық, ата-ананың өзара қарым-қатынасындағы қаталдық;*
 - *қыз балаға шамасы келмейтін міндеттер жүктеуі;*
 - *отбасы тәрбиесіндегі қарама-қайшылық (әкенің айтқанына анасының қарсы болуы);*
 - *отбасы тәрбиесінде дәстүрдің болмауы;*
- Кез-келген ата-ана өз баласын өнегелі сөзбен жеке басының

үлгісімен тәрбиелейді. Әсіресе, ата-ана балаға өз ана тілін, ұлттық діні мен ділін беруде үлкен роль атқарады. **Ұлтты ұлт ретінде танытатын екі нәрсе бар. Бірі – қасиетті Жер-Ана, екіншісі – тіл.** Міне, отбасындағы ұрпақ тәрбиесінде қыз балаға өз Отанын қорғау мен тілін сақтауды үйрету ұстаздар мен ата-аналарға байланысты. Қыз балада үлкендердің сөзіне, қылығына, іс-әрекетіне байланысты еліктеушілік басым болып, құрбы-құрдастарының, жора жолдастарының да ықпалы болатындығы белгілі жәйт. Сонымен бірге, қыз балаға жасалатын ерекше мейрімділіктің де, керемет қаталдықтың да, отбасындағы баланы бір-бірінен алалап қараудың да теріс нәрсе екенін, ал қыз баланың жеке басын құрметтеп, елеу, оның психологиясының дұрыс қалыптасуына жағдай жасайтынын халқымыз нақыл сөздермен және т.б. жағдайлармен дұрыс көрсеткен [4].

Халықтық педагогиканың ішіндегі отбасы мәселесі қыз балаларға нақты әдет, дағдыларды меңгерту, іскерлікке баулу, ұқыптылыққа, ерінбеуге, бастаған жұмысын аяқтауға қалыптастыруды қажет етеді. Ата-ананың дауыс ырғағын қабылдауы, көңіл-күйін білдіретін ым-ишара тұстарын дұрыс түсінуі қыз баласының ең басты міндеті болып саналады. Әке- шешенің қыз баламен қарым-қатынасында оның мінез-құлқындағы ерекшеліктерін ескермеуінен келіспеушілік туындап, ол қыз баланың түрлі психикалық кеселге ұшырауына (ашушаң, қырсық, жасқаншақ) соқтырады. Осыдан барып отбасында қыз тәрбиесінде қателіктер пайда болады.

Халықтық педагогикасы арқылы отбасында қыздарды тәрбиелеуде ананың рөлі ерекше екендігіне көз жеткізе отырып, қыз баланы болашақ ана болуға даярлау – ерте жастан бастау алса, жас отаудың іргетасы да бекем қаланады. Олай дейтініміз, болашақ ұрпақ жалғастырушысы – ер психологиясының ерекшелігін, анасы ертерек түйсігіне

енгізгенде, бала күтімі, үй күтімі, ата-енені сыйлау, күйеуінің туған-туыстарымен тығыз қарым-қатынас жасауы – қыз баланың анасынан алған тәлім-тәрбиесі мен үлгі-өнегесіне байланысты, яғни отбасы тәрбиесінде қыз тәрбиесіне терең көңіл бөліп ұйымдастыру оң нәтижесін береді.

Қыз баланы өмірге бейімдеуде мектеп, мұғалім және отбасында ата-ананың бірлескен Одағы қажет екені сөзсіз. Кез-келген адамның педагогикалық білімі бола бермейді. Сондықтан мектепте отбасындағы қыздар тәрбиесіне бағыт-бағдар берерліктей мүмкіндіктер жасалып, тәрбие орталықтарына сұраныс тууы – кезек күттірмейтін іс.

Отбасындағы қыздар тәрбиесіне мектеп тарапынан ықпал жасалып, қамқорлық қарастырылмайынша, қыздарымызды шынайы өмір – отбасылық өмірге, жұбайлық өмірге даярлау сол күйінде қала бермек.

Үздіксіз білім беру жүйесіндегі қыздарды тәрбиелеуде өзіндік қабілеттерін, іскерлік мүмкіндіктерін білімділігімен, қазақ халқының дәстүрлі тәрбие түрлері арқылы әрекет жасауда.

Осы туындаған мәселелер халықтық педагогика ғылымында қазақ халқының дәстүрлі тәрбие түрлері арқылы қыздарды тәрбиелеуде жаңа ұлттық келбетін қалыптасыру көзделіп, қыз балаларымызды өз халқының рухани қазынасымен, оның ұлттық мәдениетімен, әдет-ғұрып дәстүрлерімен тереңірек танысу қажеттігін көрсетіп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә. Назарбаев Тарих толқынында. Алматы, 1999.
2. Н.Ә. Назарбаев Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. 2014
3. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Алматы, 1995
4. Сарыбекова Ж.Т. Қыздар тәрбиесі. Тараз, 2015

Б.Т. МУРЫНБАЕВА,
М.Шоқай атындағы
№187 ІТ-мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің мұғалімі.
Қызылорда қаласы

“АЙМАН-ШОЛПАН” ЖЫРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Өлең өлшеміне келер болсақ, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының өлшеміне сай келеді.

«Айман-Шолпан» жырында да он бір буынды қара өлең ұйқасымен берілген. Бунағы үшеу және соңғы бунағы төрт буынды. Ұйқасы толымды.

*Кезі еді күні өткен үлкен соғыс,
Маман бай Торғай бойын қылған қоныс.
Жайлауы ел Шектінің Еділ, Жайық,
Қараған Орынборға жүз отыз болыс...*

*Маман бай мал біткенге болыпты мас,
Жігіттер мына жалған қолда тұрмас.
Кіші жүз, Алшын-Жаппас, Шөмекейден,
Бір кісі өлген екен, беріпті ас.*

*Маманға айуан малдың берді бағын,
Жаратты Маман батыр арғымағын.
Бір тұтқа Кіші жүзде бай еді деп,
Шөмекей Маман байға айтты сауын.*

*Сауынды тұтқалы елде ептіге айтты,
Былғайтын егескенді кектіге айтты.
«Бір сүбе Қара тауда ер еді», -деп,
Көтібар өзі батыр Шектіге айтты.*

Сөйлейді Маман батыр ауық-ауық,

*Байлатты бес жүз інген түйе сауып.
Саба артып тоғыз нарға Маман келді,
Он алты масатыдан кілем жауып.*

*Ас берген Алшын-Жаппас, Шөмекейдің,
Бар екен алтындаған жалғыз үйі.*

*Маманға сөздің затын білгізеді,
Шектінің Қара таудан келгізеді.
Маманға лайықты осы орын деп,
Маманды алтынды үйге кіргізеді.*

*Мынау үй Маман байға епті келді,
Былғайтын егескенді кекті келді,
Шай, қант пен тоғыз нарға тоқаш артып,
Көтібар өзі батыр Шекті келді.*

Жырдың оқиғасының бастауы осылай өрбіп әрі қарай дами береді. Жырдағы баяндаулардан географиялық атаулармен айтылған қазіргі кезде біз білетін көптеген жер-су, қала аттарын білеміз.

Торғай, Еділ, Жайық, Орынбор, Қаратаулардың аталуына қарағанда, жыр Исатай-Махамбет көтерілісінен кейін тууы мүмкін деген Ә.Қоңыратбаев, Қ.Жұмалиевтердің пікіріне қосылуға болады.

Жыр Қазақстанда феодалдық рудың даму шыңына жеткен, қоғамдық құрылыстың ыдырауы капитализмнің енуіне жол ашқан мезгілге, ескі мен ескінің іштей тірескен бәсекесі көшпенділік пен отырықшылықтың тізе қағысы тартысын Маман мен Көтібар арқылы көрсетсе керек.

Жырда аталатын ру аттары тарихи кезеңдерде болған адам есімі екендігі, сол аталардан тараған ұрпақтар ауыл-ауыл болып, өздерінше рулық тайпалар құрағандығы қазақ халқының тарихынан белгілі.

Оның үстіне жырдың бас қаһармандарының бірі Көтібар, оның баласы Есет – тарихта нақты болған адамдар. Арыстан да тарихта болған кісі делінеді.

Есет Көтібаров халықтың қамын жеген батыр ретінде

суретімен баспасөздердің бірінде басылып, оқырмандарға таныстырылғаны да бар.

Далаға шықсам ат ойнатқан Есетпін,

Үйге келсем, құрт қайнатқан Есетпін.

Қатын ауру, бала жас, шай қайнатып,

Нан жауып, келі түйіп жатқан Есетпін, –

деп, Есет айтыпты деген халық аузында қалған аңыз сөздер бар.

«Айман-Шолпан» жыры тұрмыс-салт жырларын бойына мол сіңірген халықтың белгілі бір дәуірдегі тұрмысын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, мінез-құлқын танытатын тарихи жырлардың бірі болумен қатар, қоғамдық құрылыстың да ауысу қайшылығын, жаңа мен ескінің өзара тартысын көрсететін тарихи жырлардың асыл мұрасы деп қарау артық болмауға тиіс.

Жырдың тақырыбы – күні өткен батырлық пен байлық емес, ақылды да айлалы адал еңбекпен жаңа қоғамның бірлік тыныштығын көксеген жастардың ескіге қарсы тартысын, күрес жолын көрсетуге негізделген.

Жырдағы ақын идеясы – күні өткен Маман мен Көтібардың құрғақ кеуде қаққанынан әрі аса алмай өздерінің тозған дәуірімен бірге тозып, жаңа қоғамның жаңа адамдары алдында дәрменсіз, шарасыз билік, бітімін баяндауға арналған.

Жырдың көркемдік ерекшеліктерінде кейіпкерлерді бейнелеуге мынадай көркемдік әдістерді қолданады.

Баяндау, монолог, диалогтар қажетті жерлерінде ұтымды пайдаланылады.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырында кездесетін пейзаж, портрет, сурттеу, жанама мінездеулер кездеспейді, кездескеннің өзінде жоқтың қасы.

Өлеңнің ішкі ұйқасы жағынан сөз мағынасымен терең қиюласқан. Жырда өлеңнің құрылысында он бір буынды қара өлеңнен басқа 7-8 буынды жыр өлшемі де жиі кездесіп отырады.

Бұл жырдың оқиғасын ойнақы, ойды еркін жеткізуге мүмкіндік туғызу үшін пайдаланған ақын тәсілі болса керек.

Жырда мұнан басқа қара сөз үлгісін түсінік беруге пайдаланып, кейіпкерлердің іс-әрекетін, ойын, көздеген мақсаттарын білдіру үшін пайдаланған. «Айман-Шолпан» жырында қара сөз үлгісі мол ұшырасып отырады.

Кейде авторлық баяндаумен берілсе, кейде кейіпкер ойы монолог және екі адамның сөйлесуі – диалог арқылы беру тәсілінде пайдаланады.

Бұл жырдың оқиғасы мен мазмұнын тыңдаушысына ұғымды етіп жеткізу мақсатында туған болса керек.

«Қобыланды батыр» жырынан басқа біз өткен жырларда қара сөз бен он бір буынды қара өлең өлшемінің және 7-8 буынды жыр өлең өлшемінің араласып келуі кездеседі. Әсіресе «Айман-Шолпан» жырында мол қамтылған.

Жырдағы кейіпкерлер образын беруде тікелей автор атынан баяндаулар арқылы беріліп отырады.

Портрет, табиғат көріністерімен байланыстырып, кейіпкер образын ашу өте сирек пайдаланылады.

Жырдың кейіпкер образын ашуға көбірек пайдаланған әдісі – жанамалап сипаттау мен бірі-бірімен сөйлескен сөздері-диалог арқылы беру.

Маман образын жырда Тамадағы байлығы жаннан асқан, жылына бес жүз інген боталатқан, бес айғырдың терісін саба қылып, «түйе мойнақ» атанған, бәйгеге қосуға жаратқан үш арғымағы барын, тоғыз нарға саба артып, он алты масаты кілем жауып, Алтын-Жаппас, Шөмекейдің асына келгені арқылы танытады.

Көтібар образы жырда Қаратауды жайлап жатқан Шектінің ері еді, егескенді есесін кетіретін батыр еді, тоғыз нарға шай, қант, тоқаш артып, Шөмекей асына келіп еді деп баяндау арқылы беріледі.

Екі жақтан асқа келген екі мықтының бірі бай, бірі батыр екенін хабардар етеді. Екі мықтының арасындағы басталған егестің сылтауы – алтынданған жалғыз үйге таласуы.

Маман байға ас-тойдың егелері Алтын-Жаппас, Шөмекейлер Көтібарды осы үйге түсіргісі келіп жағдай айтады.

*Мамеке-ау, үш жүз кісі Шекті келді,
Былғайтын егескенді кекті келді.
Жадағай киіз үйге түспей отыр,
Сіздің үй бұл мейманға епті келді.*

десе, Маман:

*Үй таңдап біздің елден не қылады,
Су артқан Қаратаудан қума кедей?
Аузына ақ тимеген қу кедейдің,
Алтыннан бақтырулы үйі бар ма?
Астында қамыс үйдің жатқан кедей,*

Үй таңдап біздің елден не қылады?– деп, менмендік көрсетіп, Көтібарды өзінен кедейсініп үйді босатпай ірілік танытады.

Маман мен Көтібар образдарын екеуінің бір-бірімен шарпысқан, кектескен, сертгескен сөздерінен тұрмыс-тіршілігін, салтанат-байлығын, мал мен басын тереңірек біле түсеміз.

Маман байлығы асқанмен баласы жоқтығын, Айман, Шолпан атты екі қызы бар екенін, Көтібардың жайдақ нарға мінгізіп, Айманды тоқалдыққа алып, бәйгеге қосқан күреңінің шаппай бәйгесін сұрағанынан хабардар боламыз.

Бір-біріне айтқан ауыр, зілді сөздерінен Маман мен Көтібар образдарын ішкі мінез бітімі жан-жақты ашылып қайсысының қандай қадір-қасиеті барлығы, мінез-құлқы, іс-әрекеті, дөрекі-топастығы, сыртқы дөң айбаты келекеге ұшыратар уытты шындықпен ашыла түседі.

Байлық пен кара күш топас ойдың жетегінде жекпе-жекке шыққанын көріп таңырқаймыз.

Кейіпкер образын ашуға пайдаланылған тәсіл – диалог, жырда ұтымды ықпал етіп, өз образдарын өздеріне Маман мен Көтібар арқылы аштырып тұр.

Арыстан образы ушыққан сөзді басып, сертгескен Маман мен Көтібар арасын бітістіруге ұмтылу арқылы көрінеді.

Арыстан:

*– Дәулеті әр пенденің бөлек-бөлек,
Көтеке, ашуды қой, ақыл керек.*

*Қымыздың қызуына желік қылған,
Шайтан сөз топ, ішінде неге керек?*

*«Менмендік екі батыр, тастаңыз» деп
– Көтеке-ау, атыңыз еркін болса жеке келер,
Келгенін аттың жеке әркім көрер.
Қосып тұр Маман батыр үш көк мойын,
Келерін кімнің аты құдай білер, –*

деп, екі менмен, әумесер батырлар арасын бітістіруге күш салып, сол арқылы екі елдің бітімшілігін, тыныштығын тілейді.

Үш жүз аттан жеке келген күрең аттың бас бәйгесіне жүз жамбы алған Көтібар желпініп, жеті жүз қол жинап, Маманды шабуға аттанады.

Арыстан ағасы Көтібарға сөзін өткізе алмаған соң, өзі бірге аттанады.

Көтібар Маманды Үрпек бастың түбінде шауып алып, қорадан мың түйесін айдап шығады. Маман қасқырдан қорыққан жаман иттей жүні жапырылып қалады.

Айман образын осы тұстан бастап жырдың аяғына дейін үзіліссіз жан-жақты баяндайды.

*Кигені Айман қыздың көкше кебіс,
Ақ мамық, алтын тақты жатқан қызға,
Келеді жаудың даусы еміс-еміс.
Ақ Айман бұл дауысты қош алмайды,
Ұйқысын шыт мамықтан аша алмайды.*

*Ақ мамық, алтын тақта жатқан сорлы,
Аяғын қорыққаннан баса алмайды.
Айманның ақ білектей білегі бар,
Майысқан жез қармақтай сүйегі бар.
Мінгізіп жайдақ нарға жөнелгенде,
Тілейтін жаудан қыздың тілегі бар.*

Жырдағы осы баяндау мен жанамалап суреттеуден Айманның сырт келбетінің қандай екенінен біршама мәліметтерге қанығып, Айман образының алғашқы қырын көреміз.

Айман қасындағы сіңілісі Шолпанмен екеуі ішкі зары мен мұң-наласын Көтібарға естіртіп, әрі әкесі Маманның Көтібармен серттескен ауыр халін көрсетіп, зарын айтады.

Айман Көтібар мен Арыстанға арнап айтқан зары арқылы өзінің сұр жорғасын Шолпанға алдыртып мінгізеді.

Айман образы өз сөзі арқылы тереңдеп ашыла түседі. Айман өткір тілді, терең ақылды, жауына есесін жібермейтін айлалы да жалынды, есті қыз ретінде танылады.

Көтібар бір аттан басқа ат бермеген соң, Айман Көтібарды қасына шақыртып, Көтібардың көзінше бақырған түйені «Қу түйе ел шапқанға обалың» деп басына ұрады. Бұл – Көтібардың өз басына ұрғанмен бірдей әрекет. Осы сөзбен түйе басына тиген қамшы Көтібардың өз басына тиген қамшы мен сүйегінен өткен ауыр сөз – Айманның Көтібарға тартқан алғашқы сыйы.

Айман образында кездесетін бұл әрекеттер Айманның Көтібар ыңғайына оңайлықпен көне кететін қыздардың бірі емес екенін танытады. Айманның іс-әрекеті, сөзімен де дәлелденіп отырады. Арыстан ұялып, Айманға бір жорғасын шайқалтып әкеліп мінгізеді.

Айман Көтібар мен Арыстаннан екеуінің бірін аулына қайтаруын сұрайды.

Көтібар үндемей тұрған соң, Арыстан біреуіне қайтуға рұқсат береді. Бұл – Айманның үлкен жеңісі еді. Айман Шолпанға ауылға қайт десе, Шолпан апасы Айманның қайтуын қалайды. Бұған Айман тұрып: *«Сенің қайтқаның артық болар, егер сен қайтпай, бұлармен бірге барсаң, бір күннен кейін отын алып, от жағып, күң болып кетерсің. Мен ажалым жетпей өлмеспін, ешкімнің қорлығына көнбеспін,»* – деп, Шолпанды оңаша алып шығып, еліне сәлем айтады.

Айман образы жырдың дамуымен бірге дамып, жарқырап ашыла түседі.

Биік қызыл құмның күн бетінде ақ сандық ішінде осындай үш есе мал бар және қасындағы ақ қобдида он бес алтын, қырық күміс табақ бар, төрт жағланда бес жүз өң шапан және жалғыз шыбық түбіндегі төрт теңде үш жүз ішік бар екенін, аралға айдап тастаған бес жүз ат, сексен інгенді алып

пайдалануды тапсырады.

Өзінің сүйген жігіті Әлібек Орынбордан қой айдап келген соң, алпыс күн мерзімнен кейін, гауһар түймелі ақ бешпентті үстіне киіп, мені құтқарып алсын, оған дейін ешкімге басымды кеспей, мен тимеймін деп қайта-қайта мықтап тапсырады.

Айманның осы сөздерінен болашағын болжайтын, көреген ақылдылығын, адамгершілік тазалығын, сүйгеніне деген адал махаббатын, бас бостандығын қорғауға ерік-жігері толық жететін қайратын танимыз.

Жырдың бас кейіпкері Маман мен Көтібар емес, Айман екені айқындала бергендей болады.

Арыстанға Шолпанды өзі апарып салуға қолқа салады, себебі он бес шалың малға қызығып сатып кетсе, он бес жас жігіт төбелесіп, Шолпанның мазасын алар деп қауіп қылады.

Айманның бұл ойында да үлкен есеп, көрегендік жатыр. Арыстанның теңі – Шолпан болса, Шолпанның теңі – Арыстан екенін білу бар. Екі жастың арасына байланыс орнату – Айман әрекетінен туындап отыр.

Шолпанды Арыстан қасына он бес жігіт ертіп алып, аулына жеткізіп салып, Қызыл құмның басында Шолпанмен қоштасар кезде: *«Бұл малды тірі болсам қайтарамын,»* – деп уәде беріп қайтады. Арыстан: *«Бұл малды Көтібар ашуын басқан соң қайтарамын,»* – деп Маман байға Шолпаннан сәлем айтады. Арыстанның бұл әрекетінен, сөзінен ел бітіміне ден қойған ақылды жастың образы танылады.

Жырда Шолпан образы Айман образын ерекшелендіріп ашу үшін ғана қосалқы бейне ретінде алынғандай көрінеді. Айманмен салыстырғанда, өзіне ғана әлі келер көп қыздардың бір ғана. Арадағы байланысшы, сәлемші сияқты бейнеде көрінеді.

Жайдақ нарға мінген Шолпанды құтқаратын да Айман, басына бостандығын алып беретін де Айман. Шолпанның образы Айман сөзімен де толық көрінеді.

Шолпан Айман сәлемін Әлібекке, Арыстан сәлемін Маман байға жеткізуші бейне ретінде алынады. Шолпан арқылы Айманның айтқан сәлеміне Әлібек тоқталады.

Әлібек те Айманнан аса алмайтыны және сүйгені Айманға шексіз сенетіні көрінеді. Алпыс күннен соң келіп, айырып алсын делінеді.

Әлібек образы күні өткен батырлықты дәріптеуге емес, жаңа қоғамның жаңа жастарының бейнесін көрсетуге негізделген. Көзсіз қара күшке сүйенбей, «*Айласыз бір іс болмас*» деген айла-амалға сүйеніп, жинаған жеті жүз қолды тоқтатады. Әлібек Айманға сенсе, Айман Әлібекке сенеді. Жастардаң бас бостандығын мақсат еткен идеяны Айман мен Әлібектің бір-біріне деген сенімі мен сүйіспеншілігінен танығандай боламыз. Бұл да ескі әдет-ғұрып, салт-сананы бұзуға қарсы қойылған жастардың жаңа образын толықтыру үшін алынса керек.

Айман образы – Көтібар мен Арыстан ақылдасып, елсізде мал үлестіргенде, өзінің үлесін сұрауы арқылы да өткір, өжет қыз екенін және жүз нар олжа алғанын алдына тартып, Көтібар олжа сұрағанда, ақылмен алдын орап, ретті де орнықты сөз айтып тоқтатып тастағанынан да ашыла түседі. Көтібар Айманнан сөзден жеңіліп, «*Той қылып, неке қиып аламын*» деп үй ішін қуантпақ болып аулына озып кетеді.

Айман қасындағы жігіттерден Көтібар мен Арыстанның жеті жасар ұлы барын сұрап алып, бір жарғақ, бір шалбар кестелейді.

Көтібардың әйелі Теңгені жігіттер мазақ етіп, «*Айманның сүйіншісіне береміз*» десе, Теңге күрең атқа мініп, Көтібарды Айманнан қызғанып, Айманды көру үшін алдынан шығады.

Теңге бейнесі де күлкілі образдардың біріне жатады. Теңгенің бет-пішіні жырда берілмесе де, істеген ерсі істері мен сөйлеген сөзі арқылы ақылынан ашуы тез, көк долы қарапайым әйелдің бірі екенін көреміз. Теңгенің атқа міне шауып, Айманның алдынан шығуы, шапанын тартқылап: «*Әлгі ат ... салып әкелген күң осы ма,өзі қандай неме?*» – деуі Теңгенің жағымсыз күлкілі бейнесін көрсетеді.

Теңге образы жігіттер сөзі мен Айман жауабында ерекше берілген.

*Қай дөңге, мына дөңге,өңге-дөңге,
Көңілден, көзден кетсе болады өзге.*

*Бар еді Көтекемнің үш қатыны,
Сұрасаң мұның аты сұлу Теңге.*

*Тағы да өңге-дөңге,өңге-дөңге,
Көңілден, көзден кетсе болады өзге.
Бар еді Көтекемнің үш қатыны,
Нақ сүйер ең кішісі-сұлу Теңге.» –*

деген жігіттер сөзі Теңгенің кім екенін анық хабардар етсе, Айманның:

*Базарда Теңге болсаң, пұл боларсың,
Қолыңа құрық алсаң, құл боларсың.
Батырдың айтқан сөзі рас болса,
Қолыма су құятын күң боларсың.» –*

деген сөзінен Теңгенің Айманды Көтібар алатын күн болса, күні қиындап, берекесі болмайтынын келекелеп есіне салып, Теңгені Көтібарға қарсы қояды. Көтібар жеме-жемге келгенде, Теңгеден аса алмай, долы қатынның ығынан шыға алмай қалады.

Теңге бейнесі арқылы Көтібардың күні өткен күйкі тірлігін келемеждеп, мазақ етеді. Айманға керегі де осы жағдай болса, оны Айман ақылдылықпен шебер пайдаланады.

Айман Арыстанның аулына түсіп, Көтібардың ұлы Есетті қолына алып, сыйлыққа жарғағы мен шалбарын берсе, бала байғазысына Арыстаннан Айманға алпыс күнге неке қимау туралы Көтібардан уәдесін алып береді. Есеттің қолқасын Арыстан алып берген соң, Көтібар Айманнан айырылғанын сезіп, бас шайқап, санын соғады.

*Үйінен батыр неғып шықпай қалды,
Отыр ма батыр қорқып қатынынан.» –*

деп Айман өлтіре сынап, Көтібардың әлсіз жағын тура айтып, бетіне салық қылады. Бірақ Көтібарда Теңгеден асар күш, билік жоқтығы анықталады. Мұнан әрі Айман Көтібарды емексітіп, атын және қару-жарағын қолға түсіреді. Мұндағы ойы Айманның екі елдің арасын жауластырмай бейбіт келісіммен біріктіру еді.

Әлібек уәделі күні мың төрт жүз жігітпен Көтібар

аулына Айманды құтқаруға келгенде, алдынан Айманның өзі шығып, Әлібекке Көтібар аулын шаппай тұра тұруды тапсырады. Әлібек сөзінен Айман сөзі қайталанып, образы тағы ашылады.

Әлібек уәдеде тұрып, Шектінің басқа аулын шауып, бес нарға жиырма қызды миңгестіріп малын айдатып, өзі он адаммен Көтібарға келген жерінде Айман екі батырды өзі төрелік беріп бітістіреді.

Айман жеке бастың кегін қумай, екі жақтың мал-басын тегіс қайтартып, Шолпанды Арыстанға күйеуге ұзатып, өзі Көтібарды өкіл әке қылып, Әлібекке күйеуге шығып бітістіреді.

Жырдың басты кейіпкері Айман образы ел қамын жеген жастардың жақсы үлгісі ретінде жырланады. Айманға қолынан келген қамқорлығын аямаған Арыстан образы да жағымды кейіпкерлердің жақсы үлгісі болып суреттеледі.

Жыр махаббаттан бұрын тұрмыс-салт жағдайындағы ел бірлігінің ынтымағын жырлауға негізделіп, аяғы жақсылықпен бітеді. Қарапайым халықтың тыныштық күйді армандаған мақсат-мүддесін көрсету – жырдың басты идеясы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ.Ж.Жұмалиев «Әдебиет теориясы» «Мектеп» баспасы, Алматы 1969 жыл.
2. Ә.Қоңыратбаев «Әдебиетті оқыту методикасы» «Мектеп» баспасы Алматы 1966 жыл.
3. Ә.Қоңыратбаев «4-7 кластарда әдебиетті оқыту методикасы» «Мектеп» баспасы, Алматы 1987.
4. М.Әуезов «Әдебиет тарихы» Алматы «Ана тілі» 1991 жыл.
5. З.Ахметов «Өлең сөздің теориясы»
6. Х.Сүйіншәлиев «Қазақ әдебиетін зерттеу жолы» Жұлдыз №5 1958 жыл.

Білікті маман тәжірибесі

**Г. С. НҮРМАНОВА,
М.Шоқай атындағы
№187 ІТ мектеп-лицейі.
Қызылорда қаласы**

ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУ – ОҚУ ҮДЕРІСІН ДАМУ ТҰРАЛЫ

Оқушылардың жетістіктерін критериалды бағалау әдісі барынша шынайы, нақты және валидті болып табылады. Критерийлер арқылы бағалау оқушыларды оқу тапсырмаларын барынша сапалы орындауға ынталандырады, білімін тереңдетіп, кеңейтеді, оқушылардың ойлау қабілетінің деңгейін көтереді. Сонымен қатар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау оқыту, оқу және бағалаудың өзара тығыз байланысына негізделген және оқу үдерісін ұйымдастыруға бірыңғай көзқарасты қамтамасыз етеді.

Қалыптастырушы бағалау – оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін және оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін бағалаудың түрі болып табылады. Қалыптастырушы бағалау арқылы мұғалім:

- оқушының оқуда қаншалықты «ілгерілегенін» айқындай алады, өзінің оқыту әдіс-тәсілдеріне өзгеріс енгізу қажеттілігін талдайды;

- қандай бағалау тәсілдері оқудың жақсы жүзеге асып жатқанын анықтауға мүмкіндік беретінін шешеді;

- қолданылған бағалау әдістерінің тиімділігін зерттейді және салыстырады;

- оқушылардың оқуы жайында барынша мол ақпарат алады.

Бағалау критерийлері оқу мақсатында не көрсетілсе, тек соны ғана бағалайды және Блум таксономиясында берілген алты ойлау дағдыларының деңгейлерін - білу мен түсіну, қолдану, талдау, жинақтау және бағалауды көрсетеді. Мұғалімнің бағалау критерийлерін оқу мақсаттарына сәйкестендіріп, нақтылап дайындауы маңызды. Одан кейін мұғалім бағалау критерийлерін сәйкестендіріп, оқушылардың жеке ерекшеліктерін, оқу мазмұнын ескеріп, тапсырма және оның дескрипторларын құрастырады. Дескрипторлар тапсырманы орындаудағы оқушы қадамын нақтылайды, нәтижеге жету жолын анықтайды, сондықтан дескрипторлар оқушыларға түсінікті болуы қажет.

5 сыныптағы «Жазылым» әрекетінің «Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру» дағдысының «Жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазу» және «Оқылым» әрекетінің «Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату» дағдысының «Хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландырудың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату» мақсатына сәйкес төмендегідей қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын құрастырылды.

Қалыптастырушы бағалау тапсырмасы

Оқу мақсаты: 5. Ж2. Жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазу.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Жоғары деңгей дағдылары

№	Тапсырма	Критерий	Дескриптор
1.	« Ж а с табиғатшылар» үйірмесінің қатысушыларының арасында жердің қадір-қасиетін түсініп, оны қорғауға жетелеу мақсатында шығармалар конкурсы ұйымдастырылатындығы туралы хабарландыру жазыңыз.	- Жазба жұмысында жанрлық ерекшелікті ескереді - Ресімделуі мен құрылымын сақтайды.	- Стилін сақтай отырып хабарландыру жазады. - Шығармалар конкурсының мақсатына назар аударады. - Мақаланы қабылау күндері, жеңімпаздарды анықтау және марапаттау қалай жүргізілетіні туралы ақпараттарды қамтиды.
2.	Сіз - ұлттық нақыштағы мейрамхана қожайынысыз. Қазақстандықтарға және шетелден келген қонақтарға мейрамханадағы қазақтың ұлттық сусындары туралы жарнама мәтінін жазыңыз (60-80 сөз).	- Жазба жұмысында жанрлық ерекшелікті ескереді - Ресімделуі мен құрылымын сақтайды.	- Жарнама жанрының талаптарын сақтайды; - Жарнама мәтінінде қазақтың ұлттық сусындарының қасиеттері туралы ақпарат береді; - Мәтін мазмұнында оқырманның назарын аударатын лепті сөйлемдерді қолданады.

3.	Төрт түлікке қатысты мақал-мәтелдерді пайдалана отырып, сүйікті үй жануарыңыз туралы досыңызға хат жазыңыз.	- Жазба жұмысында жанрлық ерекшелікті ескерді -Рәсімделуі мен құрылымын сақтайды.	- Стилін сақтай отырып хат жазады. - Хатта мақал-мәтелдер пайдаланады. - Хатты конвертті түрде немесе электронды түрде e-mail жөнелтеді.
----	---	--	--

Қалыптастырушы бағалау тапсырмасы

Оқу мақсаты: 5. О3. Хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландырудың құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату.

Бағалау критерийі:

- Хабарландыру түрлерін ажыратады
- Мәтіннің құрылымын, рәсімделуін түсіндіру арқылы жанрлық ерекшелігін көрсетеді.

Ойлау дағдыларының деңгейі: қолдану.

Тапсырма: Хабарландыру түрлерін мазмұнына қарай сәйкестендір. Төменде берілген мәтіндердің құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшелігі мен мақсатын ажырат.

1. **Мәжіліс, жиналыстарға хабарландыру**
А. Бағдарламасы ұсынылады.
2. **Мәдени шараларға хабарландыру**
В. Күн тәртібі толық
3. **Тендерге хабарландыру**
С. Жұмыс орнына тиісті талаптар.

4. **Вакансияға хабарландыру** D. Шарттары ұсынылады.

А мәтіні

15 мамыр күні, сағат 19.00-де Республика сарайында Қазақстан халық әртісі Роза Рымбаеваның «Көктем шақырады» атты концерті болады. Билеттер «Қазақконцерт» кассасында сатылады.

Мәдениет министрлігі.

В мәтіні

2018 жылдың 8 мамыр күні, таңертеңгі сағат 10.00-де Абай атындағы ҚазҰПУ мәжіліс залында Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен кездесу өткізіледі.

Бағдарламада:

1. ҚазҰПУ ректорының құттықтау сөзі.
2. Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің естелік-әңгімелері.
3. Көркемөнерпаздардың концерті.

Ректорат.

Дескриптор

1. Хабарландыру түрлерін мазмұнына қарай сәйкестендіреді.
2. Хабарландыру мақсатын анықтайды.
3. Мәтіннің құрылымы мен рәсімделуіне қатысты ерекшелікті көрсетеді.

Қалыптастырушы бағалау үдерісінде оқу мақсатына сәйкес бағалау критерийлерін және бағалау критерийлеріне сай тапсырмаларды нақты құрастырып, дескрипторларын анықтаумен қатар, оқушыларға тиімді кері байланыс беру аса маңызды.

Тиймді кері байланыс оқушының үш сұрағына жауап береді:

– Оқудың қай кезеңіндемін?

– Нәтижеге қалай жете аламын?

– Кемшіліктерді болдырмау үшін қандай жұмыстар істеймін?

Мұғалім оқушылар мен ата-аналарға кері байланыс бере отырып, оқушыларға пәнді меңгеру мен түсінуде көмекші болу арқылы олардың оқуда алға ілгерілеуін қадағалайды, сонымен қатар бағалау критерийлеріне сәйкес объективті көзқарасты ұстана отырып, оқушыларды оқуға ынталандырады. Бағалау бірінші кезекте білімнің сапасын айқындау үшін қажет. Егер де біз өз жұмысымызда елеулі табыстарға қол жеткізгіміз келсе, онда өткен уақыттағы және қазіргі нәтижелерімізді анықтауымыз керек, яғни жұмысымыздың оң жақтары мен кемшіліктерін айқындап, оны бағалауымыз қажет. Оқушыны дамытуда қалыптастырушы бағалаудың мәні зор, сондықтан ол оқу үдерісіне қатысушылардың барлығына түсінікті де анық, оқушыны жетістіктерге ынталандыратын сипатта болуы тиіс.



Авторлық бағдарлама

Б. Ғ. ҒАЛЫМЖАНОВ,
– Phd докторант,
«Өрлеу» Біліктілікті арттыру
Ұлттық орталығы,
Нұр-Сұлтан қаласы бойынша
педагогикалық кадрлардың
біліктілігін арттыру институтының
аға оқытушысы.

М. Ә. ӘБУОВА,
№ 57 орта мектептің директоры,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Нұр-Сұлтан қаласы

МӘШҲҮРТАНУ

*(7-9 сыныптарына арналған элективті курс
бағдарламасы)*

Пікір берушілер: **С.Негимов** – ф.ғ.д., профессор
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

Қ.Қ.Ахметова – п.ғ.к., «Өрлеу» БАҰО Ақ Нұр-Сұлтан
қаласы бойынша ІПҚБАИ.

«Өрлеу» БАҰО АҚ Астана қаласы бойынша педагог
қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының ғылыми
әдістемелік кеңесінде мақұлданған. 21 маусым, 2019 ж.
Хаттама № 2.

ТҮСІНІК ХАТ

Мәшһүр Жүсіптің шығармашылық мұрасы –
халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани
қазынасы. Осы қазынаны ұрпаққа аманаттау мақсатында
жалпы білім беретін мектептердің 7-9 сынып оқушыларына
арнап «Мәшһүртану» элективті курс бағдарламасын ұсынып
отырмыз.

Жалпы элективті курстың мақсаты – ақын,
фольклоршы, публицист, ауыз әдебиетін жинаушы, әулие
Мәшһүр Жүсіптің өмірінен терең мағлұматтар ұсыну,
Мәшһүр Жүсіп шығармаларын кеңінен насихаттау.

**Бұл элективті курс өзіне төмендегідей міндеттерді
жүктейді:**

*а). Ақын өмірінен жан-жақты мәліметтер беру;
ә). М.Жүсіптің ел аузынан жинақтаған ауыз әдебиеті мұралары жайлы кең түсінік қалыптастыру;*

б). Ақынның ғұмырнамасына байланысты тың деректерге иек артып, ақынның қазақ фольклоры үшін жасаған еңбегінің орнын айқындау;

в). Тарихи деректерге назар аударта отырып, тарихи оқиғаларға баға беруге үйрету;

г). Әр тақырып аясында жүйелі жұмыс жүргізу арқылы шығармашылық бағытта еңбек ету қабілеттерін нығайту;

ғ). оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдау, эстетикалық, философиялық талғамдарын, тұлғалық сезім мәдениетін дамыту;

д). ғұлама ойшылдың философиялық нақыл сөздерінің мән-мағынасын ашып, тәлімгерлік тағылымы жайында сөз ету;

жс). тарихи деректерге назар аударта отырып, тарихи оқиғаларға баға беруге үйрету;

«Мәшһүртану» элективті курсына Мәшһүр Жүсіп мұрасын жан-жақты әрі терең танытуға мүмкіндіктер жасай отырып, оқушылардың ғылыми танымын қалыптастыруды басты нысана етіп алып отырмыз.

Элективті курс бағдарламасы Ә.Пазылов. «Мәшһүр–Жүсіп мұрасы», Н.Қ.Жүсіпов. «Мәшһүр–Жүсіп Көпейұлы – фольклорист», Қ.С.Сіләмбекова. Мәшһүр–Жүсіп Көпеев поэмаларының ерекшеліктері («Гүлшат–Шеризат» поэмасы бойынша) / Қ. С. Сіләмбекова // «VII Сәтбаев оқулары» атты жас ғалымдар, студенттер және оқушылардың халықаралық ғылыми конференциясының материалдары/, Мәшһүр Жүсіп шығармалары, жинақ, 20 том, С.Негимов. Көнеден жеткен көрікті ой: [Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының көптомдық шығармалары жайлы], Ғ.Жұмағов. Мұрасы мол іздеген маржан табар: [Павлодарлық ғалым Ә. Пазыловтың «Бабалар ғұмырнамасы және Мәшһүр Жүсіп Көпеев еңбегі жайлы], Қ.П.Жүсіпов. «Мәшһүр Жүсіп мұралары: ашып қалсаң бір тарих» еңбектері негізінде мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалды.

Мәшһүртану өзінің даму жолында аса күрделі қиын күрес жолдарын бастан өтті. Мәшһүр мұрасының жайын

білу, бағалау саласында саяси-әлеуметтік жағдайларға байланысты қоғамдық ой-санада қым-қиғаш талас-тартыстар өріс алғаны белгілі. Сондықтан тәуелсіз заманның уақыт талабына орай жаңа таным мен соңғы көзқарастың ғылыми тұрғыдан тың байламдарын бүгінгі заман жастарының санасына жаңаша сіңіру міндеті алға қойылып отыр. Осы мақсатта «Мәшһүртану» элективті курсы оқушыларға жастайынан ұсынуды жөн санадық.

Бұл курста әр оқушы өзі таңдаған тақырыбы бойынша ізденіп, түрлі бағытта шығармашылық жұмыстар жасауына болады.

Бағдарламаның соңында қысқаша әдістемелік нұсқау және осы бағдарламамен жұмыс жасау барысында пайдалануға болатын әдебиеттер тізімі берілген. Элективті курстың 7-9 сыныптарға арналған тақырыптық-күнітзбелік жоспары С.Торайғыров атындағы мемлекеттік университеттің «М.Ж.Көпеевтің әдеби мұралары» тақырыбында жасаған бағдарламасы негізінде жасалды.

ТАНЫМДЫҚ МАТЕРИАЛДАР (7-СЫНЫП)

1. БАЛА МӘШҺҮРДІҢ АЛҒЫРЛЫҒЫ

*(Бала Мәшһүрдің алғырлығы мен ерекшелігі жайында)
(1 сағ.)*

2. МӘШҺҮР ЖҮСІПТІҢ АТА-ТЕГІ, ӨСКЕН ОРТАСЫ

(өскен ортасы, тегі туралы) (1 сағ.)

3. МӘШҺҮР ЖҮСІПТІҢ ИМАНДЫЛЫҚ ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ӨЛЕҢДЕРІ

(«Қанағат туралы жұмбақ өлеңі» өлеңінің философиясына үңілу, өлеңдеріне талдау) (1 сағ.)

4. «БЕС ПАРЫЗ»

*(Мәшһүр Жүсіп поэзиясының асқақ қуаты мен эстетикалық болмысын тану, өлеңдеріне шолу жасау)
(1 сағ.)*

5. МӘШҺҮР ТАНЫМЫНДАҒЫ «БЕС ҚЫМБАТ»

(Адамгершіліктің Мәшһүр Жүсіп ұсынған этикалық-

- әдеп нормалары) (1 сағ.)
6. МӘШҲҮР ТАНЫМЫНДАҒЫ «АДАМНЫҢ ЕКІ ТҮРІ» МӘСЕЛЕСІ
(«Адамның екі түрі» мәселесінің қыр-сырына үңілу)
(1 сағ.)
7. МӘШҲҮР ЖҮСІПТІҢ АФОРИЗМДЕРІ
(1-5 афоризмді оқу, түсіну, талдау, ойқорыту)
(1 сағ.)
8. МӘШҲҮР ЖҮСІПТІҢ АФОРИЗМДЕРІ
(6-10 афоризмді оқу, түсіну, талдау, ойқорыту)
(1 сағ.)
9. МӘШҲҮР ЖҮСІПТІҢ АФОРИЗМДЕРІ МЕН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҮНДЕСТІК
(афоризм мен өлеңдеріндегі үндестікті табу, салыстыру, ойқорыту)
(2 сағ.)
10. МӘШҲҮР ЖҮСІП АФОРИЗМДЕРІНІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ
(Мәшһүрдің философиялық ойлары турасында)
(1сағ.)
11. МӘШҲҮР ЖҮСІПТІҢ МЫСАЛ ӨЛЕҢДЕРІ МЕН АЙТЫСТАРЫ
(«М.Жүсіптің қарғамен айтысы», «Фибратнама» өлеңімен танысу, талдау)
(1 сағ.)
12. М.ЖҮСІПТІҢ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІГІ
(Қазақ поэзиясының тарихына шолу жасау және жазба әдебиеттің қалыптасуы туралы)
(1 сағ.)
13. М.ЖҮСІП ӨЛЕҢДЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ
(Мәшһүр тұсындағы ақындар мен Мәшһүр Жүсіп оқыған ақындар жайында ойтолғау, Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің көркемдік ерекшелігін таныту)
(2 сағ.)
14. МӘШҲҮР ЖҮСІП АФОРИЗМДЕРІНІҢ ТІЛІ

- (М.Жүсіп афоризмдерінің тілі турасында) (2 сағ.)
15. МӘШҲҮР ЖҮСІПТІҢ ӘУЛИЕЛІГІ
(М.Жүсіптің әулиелігі турасында) (2 сағ.)
16. М.ЖҮСІПТІҢ АҚЫНДЫҚ МЕКТЕБІ
(Мәшһүр Жүсіп тұсындағы ақындар мен Мәшһүр Жүсіп оқыған ақындар жайында)
(1 сағ.)
17. МӘШҲҮР ЖҮСІП ПЕН АБАЙ ЖӘНЕ ШӘКӘРІМ АРАСЫНДАҒЫ РУХАНИ САБАҚТАСТЫҚ
(Шәкәрімнің «Үш анығы» мен «Ар ғылымы» және «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» туралы сабақтастық турасында)
(2 сағ.)
18. М.ЖҮСІП ЖӘНЕ ШЫҒЫС ӘЛЕМІ
(шығыс шайырларының М.Жүсіп шығармашылығына ықпалы)
(1 сағ.)
19. АҚЫНДЫҚ ӨНЕР МЕН ОЙ ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫСТАР
(«Алдыма ұзап түсіп, бәйге алған жоқ»... эссе жазу)
(2 сағ.)
20. М.ЖҮСІПТІҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ
(М.Жүсіптің өзгеге берген нәрі турасында)
(2 сағ.)
21. М.ЖҮСІП ПОЭЗИЯСЫ
(Поэзия кешін ұйымдастыру)
(1 сағ.)
22. М.ЖҮСІП – ЭТНОГРАФ
(М.Жүсіптің «Месі» турасында)
(1 сағ.)
23. М.ЖҮСІП – ТАРИХШЫ
(Қазақ шежіресі, тарихи тұлғалар, хандар тарихы туралы деректерімен жұмыс)
(2 сағ.)

24. МӘШҺҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖАЙЛЫ ОЙ-ПІКІРЛЕР

(М.Жүсіп шығармашылығы туралы ой-пікірлермен танысу, талқылау)

(2 сағ.)

25. ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ

(М.Жүсіптің «Адамзат» туралы ілімі)

(1 сағ.)

«МӘШҺҮРТАНУ» ЭЛЕКТИВТІ КУРСЫ БОЙЫНША ТАҚЫРЫПТЫҚ-КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР

7-сынып

№	Тақырып-тар	Оқу мақсаты	Тақырыптың мазмұны	Шығармашылық жұмыстар	Сағ. саны
1.	Б а л а Мәшһүрдің алғырлығы	А л г ы р Мәшһүрмен танысу (ТЖ)	Б а л а Мәшһүрдің алғырлығы мен ерекшелігі ж а й ы н д а е р е к ш е мағұлматтар	« М ә ш һ ү р » деректі фильмін көру, талқылау	1.
2.	М ә ш һ ү р Жүсіптің ата-тегі, өскен ортасы	М . Ж ү с і п тегін білу (ТЖ)	М . Ж ү с і п т ө с к е н о р т а с ы , тегі туралы мағұлмат	« М ә ш һ ү р » м ұ р а ж а й ы н а б а р у , материалдармен танысу. Хронологиялық кесте жасау.	1.
3.	М ә ш һ ү р Жүсіптің имандылық тақырыбындағы өлеңдері	М . Ж ү с і п т ің имандылық тақырыбындағы өлеңдерін талдау (АИ)	« Қ а н а г а т т у р а л ы ж ұ м б а қ ө л ең і » ө л ең і н ің философиясына үңілу, өлеңдеріне талдау жасау	К і т а п х а н а қ о р ы н д а г ы материалдармен және о қ у л ы қ п е н жұмыс	1.
4.	«Бес парыз» өлеңі	«Бес парыз» өлеңін талдау (АИ)	Мәшһүр Жүсіп поэзиясының а с қ а қ қуаты мен эстетикалық б о л м ы с ы н т а н у , өлеңдеріне шолу жасау	Оқы, ойлан, ойбөліс... ойтолғау	1.

5.	М ә ш һ ү р танымындағы «Бес қымбат»	М ә ш һ ү р танымындағы «Бес қымбат» өлеңін талдау (АИ)	адамгершіліктің М ә ш һ ү р Жүсіп ұсынған этикалық-әдеп нормалары	М . Ж ү с і п т ің «адамгершілік мұрағаттары» бағытындағы еңбегімен жұмыс.	1.
6.	М ә ш һ ү р танымындағы «Адамның екі түрі» мәселесі	«Адамның екі түрі» мәселесі (АИ)	« А д а м н ың екі түрі» мәселесінің қыр-сырына үңілу	« М ә ш һ ү р » журналымен жұмыс	1.
7.	М ә ш һ ү р Жүсіптің афоризмдері	Афоризмдерін білу, түсіну (ТЖ)	1-5 афоризмді оқу, түсіну, т а л д а у , ойқорыту	М . Ж ү с і п т ің философиялық о й л а р ы бойынша ой бөлісу	1.
8.	М ә ш һ ү р Жүсіптің афоризмдері	Афоризмдерін талдау (АИ)	6-10 афоризмді оқу, түсіну, т а л д а у , ойқорыту	Афоризмдердің философиясы (эссе жазу)	1.
9.	М ә ш һ ү р Жүсіптің афоризмдері мен поэзиясындағы үндестік	Афоризмдер мен поэзиясындағы үндестікті салыстыру (БС)	Афоризм мен өлеңдеріндегі үндестікті т а б у , салыстыру, ойқорыту	Афоризм мен поэзиядағы үндестік бойынша Венн диаграммасымен жұмыс	1.
10.	М ә ш һ ү р Жүсіп афоризмдерінің философиялық мәні	Афоризмнің философиялық мәнін түсіну (ТЖ)	М ә ш һ ү р д ің философиялық ойлары турасында)	Философиялық көзқарас дегеніміз не? ізденіс жаса	1.
11.	М ә ш һ ү р Жүсіптің мысал өлеңдері мен айтыстары	м ы с а л өлеңдері мен айтыстарын талдау (АИ)	«М. Жүсіптің қарғамен айтысы», «Ғибратнама» өлеңі мен танысу, талдау	М . Ж ү с і п т ің мысал және айтыс өлеңдеріндегі шеберлікті тану	1.
12.	М.Жүсіптің қазіргі поэзиясындағы ерекшелігі	Қ а з а қ поэзиясындағы ерекшелігі (БС)	Қ а з а қ поэзиясының тарихына шолу жасау және жазба әдебиеттің қалыптасуы туралы	Поэзиясындағы ерекшелік деген не? пікірлесу	1.
13.	М . Ж ү с і п өлеңдерінің	М . Ж ү с і п өлеңдерінің	М ә ш һ ү р тұсындағы	Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің	

	көркемдік ерекшелігі	көркемдік ерекшелігін тану (БС)	ақындар мен Мәшһүр Жүсіп оқыған ақындар жайында ой толғау, Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің көркемдік ерекшелігін тану	көркемдік ерекшелігін тану. Баяндама жасау	2.
14.	Мәшһүр Жүсіп афоризмдерінің тілі	Афоризмдерінің тілін талдау (АИ)	М. Жүсіп афоризмдерінің тілі турасында	афоризмдер тілі деген не? (ойбөліс)	2.
15.	Мәшһүр Жүсіптің әулиелігі	Әулиелігін бағалау (БС)	М. Жүсіптің әулиелігі турасында	М. Жүсіптің әулиелігі бойынша деректермен бөлісу	2.
16.	М. Жүсіптің ақындық мектебі	М. Жүсіптің ақындық мектебін білу (ТЖ)	Мәшһүр Жүсіп тұсындағы ақындар мен Мәшһүр Жүсіп оқыған ақындар жайында	Зерттеу жұмыстарымен жұмыс жүргізу	1.
17.	Мәшһүр Жүсіп пен Абай және Шәкәрім арасындағы рухани сабақтастық	Рухани сабақтастықты тану (БС)	Шәкәрімнің «Үш анығы» мен «Арғылымы» және «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» туралы сабақтастық турасында	«Мәшһүр-танушы» галымдардың ғылыми еңбектерімен танысу	2.
18.	М. Жүсіп және шығыс әлемі	М. Жүсіп шығыс әлемін тану (ТЖ)	Шығыс шайырларының М. Жүсіп шығармашылығына ықпалы	Әдебиет теориясымен жұмыс. Салыстыру жұмыстары	1.
19.	Ақындық өнер мен ой туралы толғаныстар	Өнер мен ойды талдау (АИ)	«Алдыма ұзап түсіп, бәйге алған жоқ»... эссе жазу	Орамды ойды түсіру жұмыстары	2.
20.	М. Жүсіптің нақыл сөздері	Нақыл сөздерін	М. Жүсіптің өзгеге берген нәрі турасында	М. Жүсіптің нақыл сөздері	2.

		бағалау (БС)	бойынша бейнеролик жасау.		1.
21.	М. Жүсіп поэзиясы	Поэзияны сезіну (ТЖ)	Поэзия кешін ұйымдастыру	Әркімге Мәшһүр болу болмас оңай!... кеш	1.
22.	М. Жүсіп этнограф	Этнограф ретінде білу (ТЖ)	М. Жүсіптің «Месі» турасында	30 томдық «Мес» жинағына шолу	1.
23.	М. Жүсіп тарихшы	Тарихшы ретінде тану (ТЖ)	Қазақ тарихы туралы жазылған жемісті еңбегі – «қазақ түбі» хақында	«Қазақ түбі» еңбегін саралау	2.
24.	Мәшһүр Жүсіп шығармашылығы жайлы ой-пікірлер	Шығармашылығы жайлы пікірлерді талдау (АИ)	М. Жүсіп шығармашылығы туралы ой-пікірлермен танысу, талқылау	Ой-пікірлер бойынша қор әзірлеу	2.
25.	Қорытынды сабақ	Құрсты бағалау (БС)	М. Жүсіптің «Адамзат» туралы ілімі	Дөңгелек үстел: «Мәшһүр-тану»	1.
	БАРЛЫҒЫ				34.

(Жалғасы келесі санда)

З.Т. МУХАМЕДЬЯРОВА,
№9 жалпы орта білім беретін
мектебінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі.
БҚО,
Орал қаласы

ЖЕТІНШІ СЫНЫПТАРДА РИТОРИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІН ОҚЫТУ

Андатпа

Аталмыш авторлық бағдарлама жеткіншектерді шешен сөйлеуге баулуға септеседі. Оқушылардың тіл мәдениетінің артуы үшін олар қарым-қатынас мәдениетін игеруі тиісті. Бұл ретте де авторлық бағдарламаның маңызы зор. Авторлық бағдарлама мектеп мұғалімдері мен тіл жанашырларына арналған.

Түйін

Шешендіктану, мұра, құндылық, инвенция, лингвистика.

Түсінік хат

Риторика қазіргі таңда негізі қаланған, заңдылықтар жүйесі айқындалып, бір ізге түскен сала. Риторика пәнін оқыту арқылы оқушыны жеке адам ретінде қалыптастыру-қазіргі Қазақстан қоғамының жалпы білім саласының алдына қойып отырған педагогикалық мәселелерді шешуге үлес қосу болып табылады. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде оқушылардың қатысымдық –сөйлеу қызметін белсендіруді, дамытуды көптеген пәндер жүзеге асырады, дегенмен «Риторика» пәнінің орны айрықша, себебі жалпы орта білім жүйесіндегі бұл пән заман талабынан туындаған пән ретінде сипатталады. Ол бұрыннан оқытылып жүрген «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Тіл мәдениеті» пәндерінің міндеттерін синтездеу емес, шешендік өнерге үйрету үшін дәстүрлі шешендіктану заңдылықтарын жүйелеу, оның әдістемесі туралы пікірлерді бір арнаға тоғыстыру болып табылады.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңының 11-бабында: «*Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау*», – деп атап көрсетіледі.

Ендеше, риторика – қазақтың ұлттық құндылығын да, жалпы адамзаттық құндылыққа да тән мұра ретінде қазіргі таңда жалпы білім саласы алдында тұрған басты мақсатқа – жан-жақты жетілген, қоғам қойған барлық талапқа сай жеке тұлға тәрбиелеп шығаруға қол жеткізудің басты құралдарының бірі.

Факультатив курсы 34 сағатқа құрылған.

Курс міндеттері:

1. *Оқушылардың қисынды ойлау қабілетін дамыту, тіл байлығын молайту, сөздік қорын кеңейту.*

2. *Өз ойын дұрыс, анық, тілдік, сөздік нормаларды сақтай отырып, ауызша және жазбаша түрде көркем жеткізе білу. Шығармашылық ойлау қабілет-дағдыларын дамыту, тіл мәдениетін, сөйлеу мәдениетін игерту.*

Курс мақсаттары:

1. *Әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стилистикалық, орфоэпиялық, орфографиялық, нормаларын меңгерту, сонымен бірге бейнелеуіш, көркітеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасаудың мақсатына сай келетін аса қажеттісін талғап ала білу арқылы ой мен сезімді дәлме-дәл жеткізе білу шеберлігі – сөз мәдениетінің биік шыңы екенін оқушыларға түсіндіру.*

**Риторика өнеріне оқыту үдерісінің құрылымы
төмендегіше сипатталады:**

1.Мақсатты компонент: *ықпалды, мақсатты, үйлесімді*

сөз тудыру тәсілдерін оқыту, риторикалық құзыреттілікті дамыту, тұғырлы тілдік тұлға қалыптастыру;

2. Міндеттік компонент: *оқыту үдерісінің практикалық бағыты, оқыту үдерісіне тұлғаға бағытталған көзқарас, оқушылардың қатысымдық және тұлғалық талпыныстарын жүзеге асыру;*

3. Мазмұндық компонент: *пән бойынша оқу бағдарламалары мен құралдары арқылы анықталған және ғылыми негізделген білім, білік, дағды жиынтығы*

4. Әдістемелік компонент: *әдіс-тәсілдер мен әдістемелік құралдар жүйесі, білім беру уақыты мен кеңістігін ұйымдастыру формалары жүйесі;*

5. Бақылау-реттеу компоненті: *оқушылардың ауызша жеке және топпен сөйленетін сөздері, жазба жұмыстары, өз бетімен жүргізілетін және шығармашылық жұмыстар.*

6. Бағалау-қорытынды компоненті: *мұғалімнің бағалауы, оқушылар бағалауы, өзін-өзі бағалауы.*

Қолданылатын әдіс-тәсілдер:

1. Риторика өнерін оқытудың белсенді әдістеріне мыналар жатады: радио мен теледидарда сөйлеуге даярлану, «Төле би жұлдесі» үшін шешендік шеберлік сайысы; «Төк-шоу» ойын сабағы, ақыл-ойды дамытушы, лексикалық қор мен сөйлеудің грамматикалық қатарын дамытушы: қос-қостан немесе топтық жұмыстану арқылы шешендік сөз үлгілерін талқылау; газетке мақала даярлау, досына, мұғалімге, газет редакторына хат жазу, оқиға орынан репортаж; сөйлеу техникасын жаттықтырушы, сыныпты меңгерту тәсілдеріне үйретуші; рольдік тренингтер, мәлімдеме жасау, сөз сапасын бақылау, өзін-өзі бақылау, тәжірибелі шешен немесе сыныптасының сөзін ұжымдық талқылау; жеке сөйленген сөзді бейнетаспаға жазып, талқылау; саяхат-сабақ. Дәріс сабағы, семинар сабағы, зертханалық жұмыстар, оқу және ғылыми конференция сабақтары, ойын сабағы.

Оқытудың қосымша түрлері: *үй жұмысы, экскурсия сабақ, кеңес сабағы, жеке және топтық жұмыс,*

факультатив, пән бойынша сыныптан тыс шаралар.

«7-сыныпта риторика элементтерін оқыту» факультативінің тәрбиелік мақсаттары:

1. *Риторика өнерін оқыту арқылы оқушылардың адами тұлғасын қалыптастыру, олардың бойында жалпыадамзаттық, азаматтық құндылықтарды дарыту;*

2. *Риторикалық білімді, адамгершілігі мол, тұлғалық қарым-қатынас қабілетіне де, диалогтік негізде мәдени, өзара сыйластыққа толы қарым-қатынас жасауға бейімді тұлғаны тәрбиелеу;*

«7-сыныпта риторика элементтерін оқыту» факультативінің психологиялық негіздері:

1. *Оқушы ғылым мен білімді игеруге ұмтылу барысында теориялық пайымдау қабілетін игереді.*

2. *Логикалық тапсырмаларды орындау қабілетіне ие болады;*

3. *Болжамдарды құру және оларды пайымдауды үйренеді;*

4. *Сыни көзқарас қалыптастырады.*

«7-сыныпта риторика элементтерін оқыту» факультативінің педагогикалық негіздері

1. *Оқыту мен тәрбиелеудің жалпы заңдарын, олардың тұжырымдамаларын зерттейтін ғылым саласы педагогика десек, өзге пәндерді оқыту секілді риториканы оқыту да педагогиканың басты мақсатына қызмет етуі тиіс.*

2. *Бұл мақсатқа қол жеткізу пәнді оқытуды дидактикалық қағидаттар мен заңдылықтар негізінде жүзеге асырғанда ғана мүмкін болмақ. Риториканы оқыту әдістемесінде де жалпыдидактикалық ғылымилық, көрнекілік, саналылық, белсенділік, білімнің беріктігі, жүйелілік, бірізділік сақталады.*

3. *Оқытудың ұжымдық сипаты мен оқушылардың жеке қабілет, ерекшеліктері ескеріледі.*

Күтілетін нәтижелер:

1. Оқушылардың қатысымдық қабілеттерінің айтарлықтай өсуі;
2. Оқушылар бойында сөйлеу кезінде дәлелдеу тәсілдерін қолданудың бастапқы білік-дағдылары, сондай-ақ сөйленер сөзді мақал-мәтелдермен, мысалдармен, риторикалық сұрақтармен айшықтау біліктері қалыптасуы;
3. Тілдік қателіктер жіберу пайызының төмендеуі, оқушылардың сөз мәдениеті деңгейінің жоғарылауы,
4. Оқушылар сөзіндегі дикцияның айқындалуы, «артық», «қажетсіз сөздер» мен орынсыз кідірістер көрсеткіштері пайызының төмендеуі;
5. Сөйлеу мәдениеті дәрежесінің жоғарылауы.

7- сыныпта риторика элементтерін оқыту

№	Тақырыбы	Сағат саны
1.	Риторика деген не?	
2.	Сөз құдіреті туралы	
3.	Шешендіктану ғылымы, пәні	
4.	Шешендіктану ілімінің жіктелімі	
5.	Шешендік сөздің негізгі түрлері	
6.	Шешендіктанудың өзге ғылымдармен байланысы	
7.	Шешендіктану бойынша берілер білімнің лингвистикалық негіздері	
8.	Шешендік сөз және тілдік жағдаят	
9.	Шешендік сөз және тілдің функционалдық стильдері	
10.	Шешендік сөз және сөздің функционалды –мағыналық түрлері	
11.	Жалпы шешендіктану негіздері	
12.	Сөз сөйлеудің үш тұғыр -бастауы	
13.	Инвенция. Айтарыңды ойластыру. Сөйленер сөз мазмұны	
14.	Тақырып таңдау	
15.	Мәселені екішеу	
16.	Сөйленер сөз атауы	

17.	Сөз сөйлеу мақсатының анықталуы
18.	Материал жинау
19.	Диспозиция
20.	Ойластырылған материалдың орналасуы
21.	Жоспар және композиция
22.	Баяндау композициясы
23.	Сипаттау композициясы
24.	Элокуция
25.	Шешендік сөздегі сөзбен кескіндеудің негізгі талаптары
26.	Сөз нормалылығы
27.	Сөз дәлдігі
28.	Сөз логикалығы
29.	Сөз бейнелілігі, эмоционалды-экспрессивтілігі
30.	Қанатты сөздерге үңілсек
31.	Қарым-қатынасты тиімді етер қағидалар
32.	Сөйлеу мәдениеті деңгейін көтеруге қажетті дағдылар
33.	Конфуций ойының астары неде?
34.	«Біз әңгімешілміз бе?» тренингі

Қолданылған әдебиеттер:

1. А.С. Қыдыршаев. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Алматы:2000, 270 б
2. А.С. Қыдыршаев. Шешендіктану. Орал, «Ағартушы» баспа-лингвистикалық орталығы, 2004, -15б
3. Сырымның шешендік сөздері. Құрастырушылар: Б.Қорқытов, А.Нұрғалиев, Ө. Әлімгереев-Алматы: Ана тілі, 1994-48 б
4. Негимов С. «Шешендік өнер» Оқу құралы, Алматы: Ана тілі, 1997-208 б
5. Шешендік шиырлары: шешендік сөздер, нақылдар мен толғаулар жинағы.-Алматы: Қайнар, 1993-240 б
6. Тілеужанов М.М Сырым Датұлы және оның шешендік өнері. - Орал: Полиграфия, 1991-46б
7. Адамов, Евгений Артемьевич Пропагандисту об ораторском искусстве.-М.Московский рабочий, 1983-160 б.
- 8.Александров, Дмитрий Н. Риторика: Учебное пособие для Вузов.-М..ЮНИТИ-Дана.

Ж.А. САҒЫНОВА,
«Бейнеу аудандық әкімдігінің
Ж. Қалдығараев атындағы орта мектебі»
КММ-нің қазақ тілі мен
әдебиеті пәндерінің мұғалімі.
Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы

БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ЖИНАЛУЫ МЕН ЗЕРТТЕЛУІ

«Балалар фольклоры» деген ұғымның ауқымы кең. Бұған ауыз әдебиеті үлгілерінің көптеген жанрлары мен жанрлық түрлері жатады. Олардың ішінде қара сөз түріндегі шығармалар да, үлкенді-кішілі түрлі мақсатпен айтылатын өлең-жырлар да бар. Бұған қоса ойынға байланысты және ертегі, аңыз-әңгімелерде жиі кездесетін ырғақты прозаның да балалар фольклорынан алатын орны ерекше. Дегенмен, ауыз әдебиеті үлгілерінің кез келгенін, мәселен, эпостық жырларды, мақал-мәтелдерді балаларға лайықты іріктеп, өңдеп жариялауға болғанымен, олардың барлығын «балалар фольклоры» деген ұғымға толығымен жатқызуға болмайды. Ауыз әдебиетінің кез келген жанрларынан балаларға үлгі боларлықтай, тәрбиелік маңызы зор шығармаларды көптеп кездестіреміз. Бірақ олар балалардың өзіне ғана арналған, болмаса балалардың өз шығармашылығының нәтижесінде пайда болған ауызша сөз өнерінің белгілерін сипаттай алмайды. Ал, ертегі, аңыз-әңгімелер, төрт түлікке арналған жырларды, жұмбақтардың үлкендерге де, балаларға да қатысы бар.

Қазақ фольклоры алғашқы үлгілерінің жүйелі түрде жиналып зерттеле бастауы ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталады. Қазақ фольклорын жинаушылар ол кезеңде балалар фольклорына арнайы көңіл бөлген жоқ, халық мұрасының бір қыры ретінде бесік жыры, жұмбақтар, өтірік өлеңдер сияқты танымал жанрларды қағазға түсірді.

Мысалы, Радловтың *«Түркі тайпаларының халық әдебиеті үлгілері»* еңбегінің қазақ фольклорына арналған үшінші томында өтірік өлең үлгісі кездеседі. Ы.Алтынсариннің *«Қазақ хрестоматиясында» (1879)* қазақ халық әдебиетінің озық үлгілерінен балаларға лайықталған тамаша үзінділер мол. Олар жас ұрпақты тәрбиелеуде ауыз әдебиетінің де маңызды рөл атқаратындығын жақсы түсінді.

Кенес үкіметінің алғашқы жылдарында бұл мәселе қауырт қолға алынып, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов, Н.Құлжанова, М.Жолдыбаев, Б.Майлин, М.Әуезов сияқты қазақ оқығандарының педагогикалық еңбектерінде заңды жалғасын тапты. М.Дулатовтың *«Қирағат» атты оқу құралында (1911)* фольклорлық үлгілер аса мол қамтылған. 1926 жылы шыққан *«Балаларға тарту» жинағында* халық поэзиясының балаларға арналған үлгілері тұңғыш рет толығырақ топтастырылды. І.Жансүгіров құрастырған *«Ел өтірігі» кітабы да (1927)* – осы жылдардағы бағалы жинақтардың бірі болды. Бұл кезеңде қазақ балалар фольклорының үлгілері жиналып, жарық көріп қана қойған жоқ, зерттеушілер назарына да іліне бастады. А.Байтұрсыновтың *«Әдебиет танытқыш» еңбегінде өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, тақпақ, жарпазан, бесік жыры сияқты терминдер* алғаш ғылыми айналысқа түсіп, мағыналық жағынан тиянақталады. Ғалым ауыз әдебиетінің жанрлық түрлерінің балалар репертуарынан алатын орнына да назар аударады. Х.Досмұхамедовтың *«Қазақ халық әдебиеті» (1924)* еңбегі де бала табиғаты мен тілінің дамуы жөніндегі мәселені анықтауға да мол мүмкіндік береді. Салмақты сілтеме ойларды *М.Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1927), С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» (1932) кітаптарынан да* кездестіреміз. Кейінгі жылдары тұрпайы социологиялық саясаттың салқынынан күңгірт тартқанымен, зерттеушілер еңбектерінде әр қырынан белгілі дәрежеде көрініс тауып келеді. Бұл орайда, Х.Арғынбаев, С.Қалиев, Қ.Жарықбаев, Н.Оршыбеков,

А.Төлеубаев, Е.Сағындықов сияқты ғалымдардың халық педагогикасына қатысты еңбектерін атаған жөн [1, 18].

М.Ғабдуллин **«Қазақ халқының ауыз әдебиеті» оқулығында** ауыз әдебиеті үлгілерінің жанрлық түрлеріне сипаттама береді. Ш.Ахметов **«балалар фольклоры» терминін** өз еңбегінде алғаш қолданып, түсініктеме береді. Балалар фольклорының ішкі жанрлық түрлерін өзгеше саралайды. Б.Уахатов **«Қазақтың халық өлеңдері» монографиясында** балалар өлеңдеріне жеке бөлім арнаса, **«Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» кітабында** оның түркі тектес халықтар фольклорымен ортақ желілеріне тоқталады. Халқымыздың балалар фольклоры жанрлық құрамы жағынан сан-салалы, соған лайықты олардың атқаратын қызметі де түрліше. Зерттеу еңбектерінде дәстүр бойынша оларды шығу, орындау ерекшеліктеріне қарай үлкендердің балаларға арнап шығарған, бірақ, негізінен, **балалардың қоржынында сақталған шығармалар және балалардың өздері таратқан өлең-жырлар деп екі салаға жіктеу қалыптасқан [2].**

Қазақ балалар фольклорын саралап жіктейтін болсақ, олардың ішінде кейбір жанрлардың үлкендерге де, балаларға да ортақ екендігін көреміз. Олар: *ертегілер, жұмбақтар, өтірік өлеңдер, төрт түлік жырлары т.б.* Алайда, осы жанрларға жататын көркем шығармалардың мазмұны, түр-сипаты, ішкі табиғаты бірдей емес. Олардың ішінде балалар айтатын өздеріне ғана лайықты өлең-жырлар бар:

*Қой баласы – қоңырым,
Қойдан жуас момыным,
Шопан ата түлігі –
Қошақаным, қайдасың?
Пұшайт, пұшайт!*

Төлді қалай шақыру, малдың баласын сүюі, бөбектің төрт түлікке айтқан тілегі, қой мен ешкінің айтысы, сондай-ақ шешілуі оңай, құрылысы қарапайым жұмбақтар, ұғымға жеңіл өтірік өлеңдер, бұлардың қай-қайсысы да балалар репертуарында молынан сақталған. Бұл жырлардың алғашқы

шығарушылары ересек адамдар болуы әбден ықтимал.

Балалар фольклорын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, балдырғандарға үйретіп отыратын да негізінен үлкендер болса керек. Демек, үлкендер мен балалар творчествосының тығыз қарым-қатынаста болуы, ауыс-түйіс ортақ шығармалардың екеуінде де ұшырасуы заңды. Алайда ауызша ұжымдық творчествоның ерекшелігі сонда, олар көпшіліктің талап-тілегіне лайықты ұзақ сүзгіден өтіп, өңделіп, түрлі сыннан өткен дәстүрлі қалыпқа түспейінше толық мағынасындағы фольклорлық шығарма бола алмайды.

Осы тұрғыдан келгенде, балалар фольклоры да о баста кім шығарғанына, қалай пайда болғанына қарамастан, балалар ұжымының өзіндік сүзгісінен өтеді. Өз ұғымдарына, түсініктеріне, тіл оралымына, іс-әрекеттеріне сәйкес емес, туындылар көпшілік тарапынан қабылданбайды. Ал қабылданған жағдайда балалар творчествосының дәстүріне лайықты іс жүзінде өзгеріп, өңделеді. Оралымсыз тіркестер, ұғымға ауыр шумақтар ұмытылады.

Осы тұста бір ескеретін жағдай – балалар фольклорының кейбір үлгілерінде мазмұнға жеткілікті мән беріле бермейді. Ұйқасы оңай, ойнақы болса, әсіресе, түрлі іс-әрекеттерге айтылуы сәйкес келсе, ондай өлеңдер көбірек қолдау табады. Осындай өзгешелікті біз, әсіресе, ойын өлеңдерінен анық көреміз.

Балаларға арналған халық өлеңдері. Жалпы дамыған елдер өміріне көз жіберсек, фольклорлық жанрлардың бірінен соң бірінің балалар репертуарына біртіндеп көшіп жатқандығын байқауға болады. **Мәселен, кәдімгі ертегі.** Шығу тегі жағына келсек, бұл ересектер фольклорының көнеден келе жатқан күрделі де, негізгі жанрларының бірі. Бірақ ол бүгін таза балалардың сүйіктісіне айналып кетті емес пе? Бүгінгі сәбидің ойлау жүйесі бір кездегі адамзаттың балаң кезіндегі ойлау жүйесімен көп жағдайда сәйкес шығып жатады. **Міне, осы тұрғыдан келгенде, балалар шығармашылығы мен ересектер мұрасының арасына қазіргі кезеңде шек қоюға тырысудың өзі –**

шартты мәселе. Бұл шарттылық шынтуайтына келгенде, кез-келген ғылыми зерттеудің мүддесіне байланысты бой көтереді. Сонымен зерттеушілер балалар фольклорын саралау кезінде көп жағдайда шығармалардың авторы мен орындаушыларына мән беріп, оларды «*балаларға арналған үлкендер шығармалары*», «*үлкендер репертуарынан балалар аузына көшкен шығармалар*», «*таза балалар шығармашылығы*» деп үш топқа бөліп қарастырып келеді. Бұл негізінен генетикалық (шығу тегі) принципті басшылыққа алудың нәтижесінде пайда болған саралау еді. Оның олқылығы сонда, көптеген шығармалардың шығу тегін, кімдер орындайтындығын тап басып айту қиын еді. Оның үстіне тақырып, мазмұндық, функциялық, поэтикалық құрылым жағынан келгенде бұлайша жіліктеу ғылыми сараны қанағаттандыра алмайтын.

Кейінірек В.А.Василенко шығармаларды атқаратын міндетіне қарай жіктеп, «*ойын әрекеттеріне байланысты шығармалар*», «*ойын әрекеттерінен тыс шығармалар*» деген топтау үлгісін көрсетті. Орыс балалар фольклорын көптен бері зерттеп жүрген белгілі ғалым М.Н.Мельников өзінің «**Орыс балалар фольклоры**» атты кітабында аталмыш мәселені зерделей келіп, балалар мұрасын «**Әлпештеу поэзиясы**» (*пестования*), «**тұрмыстық (бытовое) фольклор**», «**ермектік (потешный) фольклор**», «**ойындық фольклор**» деп төрт топқа бөлуді ұсынады.

Сол сияқты балалар фольклорын өзінше кіші әлем ретінде тұтастай бөліп алып, әдебиеттанудағы классикалық саралау үлгісімен «*лирикалық, эпикалық, драмалық*» деп жіктеушілер де бар. Бірақ мұнда да толық айқындалмаған, пікірталасқа қарай жетелейтін тұстар жетерлік [3, 46].

Тұтастай алғанда, балалар фольклорын іштей топтап, жанрлық түрлерге саралауға біржолата қалыптасқан, айнымас ұстам әзірге орныға қойған жоқ. Бұл жалпы, бүлдіршіндер мұрасының өзіндік табиғатының аса күрделілігінен болса керек. Балалар фольклорын іштей саралауда назар аударып, есте ұстайтын шарттар мыналар болмақ. Оның алғашқысы –

шығармаларды кім шығарып, кімдердің орындайтындығын және қалай орындайтындығы. Мәселен, бесік жырын ата-аналар шығарып, негізінен солар орындайды. Көптеген шығармалар балаға байланысты әдет-ғұрып, салттар негізінде болып келеді. Ал мазақтамаларды балалар өздері шығарып, өздері орындайды. Осыған орай, бұл шығармалар түрлі топтарға жіктелмек. **Екінші ескеретін мәселе – шығармалардың атқаратын қызметі.** Бұл шарт – балалар фольклорын іштей саралауда маңызды міндет атқарады. Мәселен, бесік жырын да, алдарқату жырын да ересектер орындайды, бірақ екі шығарманың атқаратын міндеті екі басқа. Бірі – баланы тыныштандырып, ұйықтатуды мақсат етсе, бірі – алдандырып, көңілін сергітуді мұрат тұтады. Немесе тақпақ пен драмалық ойындардың қай-қайсысын болмасын балалар өздері орындайды, бірақ шығармалардың міндеті әр түрлі. **Сондай-ақ шығармаларды саралауда балалардың жас ерекшелігін де ескерген жөн.** Мәселен, ата-аналар сәбилерге олардың табиғатына лайық шығармалар айтса, келе-келе бала әрбір жанрлық түрді жас ерекшелігіне қарай біртіндеп игереді. **Төртінші ескеретін негізгі шарттың бірі – шығармалардың поэтикасы.** Яғни шығарманың тақырыптық, мазмұндық, сюжеттік, композициялық құрылымы, сөз саптасы, тіл кестесі т.т. **Фольклортанушы К.Ісләмжанұлы осы шарттар бойынша қазақ балалар фольклорын мынандай топтарға жіктеп, ішкі жанрлық түрлерге бөледі:**

– **Әлпештеу поэзиясы** (*бесік жыры, сәбилік ғұрып жырлары, мәпелеу жырлары, уату-алдарқату жырлары*)

– **Жеткіншектер поэзиясы** (*маусымдық жырлар, арнау-тілек өлеңдері, балалар өлеңдері: тақпақ, сұрамақ, қызықтама, өтірік өлең, мазақтама*)

– **Ойындық фольклор** (*ойын өлеңдері: тәжікелесу, жаңылтпаш, жұмбақ, балалар айтысы, ойынға байланысты жырлар: ойынға шақыру, қаламақ, санамақ, драмалық ойындар*).

Балалар фольклорының тағы бір ерекшелігі, ауыз

әдебиетінің басқа түрлеріне қарағанда, ұжымдық сипатының басым екендігі. Олардың дені көпшіліктің есінде жүреді. Көбін балалар жаттап алып, жиналған жерде кез-келгені жекелеп те, топталып та айта береді [1, 29]. Бұған қоса, балалар фольклорында поэзияның іс-әрекет, ойыннан, түрлі көне түсініктерден, ырым мен салттан, қарапайым әуендерден, жан-жануарлардың даусы мен қимылына еліктеуден қарасын үзіп, толығымен ажырап кетпегендігін байқаймыз. Бұл – сөз жоқ, балалар әдебиетінің көп қырлы, ертеректегі синкретті белгісін айғақтайтын құбылыс. Міне, осы айтылған өзгешеліктердің бәрі де жалпы адамзат фольклорының ерте дәуірдегі сәбилік шағына тән белгілер. Рас, балалар фольклоры түрлі тарихи дәуірлерді бастан кешірді, өзгерді, өркен жайды. Сөйте тұра, ол осы айтылған дәстүрлі қалыптың аясында дамыған сияқты [4].

«Балалар әдебиеті, меніңше, барлық әдеби, мәдени ой-санамыздың қалыптасуына тұңғыш ықпал ететін бастау дер едім. Әдебиеттің бастауы – фольклор десек, осы фольклордың негізі – бесік жырынан басталады. Тақпақ, санамақ, өтірік өлең, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш – мұның бәрі үлкен әдебиетке жол салатын балалар әдебиетіне жатады» – дейді Е.Өтетілеуұлы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Ахметов Ш. Қазақ совет балалар әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1976. – 228 б.
- 2 Рүстемова Ж.А. Қазақ балалар әдебиеті. – Алматы: Эверо, 2014. – 260 б.
- 3 Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очерктері. – Алматы: Мектеп, 1965. – 327 б.
- 4 Әлтай А.Д. Қазақ балалар поэзиясы: генеалогия, типология, поэтикалық даму: филол.ғылымд.д-ры... дис.:10.01.02/ Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ. – Астана, 2009. – 264 б.

Ізденген жетер мұратқа

А. ҮСЕЙҰЛЫ,
Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университетінің
филология мамандығының
2-курс магистранты.
Жетекшісі:
Ш.Ф. ОРАЗБАЕВА,
ф.ғ.д. профессор.

ӘДЕБИЕТ – ӘЛЕМ ТӘРБИЕШІСІ

Жалпы адамзат баласының бәріне ортақ тәрбиелеуші құрал ол сөз өнері, сөз құдіреті, яғни «Әдебиет» екенін Жүсіпбек Аймауытов *«Әдебиет – ұлттың жаны, ұлттық сананы тәрбиелеуші өнер түрі»* десе, Ғабит Мүсірепов туған елмен қоштасу аманат хатында *«Әдебиет пен өнері ұлы болмаған жағдайда ұлт ұлы болмайтындығын ұмытпайықшы!»* деп айқын атап көрсетіп, әдебиеттің мәңгілік миссиясы неде екенін аманаттап кеткен жоқ па еді?!

Оноре де Бальзактың соңында тоқсан алты том, Лев Толстойдан жүз томға жақын әдеби мұра қалған деп жазылып жүр. Осы тұлғалардың жекелеген туындылары көздерінің тірісінде-ақ өз елінің шекарасынан асып, әлемді шарлап кетті. Дүниежүзіндегі адал ниетті, адамзатты сүйетін жандардың рухани серігіне айналды. Ұлылар өз шығармаларындағы гуманистік идеяларымен өз ұлтын ғана емес, өзге де ұлттарды тәрбиелеуге қызмет ете алады. П.Неруданың, Э.Хэмингуэйдің, Г.Маркестің, Дж.Лондонның, Оноре де Бальзактың, Л.Толстойдың, А.Чеховтың, В.Гюгоның, Ф.Достоевскийдің, басқа да адамзат ақыл-ойына ақыл қоса алған тұлғалардың шығармалары қазақ оқырмандарының да талай буынын тәрбиеледі. Ұлылар қашанда өз шығармашылығымен құдай жаратқан он сегіз мың ғаламдағы тіршілік отының сөнбеуі үшін жалпы адамзаттық мәңгілік қағидаларға, Ф.М. Достоевский айтқан «Ұлы

үйлесімге» қызмет етеді. Ұлт өзінің тарихи жады мен тарихи есін әдебиет арқылы ата-бабаларының дәстүрлі мәдениеті көркем бейнеленген ондаған, жүздеген көркем шығармалар арқылы ғана жинай алады. Қазақ ұлтының қаншама тар жол тайғақ кешулерден өтсе де жойылмай, ХХІ ғасырдың табалдырығын аман-сау аттауында әдебиеттің де орасан зор үлесі бар. Абай мен Әуезов кез келген ұлттың мандайына біте беретін тұлғалар емес. Әдебиеті түзік емес ұлттың өзі тұзу бола алмайды. Абайдың «Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзелінің» астары да осыны мегзейді.[1] Әйгілі орыс ақыны А.Пушкин 1820 жылғы Вяземскийге жазған хатында: *«Ақындар аясы сағат сайын тарылып барады, оқырман жетпегендіктен, енді біз өз өлеңдерімізді бір-біріміздің құлағымызға сыбырлап оқитын шығармыз»,* – депті. Әриге, ол кез нағыз шығармашылық пен ізденістің тоғысқан ғасыры еді ғой. Кемеңгерлеріміздің, көркем шығармалардың еңсесі биік тұрған ізденіс ғасырына күдікпен қарағанын ескерсек: Қазіргі жаңа технологиялардың ғарыштап дамып жатқан алмағайып кезеңінде көпшілігіміздің жаңалыққа құштар бола қалатынымыз айдан анық. Бұл дегеніміз: күннен күнге адамның қызығушылығын бұрмалайтын, әсіресе, жас жеткіншектердің санасын улап бара жатқан бұрынғы табиғи дарындылық пен шынайы өнердің орынын алмастыратын жаңа заман көрнекіліктері. Нақтырақ айтар болсақ: балалықтың нағыз балғын шағының көрнісі болған ертегілер. Бұрында әжелеріміздің тізесіне басымызды қойып, мейірімімен қатар қиял ғажайып ертегілеріне сусындап өскен болсақ, қазіргі уақытта әжелеріміздің орнын ешқашан көңілдерін қалдырмайтын, кез келген уақытта қосылатын, ешқашан шаршамайтын өздері қалаған ертегіні тыңдауға, көруге мүмкіндік беретін, тек қана сөйлеуді білетін үсіліссіз жұмыс жасайтын, бірақ, мейірім мен жылылықтан жұрдай автоматтандырылған кішкентай (сырт бейнесі бір жапырақ нанға ұқсайтын) танымал зат алмастырған жоқ па? Балаларды қойғанда, ақылы толысқан ересектеріміздің өзі бұл затқа күннен күнге құныға түсуде. Ал біз осы жағдайларды көре отырып, көркем әдебиет пен таланттарымыздың болашағына күдікпен қараймыз ба? Жоқ, қазіргі жағдай мәселесі тек қана

бізді ғана емес бүкіл әлем ойшылдарын алаңдатып отырған әлемдік үрей туғызуда. Десек те, жаңа технологиялардың ұшан теңіз пайдалы тұстарын жоққа шығара алмаймыз. Дегенмен, әлі де болса саналы түрде пайдалы жақтарын ғана өзімізге қалдыруды дағдыға айналдыра алмай келеміз. Жасөспірімдерді бесіктен белдері шықпай жатып ұялы телефонға жармастырмай, пайдалы бір нәрсеге назарларын аударуға тырысамыз. Әрине, бұл үшін қарасаң көзің тоятын қызықты ойыншықтарда жетерлік. Осыған қарамастан, балалардың телефонға деген әуестігі күннен күнге артпаса, әлсіреген жоқ. Неге? Ал мұның бір ғана себебі бар. Ол анасы мен әкесі. «Ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледі» – демей ме, даналарымыз. Қолдары сәл босаса телефоннан бас алмайтын ортада өсіп келе жатқан баланың телефонды қолынан алсаң жер текпілеп мінез көрсетуі қалыпты құбылыс па деп те қаласың.

Қазақ зиялыларының көшбасшысы Ахмет Байтұрсынов: *«Бұл күнде оқудың керек екеніне ешкімнің таласы жоқ. Қай жұрт болса да оқумен ілгері басып тұрғандығын, кейін қалудың себебі оқудың кемдігінен екенін көріп тұрмыз. Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші»* деген екен. Демек, ұлтымыздың тағдырын сеніп тапсыратын ұлтжанды һәм білімді ұрпақ тәрбиелеу – ең алдымен ата-аналардың, ұстаздардың қолында екенін айтпасақта түсінікті болар. Сол себепті, оқуға ең алдымен ересектерді баулығанымыз дұрыс. Бір ауылдың үлкендерінің қолынан ұялы телефон емес, кітап түспейтін болса, жас өспірімдердің де ертерек білім алып сол кітап не туралы екенін білу және барлығының кітапқа деген қызығушылығының құпиясын ашу арманы болар еді ғой. Деректерге қарай отырып, қазіргі уақытта көркем әдебиетке деген сұраныстың тым төмен екенін аңғарамыз. Яғни, көркем әдебиетке деген қызығушылық барынша дербес, прагматикалық, ақпараттық, атүсті бола бастады. «Жеделдетіп оқу» белең алды. Көптеген адамдар оқи алмайды немесе көбі не үшін оқитынын білмейді. Оқушыларда солай. Кейбіреуі оны білімді болудың қиын да қашып құтыла алмайтын жолы

деп білсе, енді біреулері уақыт өлтірудің жолы деп түсінеді. Оларға не оқығаны маңызды емес, ең бастысы оқып бітірсе болды. Осы тұста, ересектердің де айтар жауабы дайын. Қазіргі көркем әдебиеттің қолға алынбай, дәрежесінің түсіп бара жатқанына жаңа технологиялардың кесірі емес, жазушылардың өздерін кінәлайды. Өйткені, қазіргі таңда саны көп сапасы жоқ жазушылар мен ақындар көбейіп бара жатқанын тілге тиек етеді. Қазіргі таңда шығармалар талғаммен емес, танымалдылықпен жарыққа шығады. Оқып бастасаң сөздері жұтаң, рухани білім емес жәй ғана желөкпе сөздермен ғана санаңды толтырасың. Көптеген шығармалар оқырманын тез жалықтырады дейді. Бұл сөздердің де жаны бар. Дегенмен, барлық шығармаларға бұлай күйе жаға алмайсыз ғой. Алайда, кез келген көркем әдебиетті бас салып оқи бер деуден де аулақпыз. Ендігі кезекте тұрған мәселе адамдарды талғаммен оқуға шабыттандыру. Сонымен қатар жаһандану заманындағы шығармалардың ерекшелігі өзі оқуға сұранып тұруы міндетті, яғни, ол шығарманы оқырмандарға оқы оқы деп қолқаламастан, сол шығарманы оқиыншы деп, оқырмандар таласа жарыса оқуы керек. Осындай да болады ма? – деп, таңғалып отырған шығарсыз. Әрине болады. Ол үшін ең бірінші кезекте, шығарма атауы менмұндалап тұруы шарт. Ал екіншіден, тақырып пен мазмұнның үндесуі міндетті. Және шығарма мазмұны қызықты әрі оқырманды ойландыратын ой тастауға негізделуі керек. Сонда ғана шығарма өз оқырмандарын бірден таң қалдырумен қатар, көптеген адамдардың оқуға деген қызығушылығын оятары хақ. Қазіргі қазақ прозасында айтарлықтай еңбектерімен еңселі болып жүрген өзіндік қолтаңбасы бар жазушылардың бірі – Тұрысбек Сәукетаевтің шығармаларын оқуға сұранып тұрған шығармалар қатарына жатқызар болсақ, ешкімнің де таласпасы анық. Оған себеп, жазушының *«Мен жындымын» атты шығармасының жарыққа шығуы еді.* Бұл көркем туынды алғаш оқылымға жол тартқан күннен бастап, оқығысы келіп, кітап дүкендерінен сабылып іздемеген адам кемде кем шығар сірә. Тіпті, шығарма оқуға еш құлқы жоқ жандардың өзі де елен

ете түскені айдан анық. Бұл шығара несімен құнды болып та, ең көп оқырман жинаған шығармалардың қатарына ілікті дейтін болсақ, бұл әрине автордың шеберлігі. Т.Сәукетаев шығармалары уақыт шындығын бейнелеуде боямасыз өмір өлшемі, тезге түскен тағдыр талайы, шытырманға толы оқиға өрісі өткірлігімен көкейге қона кетеді, оқырманын бейтарап қалдырмайды. Жазушы шығармаларының басым көпшілігінде жасөспірімдер бейнесі, олардың жан дүниесі жарасымдылық тауып жатады. Кіршіксіз пәк көңілге түсер кірбің де, қызуы қайтпастай болып қона қалатын қуаныш та оқырман түйсігіне ерекше сезім сыйлайды.[2]

Тұрысбек Сәукетаевтың шығармашылығын жоғары бағалаушы Герольд Бельгер де өзінің талантты жазушыға деген жылы лебізін білдірген еді. *«Қазақтың сыншыл ойы», “ұлттың сыншыл ойы” деген ұғымдар Мағжан Жұмабаевпен, Жүсіпбек Аймауытовтармен бірге үзіліп қалмағаны, оның жалғаса беретіні және жалғасып келе жатқаны да аян. Көркем әдебиет – ежелден қазақтың сыншыл ойының ұясы, ірі ошақтарының бірі. Өзінің көркем шығармаларында ұлтымыздың сыншыл ойын өрістетіп жүрген дарынды, зерделі жазушыларымыздың бірі – сөз жоқ, жазушы Тұрысбек Сәукетаев»* деген болатын. *Әрбір қоғамда сол қоғамнан оқишау ойлайтын, басқаша көзқарастағы адамдар, шындықты айтатын адамдардың бәрі ақымақ болып есептеледі. Ол шын мәнінде жынды емес, шын мәнінде өте талантты, өте интеллектуалды адам. "Мен жындымын" дегенім... Айтып жатады ғой, "шындықты тек бала мен жынды айтады" – деп. Бүкіл қоғамдағы құбылыстардың бәрін жындының көзімен қарап, соның сөзімен саралап, сол арқылы бердім",* – дейді автор. Яғни, кітапта бүгінгі қоғамның шынайы көрінісі сөз етілген. Автор күнделікті болып жатқан жағдайларды траги-комедиялық сарында жеткізеді.

Траги-комедиялық сарында жазылған бұл роман өзінің көркемдік тосын сипатымен ерекшеленеді. Шындық пен қиял, оң мен түс, әжуа мен мұң, мистика... мидай араласып, оқушыны сан қилы шарпысқан сезімге бөлейді. Күлесіз,

күрсінесіз, өмір басқаша бір өң-бояумен құбылып көз алдыңыздан өтіп жатқандай күй кешесіз. Бас кейіпкер Тауфих – болашағынан зор үміт күттірген білімді азамат, білікті маман. Азаттықтың алғашқы жылдарындағы аумалы-төкпелі кезеңде жұмыссыз қалып, сергелдеңге түседі, қилы уақиғаларды бастан өткереді... Әділетсіз қоғамның шеңберіне сыймаған шын таланттың шырғалаң тағдыры арқылы жазушы рухани-әлеуметтік болмысымыздың қалтарыс-қатпарына ой сәулесін түсіріп, оқушы көкірегіндегі сан-алуан сауалға түрткі салады. Біз сөз етіп отырған бұл шығарма оқырман ортасында ерекше ықыласқа бөленгенін, 2016 жылы «Алтын қалам» конкурсында «Үздік роман» номинациясы бойынша Бас жүлде алғанынан-ақ аңғаруымызға болады.[3] Әдебиет айдынында өз орнын алып үлгерген қазіргі заман тұрғысынан ойлай білетін жас қаламгер Марфуға Шапиян да осы еңбек жайлы өз ойын былайша сабақтайды: *“Ең бірінші назарымызды аударған кітаптың атауы болар. Жынды боларлықтай не істеді екен? Сосын “жылдың ең үздік романы” деген бағасы да оқырманды тартып тұр. Үшінші ерекшелігі – мұқабадағы, ішіндегі тақырыпқа орай салынған суреттер болар. Кітапты бастағаннан езуің жиылмайды. Алғашында бас кейіпкердің қылықтарына шын күлгеніңмен, кейін ашынып күлесің. Тәуелсіз алғаннан бергі еліміздің жай-күйі мұншалық шынайы суреттелмеген шығар. Әсіресе жазушылар мен ғалымдардың мүшкіл жағдайы туралы оқығанда, жүрегің езіледі. “Мен – жындымында” жазушы өзі өмір сүріп жатқан қоғамын да, оның тұрғыны – адамын да сынайды. Қазіргі ақын-жазушылардың билікке жағымпаздығын аяусыз әшкерелейді. Ал шын жазушыны мына қоғам қалай “жындыға” айналдырғанын сипаттайды”.*

Бізге бұл кітап Тұрысбек Сәукетаевтың өзі басынан өткендері секілді көрінді. Арасында Герольд Бельгер, Әбдіжәміл Нұрпейісов секілді жазушылардың аттары сол қалпында жүр. Әрі автор сипаттаған Алматының әр бұрышы сол өзім көрген қалпында көз алдыма келді де отырды. Жалпы байқағаным, күні кеше өзім сұхбат алған

қаламгерлер Дулат Исабеков, Мұхтар Шаханов, Қабдеш Жұмаділов, Ғаббас Қабышұлылардың барлығы өздері өмір сүріп отырған қоғамға көңілдері толмайды, наразы. Қазіргі әдебиеттің жай-күйіне аландаулы. “Мен – жындымынды” жазған Т.Сәукетаевтан да сол мұң, ашынғандық сезіледі. Ақырында булығып тіке айта алмаған заман шындығын “жындының” аузына салып береді. Романның тілі көркем, бай демес едім. Жеңіл оқылады, оқырманына ой салады. Қысқасы, өздеріңіз өмір сүріп жатқан қоғамға басқа бір қырынан қарағыларыңыз келсе, “Мен – жындымынды” оқуға әбден кеңес беремін.[4]

Қазіргі ақпараттар тасыны заманында, технология адамзат баласын басқаруы мүмкін бе деген қорқынышы сауал санамызды билеген дәуірде өмір сүріп отырған біздерді, осындай киындықтардан құтқара білетін, атабаба дәстүрінен айырмай, ұлттық құндылықтарымызды ұмыт қалтырмай, ұлттық мінез бен қайсарлықты қанымызға қайта сіңіре алатын ол әрине ақындарымыз бен жазушыларымыз екені аян. Десек те еткен еңбек, төккен тер нәтижесін қаншалықты беруде?! Қаламгерлеріміздің заман талабы мен қоғам сұранысының күннен күнге ауысып бара жатқанын, адамды тек елең еткізерлік еліртпе тақырыппен, күрделі сауалдар ғана қызықтыратынын бірі білсе, бірі мойындағысы жоқ. Ал нағыз талантты қаламгер қай кезеңде болмасын, қоғам сұранысын қанағаттандыра білетін, яғни, үш дәуірді (өткен, бүгінгі, келер) тұтас қамти білетін сөз шебері, өзінің “Мен – жындымын” еңбегі арқылы, адамзат баласы пайда болған сонау ежелгі ғасырлардан бүгінгі күнге дейін қанша ұрпақ дүниеге келіп, қанша ұрпақ өмірден өткені тарихтан белгілі. Ал сол тарих «біреулердің» қолымен жасалатын болса «біреулердің» сөзімен әшкере болатыны тағы бар емес пе!? Ал оған кімнің батылы барар дерсіз? Батыр ма, әлде жынды ма? Әрине батырға да жан керек, демек оны әшкерелейтін тек «жынды». Мінеки осындай тапқырлықпен қоғамда болып жатқан түрлі келеңсіздіктерді «соқырға таяқ ұстатқандай» етіп көрсету, әдебиет айдынында айсберг сынды жазушы Тұрысбек Сәукетаевтың ғана қолынан келеді десек артық айтпаған болармыз сірә!

А. АЛПЫСБАЙҚЫЗЫ,
Абай атындағы ҚазҰПУ,
«БМ012100 – қазақ тілінде
оқытпайтын мектептердегі
қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының
2 курс магистранты.
С.АЙБЕРГЕНОВА,
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., доцент

Т.АЙБЕРГЕНОВТИҢ ШАҒЫН ПРОЗА ЖАНРЫНДАҒЫ ҚАЛАМГЕРЛІК ШЕБЕРЛІГІ

Түйіндеме

Мақалада қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар ақиық ақын Төлеген Айбергеновтің бұрын-соңды талданбаған шағын проза жанрындағы дүниелеріне тақырыптық, идеялық тұрғыдан талдау жасалып, көркемдік ерекшелігі сөз болады. Жалынды жырларымен танылған ақын прозасының көркемдік сипаты нақты мысалдар негізінде талданады.

Резюме

В статье говорится, что поэт Төлеген Айбергенов, занимающий особое место в казахской литературе, писал произведения и в жанре прозы. В статье анализируются прозаические произведения автора, которые ранее не подвергались научному анализу. Различаются используемые художественные методы упоминается художественная особенность. Художественный характер прозы писателя известного своими пламенными стихами, анализируется на конкретных примерах.

Summary

The article says that the poet Tolegen Aibergenov, occupying a special place in Kazakh literature, wrote works and in the genre of prose. The article analyzes the prose works of the author, which were not previously subjected to scientific analysis. There are different artistic methods used and there is an artistic

feature. The artistic character of the writer's prose is known for its flamboyant verses, which are analyzed in specific examples.

Қалың қазақ жұртшылығы Төлеген Айбергеновті жыр маржанын төккен ақиық ақын ретінде танитыны белгілі. Оның ақындық таланты мен өнеріне өте жоғары баға беріп, тамсанғандар өте көп. Бірақ, Айбергеновтің проза саласындағы әдеби мұрасы көп жағдайда елеусіздеу қалып, ескерілмей жататыны өкінішті. Ол әрине қаламгердің прозалық туындыларының көркемдік сапасының әлсіз немесе сын көтермейтіндігінен емес, туған жұртының, өнерлі қазақ халқы табиғатының ұлы Абай «сөз патшасы» деп баға берген өлең өнеріне етене жақындығынан деп түсінеміз.

Төлеген Айбергенов прозасы, нақтырақ айтқанда өз қолымен жазған күнделігі ең алғаш кеңестік замандағы жастар газеті «Лениншіл жас» газетінің бетінде жарық көргенде қуанып, құптағандар көп болды. Осы жайында «ақындық құштарымен көптің көңілін тербеген, таланттар сандығында прозалық шығармалары, күнделігі сарғайып жатқандығын «ЛЖ»-ның «Әдеби мұрасынан» тауып, біліп жатырмыз. Кеше ғана «Махаббаттан парасатқа» аталатын Мұқағали Мақатаевтың күнделігі жариялана бастағанда, «ақжолтай іс» алды болғай деп едік. Құлағымыз елеңдеді. Жырсүйер қауым жүрегінде әлдене күткен лүпіл бар. Соны сезе білген жастар газеті өзінің сүйікті авторы Төлеген Айбергеновтің жұртқа белгісіз күнделігі мен беймәлім жырларын жариялап және бір дүр сілкінтті. Төлеген күнделігі тіпті бір тосын нәрседей болды. Аз ғұмырында ақ бұлақтай сыңырлаған ай сырғалы жыр төпеген бұйра шап жігіт егде тартқандарға ғана лайық деп есептелетін күнделік жазып, «шұқшиғаны» қызық та көрінді» [1] деген пікір білдіреді. Расында өмірден тым ерте кеткен, ерте кетсе де бас-аяғы жеті-сегіз жылдың өзінде жазған өлеңдерімен қалың қазақтың жүрегінен мәңгілік өз орнын ойып алған, қаншама жас талант, жас бұлақтың көкірек көзін күмбірлетіп аша білген,

жыр күмбезіне жетелеп апарып кіргізіп жіберген Төлеген ақынның прозалық дүниелері бар екені ерекше әсер етті.

«Жырыңа үңіл, жас ақын!» атты мақаласында О.Сәрсенбаев Т.Айбергенов шығармаларының көркемдік палитрасы ерекше бояулы, бейнешілдік сипаты жоғары екендігін танып, *«Айбергенов поэзиясы образға тұнып тұрады. Ол тек образ тілімен сөйлеуді мұрат еткен. Осыдан Айбергенов жырының айрықша бейнешілдік сипаты келіп шығады*

Бұл бейнешілдік қазақ оқушысына тұрпайы, тосын емес, қайта оның ұғымымен етене жақын қоңсыласып жатады. Қазақ фольклорының, суырылған шешендік сөздердің әсерін анық байқауға болады. Ақын туған жұртының өлең тілін мейлінше жақын біледі. Осындағы ұлттық колорит «нағашы», «жиен», «насыбай» секілді (кейде осындай сөздерді көрсек, ойбай, мынау қазақтың тұрмысына ғана тән тамаша екен деп таң қалатынымыз бар) ұғымдармен шектелмейді тағы.

Төлеген теңеу деген ұғымды мейлінше еркін, мейлінше еркін қолданады. Тың ассоциациялар, тың бояулар мол. Оның поэтикалық палитрасы ерен жомарт. Оның бәрін тізбелеп, зерттеп айту үшін тағы бірнеше мақала жазу керек болар еді» деп [2,155-156] деп әділ де шынайы баға бергенімен біз ақын мұрасын індетте зерттей отырып, толық келісеміз. Қаламгердің поэзияның ақиығы, патшасы ғана емес, проза тілін де құлпыртып сөйлете алғандығы байқалды. Қазақтың қара сөзін асқақ поэзия тілімен сөйлетіп алып кететін, өзіндік ой-толғанысымен, тіл образдылығымен ерекше танылған Төлеген прозасының көркемдігі, бейнешілдік сипатына кеңінен тоқталсақ.

Төлеген ақын тек жыр жолдарын төгілткен саңлақ ақын ғана емес, оның қаламынан көркем проза үлгілері: әңгіме, әдеби мақала, очерктер мен ой-толғақтары туғаны белгілі. Соның ішінде автордың Сәкен Сейфуллинге арналған *«Қыран жыр, қыруар сыр»* атты әдеби мақаласының орны бөлек. Қазақ әдебиетінің тұтас бір дәуір, тұтас бір

тарих, тұтас бір сұлу ғұмыры болған Сәкен Сейфуллиннің өнегелі, тамаша өміріне сүйсінген, ынтыққан, іңкәр болған ақын Төлеген Айбергенов сол сұлу тіршіліктің қайнаған ортасында жүріп, сезіп, көріп, көріп, арғы-бергіні толғана, қиялдай, шаттана, қуана, мұңая ойланған сәттерінде Сәкен бейнесіне зер сала үңіліп, оны табиғат бойындағы бар әсемдігін аямай берген, ол қараған жанар тайқалып, қаймығатын сұлу тұлға, жүз ойланған адам жағасын ұстайтын даналық пен оттылық, қайырымдылық пен сыпайылыққа толы бейне ретінде ізет тұтады. Ізгілік пен лиризм, құрмет пен махаббат, дауылпаз жыр мен адамгершілік қасиеттің бәрі бойында болған абзал тұлға ретінде таниды. Сәкенсіз жетім қалған қазақ әдебиетін ол тірі болғанда бүгінге дейін қаншалықты дәрежеде ержетіп, есейіп, марқаятындығын қиялдап, көз алдына келтірудің өзін қиын әрі ауыр санайды. Төңкеріске дейінгі қазақ даласындағы заңсыздық пен мешеулік, надандық пен аянышты халді батыл жырлап, шұғыла күнді аңсаған ақынның еңбекші тапты – жан-жағынан аш қасқырдай талаған би-болыс, капиталистер қанжарынан қансырап, қиналған халқын қорғай білген С.Сейфуллин туралы ой қозғағанда *«сенің көз алдыңа асқақтаған жанар таулар келеді. Сені қашан да асыл арман мен жарық шұғылаға, қиянға тартқан керуенбасыдай алған бағытынан бір танбай жетектейді де отырады ол қасқырып. Бұндай жағдайда сенің сенген ұлы тұлғаң жырқұмар жан немесе оның жасаушысы, тудырушысы болса мәңгі-бақи бір толастамайтын тебіренудің буырқанған теңізіне ажыраспастай болып ендім де кеттім дей бер. Ия, дәл қазір біз ақ көпіршігін аспанға атқан ұлы теңіздердің бірінің жағасында тұрмыз. Бұл теңіз – Сәкен теңізі. Біз осы теңіздердің суын ішіп, ержеткенімізге қуанамыз»* [3,53] деуі соның дәлелі. Т.Айбергенов С.Сейфуллин шығармасына ғана емес, оның адамдық болмысына, сыртқы келбетіне де жоғары баға беретіндігі оның жыр жолындай төгіліп тұрған әрбір сөз, сөйлемінен анық байқалады. Сәкенді сипаттағанда көркемдік қуаты, эмоционалды-экспрессивті

сипаты мол сөздерді жиі қолданып отырады. Мысалы, ақынның 1914 жылы «Қазақ» баспасынан шыққан **«Өткен күндер»** деген алғашқы өлеңдер жинағы жайын сөз еткенде, *«жинақта жарияланған жиырмаға жуық өлеңнің басты тақырыптары оқу іздеген балауса қызғалдақтың (жай ғана Сәкен Сейфуллин емес) туып-өскен ауылға деген мөлдір сағынышы, талап, тілегі, жастық, махаббат жайлы сезім күйлері болатын. Бұл жылдары әлі ол үлкен бәйгенің ортасында емес, тек оның алыстан ұнамды, сүйкімді, өршіл дүбірін естіп, бар ынтасымен солай қарай шапқылап бара жатқан болатын. «Жазғы түнде», «Туған ел», «Кетпейтін естен гашиқ жар», «Сағыну» секілді өлеңдері осыған айғақ»* [3,54] десе, өлеңін талдауға келгенде де тамсанысын жасыра алмай «мұнда ол таңдайында моншақ қағыстырған таң бұлбұлының әуенін әуездетіп, қаншама атты күй болып күркіреді десеңізші!» деп ақындық қуатына да баға беріп өтеді.

Өмірден ерте кеткен Сәкен ғұмырының тым қысқалығын *«бұл жылдар өмірмен ерте қоштасқан Сәкен творчествосының шаңқай талтүсі болатын»* дегенде, ақын өзінің де шығармашылығының нағыз толысқан сәтінде өмірден ерте кететінін әрине білген жоқ. Қазақ тарихындағы Т.Айбергенов тілімен айтқанда *«лапылдаған отты да ойлы, білімді, жігерлі»* Сәкен ақынның мәңгі өлмейтінін Сәкен өлген жоқ, керісінше, ол өлгендердің талайын тірілтіп кетті, ажалды аш бүйірінен соғып, ұрынтып кетті. Сәкенді өлді дейтіндер, өз халқының бақытын тілеместер, тірі еместер деп түсінетін Төлеген ақын оның өлмегендігін күн сайын сезетінін, сан асу, сан қыр кезеңнен өткен Сәкен емес, ажалдың өзі өлген деген сөзді батыл айтуы соның дәлелі. *«Ақсазан тулатқан Аралдан, ақтылы қойлы Оралдан көмірлі Қарағанды, көңілді Магниткадан, кәрі кеуде Атыраудан, мұнай атқылаған Ембі мен Маңғыстаудан, «Ақ алтынды» Оңтүстіктен, миллиард пұттық бидайымен ырғалған, бақыт мекені Тың даладан, тұс-тұстан бүгінгі таңда революция жаршысы Сәкен даусы саңқылдайды»* дейтін

Төлеген ақын үшін Сәкен ондаған жылдардан бері қайта туылып, біздермен бірге күн сәулетті мұнарасының төбесі көрініп тұран сапарында жаңа ашылған кендерге, бостандық алған елдерге, қызғалдақты белдерге, қасқалдақты көлдерге, шөлдерде тұрған ормандарға қатар адымдап келеді.

Қаламгердің келесі бір – **«Ленинградтық қарт және құрт» әңгімесінің** идеялық мазмұны терең, өз ұлтына, оның мейірбандығы мен кеңпейілділігі ғана емес, ұлттық таным-түсінігіне деген құрметке толы туынды. Шағын ғана туындының көтерген жүгі ауыр, айтар ойы қалың деуге болады. Шығарманың қысқа фабуласында жол үстінде кездескен екі жанның бірі үлкен қария боп шығып, ол соғыс уақытында Ленинградтық блокаданы басынан өткергенін, сол қиындықтан қазақ халқының ұлттық асы – құрттың көмегімен аман қалғанын айтып, әңгіме ұлттық асының құндылығын түсінген, сол арқылы өз жұртына деген құрметі артқан жас жігіттің философиялық түйінімен аяқталады. Әңгіменің әрбір сөйлемінен автордың жер бетіне қазақ боп келіп, қазақ боп өмір сүретіндігіне деген мақтаныш сезімге толы екендігі аңғарылады. Шығарма экспозициясындағы: *«қарт жүзіне ойнап шыға келген ыстық қаннан оның маған риза болып отырғанын аңғарып тағы қуандым. Оның түсінігінше, қазақ деген дәл осы сәттегі мендей болуға тиісті сияқты»* деген жолдар соны айқындайды. Автор «қазақ» сөзіне ерекше мән беру үшін әдейілеп диалогты енгізген:

- Сен қазақсың ғой? – деді ол.
- Ия, қазақпын.
- Қазақстаннансың, ғой?
- Дәл түстіңіз.
- Өте тамаша! [3,91].

Әрі қарайғы шығарманың өрбуінде автор «әңгіме ішіндегі әңгіме» тәсілі арқылы ленинградтық жолаушы қарияның қазақтың сүттен жасалған тағамы – құрт туралы әңгімені өрбітеді. Сол арқылы ленинградтықтардың құрт тағамына ғана емес, қазақ халқына деген шексіз құрметі мен ризашылдығы, олардың жақсылығын ешқашан ұмытпайтын

адалдығы сезіледі. Сол сезімді оқырманға тереңірек ұғындыру әрі сезіндіру үшін қазақтың «Қуанғаныңды білейін, туған күні кел, қайғырғаныңды білейін, өлген күні кел» дейтін сөзін енгізеді. Неміс басқыншыларының қоршауында қалып, аштықтан бұратылып, тәулігіне жиырма сағат жұмыс істеп, қиналып жатқан күндері Ленинград халқына түнектен жарқыраған шадыман шұғыла болып қазақ халқы жетті. Құжынаған жау бомбардировщиктерінің арасымен әкеп, совет жауынгерлері азық-түлікті парашютпен тастап кетіп отырған. Жететін азық-түліктің көбі аузы қылшылбырмен шымшып буылған қазақтың қара қабына толтырылған құрт болатын. Оны ленинградтықтар қолдан-қолға тигізбей, парашюттен қақшып алып, жұмысшылар ортасына әкеп, тәулігіне жан басына екеуден ғана үлестіріп отырған. Қап ішіндегі құрттың арасында қаһарман қазақ халқының мейірімге толы, ыстық, жан тебіренерлік сәлемі жазылған хат болады. Сол хаттың мәтінін толық берсек: *«Ұлы Ленин қаласының даңқты қаһармандары! Біз қазақстандықтардан сендерге туған даламыздың ақ сүтін жіберіп отырмыз. Бұл жауынгерлік тағам! Біздің ата-бабаларымыз басқыншыларға қарсы ұлы жорықтарда осы тағамның қуатымен айлап күн кешірген.*

Мұны тіске басып шайнамаңыз. Тек қана қаузайсыз. Ауыздың сілекейімен әрбір құртты бір, бір жарым сағат шамасы сорыңыз.

Тағы қайталаймыз, бұған тіс тигізуші болмаңыз. Сонда сіздің көзіңіз қарауытпайды. Қарныңыз ашпайды, жүрегіңіз сазбайды және күшіңіз кемімейді. Біздің адал қолымызбен жасалған бұл тағамның сендердің таңғажайып қуаттарыңызға қуат қоса түсуіне тілектестікпен қазақ бауырларың» [3,93]. Әрбір сөзі қорғасыннан құйылғандай бұл жолдардан қазақтың кеңпейілділігі мен мейірбандығы ғана емес, әрбір сөзі халқымыздың ұлылығынан, сан ғасырлық қырғын-майданнан аман қалған еліміздің ас мәзіріне де үлкен даналықпен көңіл бөлгендігінен дәлелдейді әрі тәнті етеді. Қазақ құртын талай ленинградтықтар

нанға айырбастаса; адал бауырмалдықтың қуаты арқылы жеткен осы құрттың күші қаншама жау шебін талқандатып, миллиондаған қираған қабырғаларынан тынымсыз ұрандап жатқан домбыралы Жамбыл ақынның жауынгер тұлғасына ленинградтықтар асқан ризашылық сезіммен осы құртты қаузап тұрып ұзақ қарайтын еді.

Қарттың айтқан әңгімесі көкірегінің ең алыс түкпіріне дейін түгел жеткен жас жігіт лирикалық шегініс арқылы өткеніне көз жүгірткенде көз алдына соғыс басталған жылдары қой фермасында жұмыс істейтін аналарының жиналып қой сауып, оны қайнатып, кептіріп, біріне-бірі ұқсамайтын ұзыннан-ұзақ жалғаса жайылған сансыз алашалардың үстіне құрт жаятындығы көз алдына келе қалды. Ақсақ бригадир Сәрсенбай ағаның өзі үйме-үй жүгіріп жүріп жинап келген қаптарына құрт толтырып, өгіз арбаға тиіп, ауданға жөнелткенде, үлкендер жағы балалардың өзінен бұл құртты қызғыштай қорып, маңайына жолатпайдығының себебін енді ғана түсінгендей болды. Майдан даласына қазақ құрты өмірдің өзі болып жетіп, талай жанды ажалдан арашалап қалғанын білген жас жігіт ұлы шайқаста құрттың қару-жарақтай қажеттігін танып, қасиетті де аяулы жер-ананың қасиетті сүті талайдың өмірін арашалағанын жете түсінді.

Үлкен жолда кездескен кемеңгер серігі арқылы қасиетті ұлы халқының әлі ұзаққа шабатындығына көзі жеткен кейіпкердің бойын кернеген мақтаныш сезімі туындыны оқыған әрбір оқырманның да көкірегінде күмбірлейтіні әрі үлкен ой салатыны анық.

Қазақтың сүттен жасалған тағамына аса мән бере бермейтін бүгінгі жас ұрпақ үшін бұл шағын әңгіменің беретін тәлімдік, тағылымдық қасиеті ерекше деп ұғамыз.

Суреткердің *«Әңгіме» әңгімесіндегі* әрбір сөйлем өлеңге сұранып тұрғандай әсер етеді. Автордың көктем келбетін суреттеген жолдарын оқығанда көз алдында табиғат тіріліп, сөйлеп, ән салып, би билеп кеткендей болады. Дана Абайдың қыс мезгілін тірілткендей, Төлеген жазушы да

көктем мезгілін кейіптеу тәсілі арқылы тірі жан күйінде сипаттайды. «Көгілдір көктемнің жасыл көйлегінің етегі судыр қағып, керемет келбетіне таңдай қақтырып тұрған ғажайып шақ болатын. Он шақты күн бойы әуеде найзағай жарқылдап, аспан асты түгелдей ақтарылды, ой-қыр телегей теңіз. Су дегенің көрінген тесікті тіміскілеп оқпан іздеп жүр. Осы сартта-сұрттың дымқыл ортасын қарауылға алып жолдасым Қаныбекпен екеуміз демалысты пайдаланып қыдырып қайту мақсатында Шымкентке тартқанбыз» [3,97]. Өмірлік қосағымен Бадам өзеніндегі көпірдің аударылып қалған кезінде танысқан жігіттің сөзінде теңеу мен эпитет қосарланып кездесіп отырады: *«Өзен суынан он шақты метр биікте тұрған дәу көпірдің (эпитет) үстінен су турникке тартылған баладай (теңеу) шапшып-қарап, шапшып-қарап жатыр екен (кейіптеу). Екі беттегі қалың ел (эпитет) анталап тегіс қарап тұр. Көп өткен жоқ, бар сылқым толқын (эпитет) көпірдің үстіне секіріп шолп етіп алды да сызылып жата кетті (эпитет). Шатақ етті. Тентек ағыстың (эпитет) тентегіне шыдай алмай пілдің бел омыртқасы (метафора) күтір-күтір етіп біраз тұрды да, біз кезде аударылды-ай кеп!»* [3,98]. Қаламгер адам үшін жазады, тақырыбы да адам тағдыры екені белгілі. Қарапайым жандардың көкірегінде қандай мұң, жүрегінде қандай сезім, көңілінде қандай түйткіл, сезімінде қандай сергелдең барқаламгерге соны танып жазуы тиіс болса, Т.Айбергенов сол үдеден шыға алған. Шағын жанрда автор пайдаланған көркемдегіш тәсілдің барлығын авторлық дүние деп баға беруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Төлеген Айбергенов. «Біргемін мен сендермен» (Т.Айбергенов жайлы естеліктер мен күнделіктер). Құраст.: Қ.Әділов, С.Төлегенқызы. –Алматы: Ана тілі, 1997. -256 бет.
2. Сәрсенбаев О. Дүние – шұғыла жыр // Лениншіл жас, 22 февраль, 1968 жыл. №38 (6951).
3. Айбергенов Т. Шығармалары. –Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2013. Т.2. -336 бет.

Атаулы мектеп тынысы

Ж.А ҚАРАТАЕВА,
«Жаңа Ғасыр»
№175 гимназиясының
директорының оқу ісі
жөніндегі орынбасары.
Алматы қаласы

МҰҒАЛІМ МӘРТЕБЕСІ – МЕМЛЕКЕТТІҢ МӘРТЕБЕСІ

Алматы қаласы «Жаңа Ғасыр» №175 гимназиясында 20 қаңтар 2020 жылы мұғалімдер отырысында «Мұғалім мәртебесі туралы» Заң жобасы талқыланды.



Гимназия директоры Мәнекеева Г.Б Заң жобасының ерекшелігі мен маңызына тоқталды. Заңда ұстаз мәртебесін арттыру, оның қызметіне

қойылатын талаптарды күшейту мәселелері туралы қарастырылған. «Мұғалім мәртебесі – мемлекеттің мәртебесі» деп бекіткен бұл жаңалықты біздің ұжым зор қуанышпен қабылдады.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.С. Батырбекова Ж.С. мұғалімдерді 21 баптан тұратын заң жобасының мазмұнымен таныстырды. Сондай-ақ, жалақыны өсіру, еңбек демалысын 56 күнге ұзарту, педагогикалық шеберлік, тәлімгерлік үшін қосымша

ақы төлеу, баспана мәселесін шешу – осының бәріне мұғалімдер дән риза екендігін айтты. Атап айтсам, Камзина М, С. Самсалиева да өз пікірлерімен бөлісті.

Бұл заңда мұғалім құқы нақты көрсетілген. Осының бәрі заңның 14 бабында барлығы заң жүзінде реттеледі делінген.

«Мұғалім – білім берудегі ең маңызды адам. Ең озық педагогикалық оқу құралдары, үкімет қаулылары, өте қатал инспекторлық бақылау маңызы жағынан мұғалім дәрежесімен теңесе алмайды. Сондықтан мен үшін мұғалім әлемдегі барлық асыл заттардан қымбат», – деп Ы.Алтынсарин айтқандай, бәріміз баланы өмірге дайындау, білімге ынталандыру, өз бетінше ізденіске және шығармашылық іс-әрекеттерге баулу үшін қызмет жасайық! Әрдайым осындай ерекше сый-құрметке лайық болайық! Мемлекет болашақта мұғалімдерге мұнан да көп қолдау көрсетеді деп сенемін. Қабылданған заң педагогтар игілігіне қызмет жасайтынына сеніміміз мол.



Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Б. ЧИНИБЕКОВА,
Бауыржан Момышұлы атындағы
Алматы республикалық «Жас ұлан»
мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

**СӘБИТ МҰҚАНОВТЫҢ
“СҰЛУШАШ”
ПОЭМАСЫНДАҒЫ
АЛТАЙ МЕН СҰЛУШАШ
БЕЙНЕСІ**

<p>С а б а қ мақсаты:</p>	<p>Барлық оқушы орындай алады: Алтай мен Сұлушаш бейнесі арқылы поэманың тақырыбы мен идеясын ашады, топпен жұмыс істеуге дағдыланады.</p> <p>Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Кейіпкерлердің сыртқы және рухани бейнесін талдайды, пікірлерімен бөліседі.</p> <p>Кейбір оқушылар орындай алады: өлең шығарады, пікірлерін дәлелдейді.</p>
<p>Ж е т і с т і к критерийлері:</p>	<p>- Ақын оқырманға кейіпкерлерін таныту үшін суреттеу, сипаттау, баяндау тәсілдерін неліктен қолданатынын анықтайды;</p> <p>- Поэманың тақырыбы мен идеясын ашады;</p> <p>- Кіршіксіз адал, таза сезім</p>

	ғана баянды бақыттың негізі екенін түсінеді.
Т і л д і к құзыреттілік:	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: поэма, кейіпкер, кейіпкер бейнесі, кейіпкердің ішкі, сыртқы бейнесі, рухани портрет, бай,кедей, әлеуметтік теңсіздік, т.б.
	Диалог құруға, эссе жазуға арналған пайдалы тіркестер: тор қасқалы, қазмойын жылқылар, торсық шеке, ақ сазан ұл, қалжа берді, ай мен күндей нұрлы жүз, меруерт тіс, аққу мойын, құндыз бөрік, торғын тамақ, шашын маржандатып шеберге өргізу, бір өргеніне бір ат беру, ақ күмбез алты отаулы үй тігу, уәде беру, ұрын бару, атастыру, т.б.
	Талқылауға арналған сұрақтар: 1. Ақын поэманың тақырыбын неліктен «Сұлушаш» деп атаған, қандай идея айтады? 2. Қазіргі заманда адал махаббат бар ма? Не себепті ... деп ойлайсыздар? 1. Жігіт пен қыздың арасында ешқандай махаббат сезімі болмай отбасын құрса, оларды қандай қауіп-қатер күтіп тұрады деп ойлайсыңдар? 2. Әлде ештеңе болмай ма? Ишара: жымияу, қолдау, күлімдеу, арқадан қағу.

Құндылықтарды дарыту	Өзіне және қоршаған ортаға құрмет: - Адамзатқа сый ретінде берілген ұлы сезім – махаббат сезімін қастерлей де қорғай білуге баули отырып, ішкі рухани байлықты дәріптеу; -оқушы сыныптастарының пікірлерін сыйлайды; -пікірталасқа атсалысады.
	Жауапты азаматтық позиция: берілген тапсырмаларды нақты жазады, уақытында орындайды, алған білімін өмірмен байланыстырады.
	Академиялық шындық: қалыптастырушы бағалауда өз біліміне сүйенеді, өзара бағалауда шынайылық танытады.
	Ашықтық: топтық жұмысты орындау кезінде оқушылар өзара байланысқа түсу арқылы берілген тапсырмадағы мәселені шешуге атсалысады.
Пән аралық байланыс:	География, музыка, тарих.
Бастапқы білім:	Сәбит Мұқановтың өмірі мен шығармашылығын, «Сұлушаш» поэмасының мазмұнын біледі, кейіпкерлерге мінездеме бере алады.

Жоспарланған уақыт:	Жоспар бойынша орындалатын іс-әрекеттер	ресурстар
Сабақтың басы: 4 минут	-Амандасу, түгендеу. Психологиялық ахуалды қалыптастыру: Әдебиет сабағынан өткен тақырыптарды қайталау арқылы топтарға бөлемін. Қойылатын сұрақтар: 1. <i>Тұңғыш роман жазған жазушы кім? Басты кейіпкерлерін атаңыздар.</i> 2. <i>Тұңғыш пьеса жазған жазушы кім? Басты кейіпкерлерін атаңыздар.</i> 3. <i>Заманның ең мәнді, көкейкесті мәселелерін көтерген қай жазушының шығармасы? Басты кейіпкерлерін атаңыздар.</i> 4. <i>Көбінесе кедей таптың теңдігін жырлаған жазушы кім? Оның қандай поэмасында осы мәселе көрініс тапты? Басты кейіпкерлерін атаңыздар.</i> Сұрақтарға дұрыс жауап берген төрт бала тақтаға шығады. 1-топ : <i>Жамал-Ғали тобы;</i> 2-топ: <i>Еңлік-Кебек тобы;</i> 3 -топ: <i>Қамар-Ахмет тобы;</i>	Оқушылар топқа бөлініп, өз топбасшыларын сайлайды. Бағалау парағы арқылы топбасшылар өз топ мүшелерін бағалап отырады. Тенгерім деңгелегі арқылы топтар өзара бағалайды.

	4-топ: <i>Сұлушаиш-Алтай тобы.</i> Әр топқа бағалау парағын таратып беру. «Тенгерім деңгелегі» әдісімен бағалауды әр топқа таратып беру.	
Үй тапсырмасын сұрау: 4 мин.	«Ашық микрофон» әдісімен жүргізіледі. Үй тапсырмасы: 1. <i>Сәбит Мұқановтың өмірі, шығармашылығы.</i> 2. <i>Сәбит – жазушы.</i> 3. <i>Сәбит – ақын.</i> 4. <i>Сәбит – драматург.</i> «Құпия зат» әдісін қолданамын. Махаббаттың символы – аққу бейнесі арқылы оқушылар сабақтың тақырыбымен танысады, мақсатты өздері қояды.	
Мағынаны тану: (Білу) «Кубизм» әдісі бойынша әртүрлі деңгейдегі сұрақтар беріледі.	1. <i>Сұлушаиштың сыртқы келбетін ішкі жан дүниесімен байланыстыра суреттеңіздер.</i> 2. <i>Алтайдың рухани келбетін сыртқы бейнесі арқылы сипаттаңыздар.</i> 3. <i>Алтай мен Сұлушаиштың әлеуметтік – тұрмыстық жағдайын салыстырыңыздар.</i> 4. <i>Алтай мен Қайсардың адал достығын мысалдар келтіре отырып дәлелдеңдер.</i>	Топ мүшелері кезектесіп жауап береді. Поэманың мазмұнын басшылыққа ала отырып, берілген тапсырмаларды орындайды.

<p>Түсіну</p>	<p>– Жаңа сабаққа байланысты ресурстармен өз беттерінше жұмыс жасату.</p> <p>– Кітаппен, дәптермен жұмыс жасату.</p> <p>– Әр топқа берілген тапсырмалардың бірлесе атқарылуын бақылау.</p>	<p>Оқушылардың мақсаты:</p> <p>бірін-бірі тыңдау, өз ойлары мен пікірлерін айту. Бар білімдерін топпен бірлесе талқылап, ортаға топтан өздері оқушы шығарып, пікірлерін ортаға салу, бір-біріне түсіндіру, тақырыпты жинақтау.</p>
<p>Қолдану</p> <p>Талдау «Мәселемен саудаласу» әдісі</p>	<p>Талқылауға арналған сұрақтар:</p> <p>1. Ақын поэманың тақырыбын неліктен «Сұлушаи» деп атаған, қандай идея айтады?</p> <p>2. Қазіргі заманда адал махаббат бар ма? Не себепті ... деп ойлайсыздар?</p> <p>1. Жігіт пен қыздың арасында ешқандай махаббат сезімі болмай отбасын құрса, оларды қандай қауіп-қатер</p>	<p>Оқушылардың мұндағы мақсаты:</p> <p>Талқылауға арналған сұрақтарды өзара талқылап, өз ой-пікірлерін білдіру.</p> <p>Топпен жұмыс жасау.</p>

	<p>күтіп тұрады деп ойлайсыңдар?</p> <p>2. Әлде ештеңе болмай ма?</p> <p>Бір оқушы әрбір топ шығарған мәселені аукционға салып сатады, көп дауыспен сатылған мәселеге пікірталас ұйымдастырады.</p>	<p>Оқушылардың мақсаты:</p> <p>- Біздің топ бұл пікірді қолдайды.</p> <p>- Біздің топ бұл пікірді қолдамайды.</p>
<p>Жинақтау</p>	<p>«Бес жолды өлең» әдісі</p> <p>1. Зат есім.</p> <p>2. Сын есім.</p> <p>3. Етістік.</p> <p>4. Сезімді білдіретін тіркес.</p> <p>5. Зат есімнің синонимі.</p>	<p>Оқушылардың мақсаты:</p> <p>берілген тақырыпқа арнап өлең шығару.</p>
<p>Бағалау</p>	<p>Бағалау парағы.</p> <p>«Теңгерім дөңгелегі»</p>	<p>Бағалау парағы арқылы топбасшылар өз топ мүшелерін бағалайды.</p> <p>«Теңгерім дөңгелегі» арқылы топтар өзара бір-бірін бағалайды.</p>
<p>Рефлексия</p>	<p>Стикерлерді толтыру.</p> <p>Оқушылар бүгінгі сабаққа деген ойын стикерге жазып, тақтаға іледі (2 мин.)</p>	<p>Оқушылар кері байланыс арқылы өздерінің сабақтан алған әсерлерін, ұсынғыс, тілектерін жазады.</p>
<p>Үйге тапсырма</p>	<p>«Махаббат сезімнен басталып, парасаттылықпен аяқталады» тақырыбына эссе жазу.</p>	

А. Ж. ҚАЙРЛИЕВА,
Бірлік ауылы
М.Мирманов атындағы
жалпы орта білім беретін
мектептің қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Жаңақала ауданы

С.ТОРАЙҒЫРОВ “ШӘКІРТ ОЙЫ” “БІЛІМ – ЖАРЫҚ НҰР”

С а б а қ қ а негізделген оқу мақсаты	6.1.4.1. Көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту.
С а б а қ мақсаттары:	1.Өлең жолдарын мәнерлеп, дауыс ырғағын сақтап оқиды; 2.Өлеңнің мағынасын аша отырып, сазды ырғақпен жатқа айтады; 3. Барлық шумақтарды жатқа айтады.
О й л а у дағдыларының деңгейі	Түсіну және жауап беру. Білу, түсіну, қолдану.
Б а ғ а л а у критерийлері: (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)	Өлеңді мәнерлеп оқиды. Орта көлемді үзінділерді жатқа айтады.
Т і л д і к мақсаттар	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: <i>өлең, құрылысы туралы, бейнет, рақат, сарқылу, надандық теңізі.</i>

	Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: <i>Мұздаған елдің жүрегін, Жылытуға мен кіремін!</i>
	Талқылау сұрақтары: – <i>Ақын мақсаты қай жолдардан анық көрінеді?</i> – <i>Кешегі шәкірт пен бүгінгі шәкірт айырмашылықтары?</i>
Құндылықтарды дарыту	Білім, Мәңгілік ел құндылықтары.
П ә н а р а л ы қ байланыстар	Қазақ тілі
А л д ы ң ғ ы оқу/ Бастапқы білім	Сұлтанмахмұт шығармашылығы, өнер-білім туралы өлеңдерімен танысты.

Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Ж о с п а р л а н ғ а н жаттығулар	Ресурстар
Басталуы 5мин.	Ұйымдастыру кезеңі:- Амандасу. – Шаттық шеңберге жинап, жақсы тілек тілеу. – Бір-біріне ұсынған жүректердің түсі арқылы топқа бөліну. «Болжау әдісі» Мектеп, ұстаз, сабақ, шәкірт туралы суреттер көрсетіледі. – <i>Осы суреттер арқылы сіздерге қандай ой</i>	Жүрек Суреті Тақырыпты ашатын суреттер

	<p>келіп отыр, не айтасыздар? – А л д ы ң ғ ы сабақта қандай өлеңмен таныстық? – Өлеңнің тақырыбы мен идеясы туралы не айтасыздар? – Адам болып шығу дегенді қалай түсінесіздер? – Н а д а н д ы қ т а н қалай құтылуға болады? – Б ү г і н г і сабағымыздың тақырыбы мен мақсаты.....</p>	
<p>Ортасы 27 мин.</p>	<p>Аудиомәтін тыңдату. – Құлақпен тыңдап, көзбен көріп, іштей қайталай отырып жаттаймыз. 1-тапсырма (топтық) Өлеңді мәнерлеп оқиды. Берілген шумақтардағы негізгі ойды анықтау. Өлең құрылысына талдау. Түсініксіз сөздерді теріп жазу, мағынасын анықтау. («Сөздік гол» әдісі) Қа – раң – ғы қа – зақ// кө-гі-не, // а 8.</p>	<p>Өлеңнің аудиожазбасы</p> <p>кестелер</p>

	<p>Өр – ме-леп шы-ғып// күн бо – лам.// б 8. Қа – раң – ғы –лық-тың // ке-гі – не, // а 8 Күн бол-ма-ған –да // кім бо-лам ? // б 8 Мұз – да-ған ел- дің // жү-ре-гін // в 8 Жы – лы –ту –ға // мен кі – рер-мін!// в 8</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>Түсініксіз сөз</th> <th>Мағынасы</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Қараңғы қазақ</td> <td>Сауатсыз, білімсіз</td> </tr> <tr> <td>Күн болу</td> <td>Халқына пайда</td> </tr> <tr> <td>Көк</td> <td>тигізер іс істеу</td> </tr> <tr> <td>Мұздаған ел</td> <td>Аспан</td> </tr> <tr> <td></td> <td>Білімнен кенде қалған ел</td> </tr> </tbody> </table> <p>6 тармақ, 2 бунақ, 8 буынды, шалыс ұйқас. Дескриптор: – Мәнерлеп оқиды. – Өлеңдегі негізгі ойды анықтайды. – Өлең құрылысына талдайды. – Түсініксіз, ауыспалы мағынадағы сөздерді табады. – М а ғ ы н а л а р ы н галамтордан немесе мұғалімнің көмегі арқылы табады. ҚБ: «Бағалау кестесі»</p>	Түсініксіз сөз	Мағынасы	Қараңғы қазақ	Сауатсыз, білімсіз	Күн болу	Халқына пайда	Көк	тигізер іс істеу	Мұздаған ел	Аспан		Білімнен кенде қалған ел	
Түсініксіз сөз	Мағынасы													
Қараңғы қазақ	Сауатсыз, білімсіз													
Күн болу	Халқына пайда													
Көк	тигізер іс істеу													
Мұздаған ел	Аспан													
	Білімнен кенде қалған ел													

	<p>2-тапсырма. Өлең мәтінін жатқа айту («Тізбектелген оқу» әдісі)</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Өлеңді жатқа, ұмытпай айту. – Дауыс ырғағын келтіре мәнерлеп айту. <p>ҚБ: «Мадақтау сөздер»</p> <p>Жекелеген оқушыларға арналған тапсырмалар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Бес жолды өлең» Ұстаз, шәкірт. 2. Бүгінгі тақырыпқа қатысты қандай мақал-мәтелдер айтар едің? 3. Бүгінгі сабақтың тақырыбын суретпен бейнелеп бер. <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Сын есім, етістік, синонимдерді табады, сөйлем құрастырады. – Тақырыпқа қатысты мақал – мәтелдер табады. – Тақырыпқа қатысты сурет салады. <p>3-тапсырма «Ойталқы» әдісі</p> <ul style="list-style-type: none"> – Кешегі шәкірт қандай болды? – Бүгінгі шәкірт қандай? 	
--	--	--

	<ul style="list-style-type: none"> – <i>Ертеңгі шәкірт қандай болмақ?</i> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Өз ойын толық жеткізеді. – Сұраққа нақты жауап береді. <p>ҚБ: «1 сөйлем»</p> <p>Үйге тапсырма: Өлеңді мәнерлеп жатқа айту, «Білім – жарық нұр» тақырыбында эссе жазу.</p>	
<p>Аяқталуы 8 мин.</p>	<p>«Біле бер, қаниша білсең, тағы тіле, Жетерсің мұратыңа біле-біле!»</p> <p>Жүсіп Баласағұнның сөзін әрқашан есімізден шығармай, білімге ғана құмар болып, күн нұрындай айналамызға шуақ шашып жүрейік!</p> <p>«Әрбір адам күн сияқты, тек оған жарқырауға мүмкіндік беру керек» – дейді екен Соқрат.</p> <p>Кері байланыс «3 «Қ»» әдісі.</p>	


М. К. ЖҮЗТАЕВА,
Бауыржан Момышұлы атындағы
Алматы республикалық
«Жас ұлан» мектебі.


АЛАТАУ БАУРАЙЫНДА

Сабақта жүзеге асырылатын мақсаттар (Оқу бағдарламасына сілтеме)	10.1.3.1 – Көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау
Сабақ мақсаты	– «Алатау баурайында» бөліміндегі Қаныш Сәтбаевтың әр түрлі қырын ашу; – Осы бөлімдегі кейіпкерлерге мінездеме беру.
Бағалау критерийі	– Мәтін үзіндісін оқып, мазмұнын түсіну; – Қаныш Сәтбаевтың мінезін танытатын бөлікті табу; – Бөлімдегі кейіпкерлерге мінездеме беру.
Тілдік мақсаттар	Сөздер мен сөз тіркестер: білім, ел бірлігі, ғылым, кен.
	Пән лексикасы және терминология: образ, кейіпкерлер жүйесі.
	Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер: менің ойымша....., мен оны былай түсіндіремін....., себебі....., оған мынандай

	<i>дәлел келтіре аламын....., мәселенің шешеу жолдарын ұсынар болсам....., қорыта келе,.....</i>
Құндылықтар	Ізгілік, адамгершілік
Пәнаралық байланыс	Қазақ тілі, география
Алдыңғы білім	М.Сәрсекке «Қаныш Сәтбаев» роман-эссе.
Сабақ барысы	


Жоспарланған сабақ кезеңдері	Жоспарланған жұмыс түрлері	Ресурстар																																																	
Сабақтың басы	-Амандасу, түгендеу	Үлестірмелі қағаздар, асықтар																																																	
Үй тапсырмасын сұрау 4 мин.	Нақыл сөз: «Өз елінің қара тасын мақтан ете алмаған, өзге жердің алтынын да мақтан жарытпақ емес» Қ.Сәтбаев. Тест жұмысы «Құпия таңбалар» әдісі. 1*2~1*4^1*5^																																																		
	<table border="1" style="width: 100%; text-align: center;"> <tr> <td>1</td><td>2</td><td>3</td><td>4</td><td>5</td><td>6</td><td>7</td> </tr> <tr> <td>* Аа</td><td>Оо</td><td>Бб</td><td>Ии</td><td>Ғғ</td><td>Ғғ</td><td>Дд</td> </tr> <tr> <td># Ее</td><td>Ее</td><td>Жж</td><td>Ээ</td><td>Ии</td><td>Ии</td><td>Кк</td> </tr> <tr> <td>- Кк</td><td>Лл</td><td>Мм</td><td>Нн</td><td>Нн</td><td>Оо</td><td>Оо</td> </tr> <tr> <td>^ Пп</td><td>Рр</td><td>Сс</td><td>Тт</td><td>Уу</td><td>Уу</td><td>Үү</td> </tr> <tr> <td>> Фф</td><td>Хх</td><td>ь</td><td>Цц</td><td>Чч</td><td>Шш</td><td>Щщ</td> </tr> <tr> <td>< ы</td><td>Ыы</td><td>Іі</td><td>ь</td><td>Ээ</td><td>Юю</td><td>Яя</td> </tr> </table>	1	2	3	4	5	6	7	* Аа	Оо	Бб	Ии	Ғғ	Ғғ	Дд	# Ее	Ее	Жж	Ээ	Ии	Ии	Кк	- Кк	Лл	Мм	Нн	Нн	Оо	Оо	^ Пп	Рр	Сс	Тт	Уу	Уу	Үү	> Фф	Хх	ь	Цц	Чч	Шш	Щщ	< ы	Ыы	Іі	ь	Ээ	Юю	Яя	
1	2	3	4	5	6	7																																													
* Аа	Оо	Бб	Ии	Ғғ	Ғғ	Дд																																													
# Ее	Ее	Жж	Ээ	Ии	Ии	Кк																																													
- Кк	Лл	Мм	Нн	Нн	Оо	Оо																																													
^ Пп	Рр	Сс	Тт	Уу	Уу	Үү																																													
> Фф	Хх	ь	Цц	Чч	Шш	Щщ																																													
< ы	Ыы	Іі	ь	Ээ	Юю	Яя																																													

	Бағалау: Өзін-өзі тексеру Мұғалім дұрыс жауапты көрсетеді.	
Сабақ- т ы н ортасы 29 мин.	<p>Тақырыпты ашу Тест жауабы арқылы «Криптограмма» және «Галерея» әдісін пайдалана отырып тақырыпты анықтайды.</p>  <p>Сабақ мақсаты, критерийлері таныстырылады.</p> <p>Топқа бөлу «Түрлі-түсті асықтар» әдісі 1-топ: Шік; 2-топ: Тәйке; 3-топ: Алшы; 4-топ: Бүк.</p> <p>1-тапсырма Мәтінмен жұмыс. «Фишбоун» әдісі. Әр топқа М.Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесі «Алатау баурайында» бөлімінен мәтін үзінділері беріледі. Үзіндідегі Қаныш Сәтбаевтың бейнесін, мінезін анықтау қажет.</p> <p>Дискрипторлар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Шығарма үзінділерімен жұмыс жасайды. • Қаныш даралығын айқындайтын үзінді табады • Үзіндіден мысал келтіреді <p>Бағалау: «Асықтармен бағалау»</p>	

	<p>2-тапсырма «Паспорт» әдісі «Алатау баурайында» бөлімінен алынған мәтін үзіндісінде кездесетін кейіпкерлерге мінездеме береді. Әр топқа әр түрлі кейіпкер берілген. Тапсырманы орындау барысында әуен қосылады.</p> <p>Дискрипторлар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мәтін кейіпкерлерін тану тапсырмаларымен жұмыс жасайды. • Шығармадағы рөлін анықтайды. • Қанышпен кейіпкер арасын не байланыстырады. <p>Бағалау: «Асықтар» әдісі.</p>	«Алатау бау- райы- нда» бөлімі 352- 370 бет Үлес- тірмелі қағаз- дар
Са- бақ- тың соңы 7 мин.	<p>РЕФЛЕКСИЯ ШКІРЛЕР ҚОРЖЫНЫ</p>  <p>Сабақ соңында оқушылар есімін жазбай өз ойларын жазып қоржынға салады. Мұғалім өзі бір қағазды алып, дауыстап оқып, оқушылармен талқылайды.</p>	
	<p>Үй тапсырмасы Қаныш Сәтбаев: «Туған жердің тағдыры толғантпаған, жаны тебіреніп, ол туралы ойланбаған жігітті қайтіп азамат дейміз? Туған жердің қара тасын мақтан ете білмеген азамат бөгде жердің алтын тасын да мақтап жарытпас». Ұлы тұлғаның бұл пікіріне қатысты өз ойыңызды білдіріңіз.</p>	

			<p>таптарынан қандай айырмашылығы бар? Сендер еліктеу сөздерге дейін сөз таптарының 6 түрімен таныстыңдар, еліктеу сөздердің олардан ерекшелігі бар ма?</p> <p>Оқушы жауаптарының болған соң, интербелсенді тақтадан Венн диаграммасымен салыстыру.</p> <p>Еліктеу сөздер Ұқсастығы Басқа сөз таптары</p>																																																									
5.	Қолдану	10 мин.	<p>IV. Мағынаны тану.</p> <p>1-тапсырма. (3 минут)</p> <p>Зерттеушілік әңгіме (1,2,3,5,6,7-модульдер) Оқулықтағы жаттығумен жұмыс.</p> <p>2-тапсырма. (3 минут)</p> <p>(1,2,3,5-модульдер) Семантикалық картаны ұсынады.</p> <p>3-тапсырма. (3 минут)</p> <p>(1,2,3,5-модульдер) Бағандағы еліктеуіш сөздермен етістікті жұптастырып, сөйлем құрауды ұсынады.</p>	<p>1-тапсырма. (3 минут) Мәтіннен еліктеу сөздерді тауып, түрлеріне қарай ажыратып жазады.</p> <p>1-топ Мақал-мәтел 310-жаттығу</p> <p>2-топ Жұмбақ 311-жаттығу</p> <p>2-тапсырма. (3 минут) Оқушылар өздеріне берілген берілген семантикалық картаны толтырады.</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>мысал</th> <th>дара</th> <th>күрделі</th> <th>негізгі</th> <th>Тұнды</th> <th>Еліктеуіш</th> <th>Бейнелеуіш</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Елпең</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Жарқ-жұрқ</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Домалаң</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Ду-ду</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Тық</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Сықыр</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Қай-қаң</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	мысал	дара	күрделі	негізгі	Тұнды	Еліктеуіш	Бейнелеуіш	Елпең							Жарқ-жұрқ							Домалаң							Ду-ду							Тық							Сықыр							Қай-қаң						
мысал	дара	күрделі	негізгі	Тұнды	Еліктеуіш	Бейнелеуіш																																																						
Елпең																																																												
Жарқ-жұрқ																																																												
Домалаң																																																												
Ду-ду																																																												
Тық																																																												
Сықыр																																																												
Қай-қаң																																																												

				<p>3-тапсырма. (5 минут) Бағандағы еліктеуіш сөздермен етістікті жұптастырып, сөйлем құрайды.</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>Сылқ</th> <th>Сөйледі</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Сақ-сақ</td> <td>Тамшылады</td> </tr> <tr> <td>Күбір-күбір</td> <td>Күй төкті</td> </tr> <tr> <td>Күмбір-күмбір</td> <td>Құлады</td> </tr> <tr> <td>Тырс-тырс</td> <td>Күлді</td> </tr> </tbody> </table>	Сылқ	Сөйледі	Сақ-сақ	Тамшылады	Күбір-күбір	Күй төкті	Күмбір-күмбір	Құлады	Тырс-тырс	Күлді
Сылқ	Сөйледі													
Сақ-сақ	Тамшылады													
Күбір-күбір	Күй төкті													
Күмбір-күмбір	Құлады													
Тырс-тырс	Күлді													
6.	Талап	5 мин.	<p>V. Тест жұмысы.</p> <p>Еліктеу сөз тақырыбына алған білімдерін тексеруді.</p> <p>1-топ. Мақал-мәтел</p> <p>1.Еліктеу сөзді тап:</p> <p>А). ағарады; В). гүр-гүр; С). бүлдіреді; Д). илекте.</p> <p>2.Бейнелеуіш сөзді тап:</p> <p>А). тарс; В). жалт-жұлт; С). сыңғыр; Д). арс-арс.</p> <p>3.Негізгі еліктеу сөзді тап:</p> <p>А). шұбартас; В). қыңқ; С). елтең; Д). күркіре.</p> <p>4.Туынды еліктеу сөз жасайтын жұрнақты тап:</p> <p>А). -ша,-ше,-қы,-кі; В). -аң,-ең,-ың,-ің; С). - ыс,-іс,-ым,-ім; Д).-а,-е,-ар,-ер.</p> <p>5.Күрделі еліктеу сөз қатысқан сөйлемді тап</p> <p>А). ...сауға,-деді саңқ етіп. В). даусы қатты шықты. С). шаңы бұрқ етті. Д). мылтық дауысы тарс-тұрс естілді.</p> <p>2-топ. Жұмбақ</p> <p>1.Көмекиі етістікпен тіркескен еліктеу сөзді тап:</p> <p>А). Ол сақылдап күлді. В). Сөйт күтпеген сөзге селк етті. С). Су сылдыр-сылдыр ақты. Д). Аулада жыбырлаған жан жоқ.</p>											

			<p>2. Аң қимылын бейнелейтін бейнелеуімі тап. <i>А). тырс;</i> <i>В). жалт;</i> <i>С). маймаң-маймаң;</i> <i>Д). тарс.</i></p> <p>3. Қажетті еліктеу сөзді тауып қой. Қарға.... етті. <i>А). бұрқ;</i> <i>В). сарқ;</i> <i>С). қарқ;</i> <i>Д). сарт.</i></p> <p>4. Бейнелеуімі белгіле <i>А). күні-түні, әрі-бері;</i> <i>В). үлкенді-кішілі;</i> <i>С). тыпың-тыпың, жыбыр-жыбыр;</i> <i>Д.) әкелі-балалы, балалы-шағалы.</i></p> <p>5. Еліктеу сөзді тіркесті тап: <i>А). сұлқ-сұлқ күлді;</i> <i>В). емін-еркін отырды;</i> <i>С). мыңға жуық;</i> <i>Д). әттең, естімедім-ау.</i></p>
7.	Ж и н и а н. қ т а у	5	<p>VI. Ой қорыту. (2,5,7-модульдер) «Алты қалпақ» әдісімен сабақты әр қырынан салыстырып, зерттеп, талдап қорытынды жасауды ұсынады.</p> 
8.	Б а и г а л а у	1	<p>VII. Бағалау. (3-модуль) «5»-13-15 балл «4»- 10-12 балл «3»- 7-9 балл «2»-0-6 балл</p> <p>Әр топты алдын ала таратылып берілген критериялды бағалау бойынша топ басшысы бағалайды.</p>

9.	Р е ф л е к с и я	5	<p>VII. Рефлексия. «Шатасқан логикалық тізбек» әдісін оқушыларға ұсынамын. Оқушыларға екі түрлі конверт ұсынамын. Конверт ішінде сөздер шашыраңқы берілген, сол сөздерді құрастырып бір сөйлем шығару керек.</p>	<p>Әр топтан топ басшысы шығып, екі түрлі конвертті таңдап алады да тобымен ортақтаса отырып, тапсырманы орындайды. 1-топ</p>
		2	<p>«Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы бағалауды ұсынады. (1,2,3-модульдер)</p>	<p>2-топ</p> <p>Әр топ бір-бірін бүгінгі сабақта қалай жұмыс жасағандары жөнінде «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы бағалайды.</p>
10.	Ү й г е т а п с ы р м а	1	<p>Үй тапсырмасын береді.</p>	<p>312-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті еліктеу сөздерді қойып, көшіріп жазыңдар. 3 1 3 - ж а т т ы г у . Жұмбақтағы еліктеуіш сөздерді тауып, жаттап келіңдер</p>

С.Т. ДҮЙСЕНБЕКОВА,
 №21ЖОББМ,
 қазақ тілі мен әдебиеті
 пәндерінің мұғалімі.
 Павлодар қаласы

МЕН ІНІМДІ ЖАҚСЫ КӨРЕМІН


Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	<p>2.1.1.1 ауызша тіл және тыңдау-көру материалын тыңдау және қарапайым сөйлемдерді түсініп қайталау.</p> <p>2.1.3.1 тыңдаған мәтінге мұғалімнің көмегімен иллюстрация таңдау және қарапайым сұрақтарға жауап беру.</p> <p>2.5.1.2 сөйлеу барысында көптік, тәуелдік, жіктік, септік жалғауларын қолдану.</p>
С а б а қ т ы ң мақсаты	Барлық оқушылар: Қарапайым сөйлемдерді түсініп, қайталайды.
	Оқушылардың басым бөлігі: Иллюстрация, сызбалар таңдайды және қарапайым сұрақтарға жауап береді.
	Кейбір оқушылар: сөйлеу барысында көптік, тәуелдік, жіктік, септік жалғауларын қолданады.
Б а ғ а л а у критерийі	Қазақ тілінде кіші інісін қысқаша таныстырып, әңгімелейді. Өз отбасы мүшелеріне қатысты сұрақтарға жауап береді, сипаттайды. Өз отбасы мүшелеріне қатысты сұрақтарға жауап береді, сипаттайды, ерекше қасиеттерін атайды.

Т і л д і к мақсаттар	Таныс атауларды, сөздерді оқып, түсіну; Тақырып бойынша сұрақтар қою, сұрақтарға жауап беру;
Құндылықтарға баулу	Оқушыларды отбасын қадірлеуге, сыйластыққа тәрбиелеу.
П ә н а р а л ы қ байланыс	Дүниетану пәні, өзін-өзі тану.
Алдыңғы білім	Бұл менің отбасым.
Сабақ барысы	

С а б а қ т ы ң жоспарланған кезеңдері	С а б а қ т а ғы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
<p>С а б а қ т ы ң басы</p> <p>(1-2 мин.)</p>	<p>(Ұ.) Психологиялық ахуал: Мақсаты: Жағымды көңіл-күй орнату. Сабақты оқимыз, көңілге тоқимыз. Қазақ тілін үйреніп, қазақша сөйлейміз. Сөздер үйренеміз, мәнін түсінеміз. Келешекте әлі біз биікке жетеміз...</p>	<p>/оқушылар хормен әндетіп аятады / Аудиожазба</p>
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>(30 мин.)</p>	<p>(МК, Ұ) Ой қозғау 1. Артық сөзді анықтап, себебін түсіндір: <i>Ақылды, іні, мейірімді, көңілді.</i></p> <p>1. «Ойландыру» стратегиясы (Сөздерді дұрыс орналыстырып, сөйлем құра.)</p>	

<p>Көремін, мен, жақсы, інімді. Сабақтың тақырыбы: Мен інімді жақсы көремін. Мағынаны таныту: Суреттерге оқушылардың назарын аудартады: Бұл суреттерден не байқадыңдар? Дұрыс, отбасы мүшелерінің арасындағы сүйіспеншілік, сыйластық. Тыңдалым. Оқылым. 1.Сөздікпен жұмыс. А). тақтадан тақырыпқа қатысты жаңа сөздермен таныстырады, аудармасын айтады. оқиды, оқушыларға қайталатады. Айтылым. Оқылым: 2. «Суреттерді сөйлет» әдісі. Суреттің астындағы жасырынған сөйлемдерді анықтап, оқиды. Мен інімді жақсы көремін. Мен ағамды жақсы көремін. Мен әжемді жақсы көремін. Мен анамды жақсы көремін. 2. Мәтінмен жұмыс. Тыңдалым. Оқылым. Менің атым - Асқар. Менің отбасым үлкен. Менің әкем, анам, ағам, әпкем, қарындасым, інім бар. Ағам шахмат ойнайды. Әпкем әткеншек тебеді. Қарындасым велосипед тебеді. Інім доп ойнайды. Мен отбасымды жақсы көремін. Жазылым: Көп нүктенің орнына тиісті сөзді таңда. Кімді? Сұрағының жасауын толықтыр: (қарындас, әкесі, іні, анаң, аға)</p>	
--	--

	<p>Кімді? мді мды ымды Көп нүктенің орнына мәтінге сәйкес тиісті сөзді таңдап толықтыр: Ағам ойнайды. Қарындасым велосипед Әпкем тебеді. доп ойнайды. (інім, шахмат, тебеді, әткеншек) (Ұ) Сергіту сәті Бір үйде біз нешеуіміз? Кел санайық екеуіміз. Бас бармағым - атам, Балан үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуіміз? Біз үйде – бесеуіміз. (Ж) Ой толғаныс: Сен кімді жақсы көресің? Сұрағы арқылы жұптасып сұхбат құрады.</p>	
<p>Сабақтың соңы (5мин.) К е р і байланыс</p>	<p>Бекіту: Мәтінді мұқият тыңда. Сұрақтарға жауап бер. Менің інім бар. Аты – Қанат. Ол кішкентай. Інім сурет салады. Мен ініме кітап оқимын. Біз бірге ойнаймыз. Мен інімді өте жақсы көремін. 1. Мәтін кім туралы? А). Аға туралы. В). Әпке туралы. С). Іні туралы. Д). Әже туралы.</p>	

	<p>2. Інісі не істейді? А). Велосипед тебеді. В). Сурет салады. С). Кітап оқиды. Д). Суда жүзеді.</p> <p>3. Мәтінге қай сурет сәйкес келеді?</p>  <p>Дескриптор: Білім алушы - мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді; - мәтінге сәйкес келетін суретті анықтайды.</p>	
К е р і байланыс	“Баспалдақ” әдісі арқылы өз-өзін бағалайды.	Баспалдақ: бағалау парағы Слайд №7

<p>Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</p>	<p>Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</p>
<p><i>Деңгейлік тапсырмалар, Қалыптастырушы бағалау арқылы</i></p>	<p><i>Оқушылардың тақырыпқа қатысты сөздерді дұрыс қолдана алуын бағалаймын.</i></p>	<p><i>Сергіту сәттері мен белсенді іс-әрекет түрлері</i></p>

<p><i>Сабақ бойынша рефлексия</i></p> <p><i>Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма?</i></p> <p><i>Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме?</i></p> <p><i>Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?</i></p> <p><i>Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба?</i></p> <p><i>Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?</i></p>	
<p>Жалпы бағалау</p> <p>Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/ қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?</p>	

Бас редакторы – Гүлдәрі ТӨЛЕУҒАЗЫҚЫЗЫ.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.04. 2020 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

И.Каримов көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және
бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №4, 2020 ж., 144 бет, Алматы.